Енді мына сөйлеммен салыстырып көрейік: *Қалың ағаштың арасын сирек қондырылған сықсима шамдардың сұйқылт жарығында тәлтіректеп келе жатқан мас кісідей қисалаңдаған рабайсыз көлеңке әлгі абажса қақпаның алдына келгенде, бойын тіктеп ала қояр-ды* (Ә.Кекілбаев). Алайда мұндағы «*қақпа*» сөзі «үй», «дүкен», «бөлме» тәрізді сөздерге қарағанда мекендік жағынан абстрактілі: *қақпаның (жаны, қасы, алды т.б.)*. Оның мекендік мәнін нақтылайтын — осындай көмекші сөздер. Сонысына қарай сөйлемдегі «*қақпаның*» сөзі анықтауыштық тұлғасына қарамастан, синтетикалық тәсіл арқылы байланысқан күрделі пысықтауыш болады. Ал егер «алдына» сөзін түсіріп, «*қақпаға келгенде*» тіркесі түрінде қарайтын болсақ, бағыныңқы сөз синкреттенеді.

Сол сияқты, *Тас тротуарға шырт еткізіп бір түкіріп, алысырақтағы автобус аялдамасына қарай жүгіре жөнелер-ді* (Ә.Кекілбаев) деген сөйлемде де «тротуарға бір түкіріп» тіркесі ЖӘС пен ҚС бойынша, «тротуардың үстіне бір түкіріп» түрінде келеді де, синкретті сөз таза пысықтауыштық сипатқа өтеді.

Ал *Москваға жиналысқа кетті* (Ә.Кекілбаев) деген сөйлемдегі синкреттіліктің толымсыздыққа еш қатысы жоқ. Себебі мұндағы толымсыздық бастауыштың түсірілуінен ғана байқалады.

Анықтауыш тұлғалы басыңқы сыңардың кей жағдайларда толықтауыштық тұлғаға жатыс септік жалғауымен де өтетіні бар.

Бұрын плащында тасыр салып билеп жүрген ерке тамшылар енді әлденеден естері кете қорқып, көп түтекке ырышып түсіп, безіп бара жатқандай (Ә.Кекілбаев). Қабылданған немесе жоспардағы әдепкі сөйлем тұрғысынан қарағанда, тіркес «плащында билеп жүрген» емес, «плащының үстінде билеп жүрген» түрінде болады. Сөйтіп толымдыға айналған тіркестегі бағыныңқы сыңар пысықтауыш ретінде танылады.

Алайда «Ауылда тұрамын», «Қалада тұрамын» дегендердегі «ауыл», «қала» сөздерінің мекендік мәні конкретті болатындықтан, оларға көмекші сөздері бей-берекет тіркестіре беруге келмейді. Яғни мұндай сөйлемдерге құрылысы жағынан анықтауыш қажет емес. Болған күнде де, ол — сапалық жағынан ғана анықтайды. Ал жоғарыдағы «плащында» сөзіне мұндай анықтаушы көмекші сөз қажет. Себебі онда нақты мекен (*етегі, арқасы т.б.*) белгісіз болып тұрады.

Мұны сөйлем мүшелерінің синкреттілігін арнайы зерттеген Т.Жүкеев те қуаттайды. Мәселен, зерттеуші *Ерік етігін шешіп тастап, пеш түбіндегі (неде? — қайда?) орындықта арқасын қыздырып маужырап отыр* (О.Бөкеев) деген сөйлемді талдай келе, ондағы менгеріле байланысқан екінші тіркестің бағыныңқы сыңарының синкреттенуі жайлы былайша түсіндіреді: «...жатыс септігінде тұрған *орындық* зат есімінде заттық мағынамен қатар, көлемдік мағына да жарыса көрініс тауып тұр. Бұл мысалда көлемдік (мекендік) мағынаның жарыса көрініс беруі үш факторға байланысты: біріншіден, *орындық* сөзінің мағынасына байланысты. Орындық — кісі отыруға арналған үй жиһазының бір түрі. Бұл зат есімнің жаралуында мекендік мағына табиғи бекіген. Екіншіден, *орындық* сөзінен кейін жатыс септікті *үсті* деген көмекші есімнің түсіп қалуы байқалады. Көмекші есімді қалпына келтіріп айтсақ,... жоғарыдағы ерекшеленген мүше тек мекен пысықтауыш болады. Осы аналитикалық сөз формасының (*орындықтың үстінде*) құрамындағы *үсті* көмекші есімінің ықшамдалуының арқасында бұрынғы пысықтауыш мүше толықтауышпен синкреттенген.

Себебі көмекші есімдер кеңістік мағынаны білдіріп, өзі тіркескен сөзді көбінесе пысықтауыш етеді. Көмекші есім ықшамдалған жағдайда оның құрамындағы септік жалғауы алдыңғы есім сөзге ауысады да, оның (көмекші есімнің алдындағы сөз) мекендік мағынасы әлсірейді. Нәтижесінде толықтауыштық мағына мен пысықтауыштық мағына синкреттенеді. Сондай-ақ *Ол төсекте отыр. Ол төсектен тұрды* деген сөйлемдердегі *төсекте, төсектен* деген синкретті мүшелер *төсектің үстінде, төсектің үстінен* деген сөз формаларының ықшамдалуы арқылы пайда болғандығын байқаймыз. Үшіншіден, меңгеруші *отыр* етістігі — мағынасы жағынан статикалық етістік. Етістіктің бұл мағынасы да мекендік мағынаны күшейте түседі» [2]. Алайда меңгеруші етістіктің статикалылығы бағыныңқы сөздің мекендік мәнін күшейтетіндігі түбегейлі тұжырым болмаса керек. Мысалы, *атта отыр* тіркесіндегі бағыныңқы сөзге еш уақытта да *қайда?* деп сұрақ қоя алмаймыз. Сондықтан бұл тұста адресанттың контекст пен жағдаят ыңғайына қарай кодталған хабарындағы интенцияны адресаттың «жазбай тану» қажеттігі негізгі деп саналуға тиіс, яғни ол үшін коммуникативтік актіге түсушілердің (қаламгер мен оқырман) өзара бақылаушылық қызметі маңызды болмақ.

Сонымен, толықтауыш пен пысықтауыш мүшелерінің синкреттенуіне кей жағдайда сөйлемнің толымсыздығы себеп болып жатады. Байқағанымыздай, бұл екі сөйлем мүшесінің ара-жігін ажыратуда меншіктік анықтауыш тұлғасының қызметі ерекше. Синкретті сөзге мұндай ілік жалғауын үстейтін сөздер — көмекші есімдер. Сөйлемдердің осындай синтаксистік құрылысын ықшамдағанда, адресант ығысқан көмекші есімдердің толықтауыш тұлғасындағы барыс, шығыс, жатыс жалғауларын анықтауыш тұлғасындағы сөзге қосатын болған. Қазіргі грамматикалық талдауларда мұндай синкретті мүшелер сөйлемдегі хабарды мұқият танып, сұрақты дұрыс қоя білумен толықтауыш және пысықтауыш болып ажыратылып жүр. Түптен келгенде, сөйлемдегі хабарды мұқият тану деген — адресант интенциясын дұрыс тану. Сонда ғана адресат хабарды толымды етіп қабылдайды да, синкретті мүшені толықтауыш не пысықтауыш деп ажырата алушылық мүмкіндігіне ие болады. Мұнан кез келген сөйлемді таза лингвистикалық емес, сонымен бірге психологиялық тұрғыдан да қарау қажет екендігі келіп шығады. «Сөйлеу, сөйлеу процестерін, сөйлегенді қабылдау, түсіну жағдайларын психологияның қатынасынсыз шешу мүмкін емес. Сөз мағынасындағы алуан түрлі құбылыстар, сөздердің келтірінді мағыналарында қолданылуы т.б. психологияның ассоциация заңына негізделеді» [3].

Енді көмектес септікті толықтауыш пен пысықтауыш синкреттенуіне тоқталып көрейік.

Қолда бар тілдік материалдарды психолингвистикалық тұрғыда талдау арқылы синкреттіліктің бұл түріне де сөйлем толымсыздығының әсер етпей қоймағандығы анықталды. Алайда бұл тұста мәселе тек көмекші сөздердің түсірілуінде емес. Онда да көмекші сөз болатын — атау тұлғалы сөздермен байланысатын *арқылы* септеулік шылауы.

«Арқылы септеулігі зат есім, қимыл атауымен тіркесіп, істің, қимылдың амалын, не арқылы іске асқанын білдіреді» [4].

Осы секілді пікір М.Серғалиевте де бар: «Тілімізде бұл шылаудың соншалықты мол ұшырасатынына сай синоним болу сәттері де жиі кездеседі. Бұған синоним болушы конструкциялар объектінің ішіндегі құралдық мағынада жұмсалады....Көмектес септігінің жалғауы да арқылы-ның қызметінде жүре алады» [5].

Арғы жағаға көпірмен өтесіңдер сөйлеміндегі «көпірмен өтесіңдер» деген меңгерудің бағыныңқы сөзіне *немен? және қалай?* деп те сұрақ қоюға болады. Бұл — синкреттіліктің белгісі. Өйткені сөйлем толымсыз. Ығысқан сөз — *арқылы* септеулік шылауы. Сөйлемге ондағы хабардың декодталуы тұрғысынан ой жүгіртсек, ығысқан *арқылы* шылауы оп-оңай-ақ табылады. Демек, тіркестегі объектілік қатынастың ішінде құралдық мағына айқын аңғарылып тұр. Мұндай құралдық мағынада жұмсалатын сөздер көбіне-көп басыңқы сыңардағы етістікте баяндалатын әрекеттің орындалу тәсілін көрсете алу қабілетіне қарай актуалданады да, әдіс-тәсілді білдіретін сөз маңызсызданып, сөйлем құрылысынан ығысады. Мұнан да гөрі көз жеткізе түсу үшін хабардың декодталуына назар аударайық: (тіркес түрінде) *көпір арқылы өтесіңдер*. Басыңқы сөздің пысықтауышқа айналғандығы дау туғызбас деп ойлаймыз. Яғни сөйлемді толықтыру барысында аралық мүшені бір жақты еттік. Дәл осындай құбылысқа *телефонмен сөйлесті, хатпен* деген тіркестер де мысал бола алады. Бұл арада аталған септеуліктің көмектес тұлғалы меңгерудің барлығына бірдей қатысты емес екендігін айту керек. Айталық, *бормен жазды* тіркесіндегі бағыныңқыға *арқылы* септеулігінің еш қатысы жоқ. Себебі бордың өзімен жазуға болады, ал көпірдің өзімен өтуге келмейді, көпір арқылы өтуге болады, сондай-ақ телефонның өзімен сөйлесуге келмейді, бірақ телефон арқылы

сөйлесуге болады. Сонда, мұндай жағдайда *арқылы* септеулігімен жасалған аналитикалық сөз формасының қандай да бір әрекеттің орындалу тәсіліне тікелей қатысы болмай, жанама, яғни, дәнекерлік қызметте ғана жұмсалатындығы аңғарылады. Қысқаша баяндағанда, субъектінің әрекеті синкреттеніп тұрған объектінің өзіне емес, өзге бір келесі объектіге бағытталуға тиіс.

Енді бір сөйлемдерде құралдық мағынадағы сөздер әрекеттің орындалу әдісі мен тәсілін өзі арқылы беруге бейім келеді, яғни құралдық мағынадағы сөздің атауынан-ақ оның әрекетті қалай жүзеге асыратынын білуге болады. Осыған байланысты баяндауышты сипаттаушы сөз ығысады да, құрал атауы санада әрі әрекет, әрі зат ұғымдарын қоса бейнелейтін сөз ретінде бекиді. Бір сөзбен айтқанда, ол актуализатор қызметін атқарады.

Мысалы, *Бұл жақта ағашты балтамен бұтайды* деген жалпылама жақты сөйлемдегі «балта» сөзінде құралдық ұғыммен бірге (шабу) қимылдық ұғым да бар. Хабарды қабылдауда бұл сөздің осындай қасиеті міндетті түрде ескеріледі. Ол қасиет — қос ұғымды бір формамен кодтау қасиеті. Мұндайда адресант сөздің кодтай алушылық мүмкіншілігіне қарай хабарды толымсыз сөйлеммен береді. Себебі код «кілті» коммуникативтік актіге түсушілерге ортақ. Сонда ҚС *Бұл жақта ағашты балтамен шауып бұтайды* түрінде декодталады да, ондағы «шауып» сөзінің контекстке еш қатысы болмай қалады. Сонымен толымсыз күйінде талдауда «балтамен» сөзі — синкретті сөз, ал толымды етіп талдауда — толықтауыш мүше. Себебі екі бірдей ұғымды бір бойына сыйдырған сөздегі қосалқы пысықтауыштық мағына «шауып» көсемшесіне ауысады да, «балтамен» сөзі ондай қосымша грамматикалық қызметтен ажырап, қалған толықтауыштық мағынаны еншілейді. Сол сияқты және бір мысал: *Ол бес әріпті ауызбен (ауызбен дауыстап. — Ж.Б.) айтып жатудың ешқандай қажеті жоқ* (Ә.Кекілбаев). Ал **-п, -ып, -іп, -а, -е, -й** көсемшелерінің жеке тұрғанда көбінесе синтаксистік қызметі пысықтауыш болатыны белгілі [4; 529]. Осы секілді тағы бір мысал: *Таспен (...) ұстап алдым* (ықшамдалған сөйлем, мұнан былай — ЫС) — *Таспен ұрып ұстап алдым* (ҚС) немесе *Қайықпен (...) өттім* (ЫС) — *Қайықпен жүзіп өттім* (ҚС) т.б.

Осы жерде зерттеуші Т.Жүкеевтің еңбегіне тоқтала кетсек, онда «бұл септіктегі есім сөздер сөйлемде объектілік-амалдық, объектілік-себептік мағыналарда синкреттенеді. Мысалы: *Екі күнді әбігерлі (немен? қалай?) дайындықпен өткізді* (О.Бөкеев).

Кейде бұл септіктегі сөзде объектілік мағына мен себептік мағына түйіседі. Мысалы: *Шынында, Игілік осы үйді үлкен (немен? — не себепті?) есеппен жасатып еді* (Ғ.Мүсірепов)» делінген [1; 16].

Автордың синкреттілік құбылысын түсіндіруде бағыныңқыны меңгеретін етістікке көңіл бөлуі орынды. Десек те, синкреттенудің көмектес тұлғасына қатысты түрі объектілік-себептік мағына тудыратындығы күмәнды. Мәселен, жоғарыдағы екі сөйлемнің синкреттенуінде объектілік-амалдық мағына ғана бар сыңайлы.

Біздің ойымызша, олар — *Екі күнді әбігерлі дайындықпен (жанталаса) өткізді және Шынында, Игілік осы үйді үлкен есеппен (ойлай) жасатып еді* түрінде жоспарланған толымсыз сөйлемдер. Ал «есеп» сөзіне ассоциациялық өрісіндегі «ой» сөзі жақын тұратындығын ескерсек, толымсыз құрылыстағы бұл синкреттілік объектілік-амалдық мағына береді. Оған адресат ретінде өзіміз қабылдаған хабардың мазмұны дәлел деп ойлаймыз.

Ғалым Ә.Хасеновтің пікірінше, «септіктер категориясына тән ерекшеліктің бірі — мотивациялануы. Әр септік әр түрлі қатынасты — заттың затқа немесе заттың белгілі бір процеске қатыстылығын айқындайды» [6]. Мәселеге осы қырынан келгенде, сөйлемдегі толымсыздықтың нәтижесінен септік тұлғаларының бірден екінші түрге өтуінің мағыналық қатынасқа түрліше әсер етіп, синкреттілікке негіз болуы — заңды құбылыс. Егер қабылданған хабардың мазмұнына сүйенетін болсақ, мұндай ауысулардың, Т.Сайрамбаев айтқандай, «уақытша» (сөз саптау мен қабылдаудың арасындағы өлшем бойынша) екеніне толық көз жеткізген боламыз.

«Көсемше өзгермейтін форма екені, әрі қимылды, іс-әрекетті қимылға қатысты, соның сапалық қасиеті ретінде атайтын форма екені белгілі. Бұл жерде біз көсемшенің синтаксистік қызметін атап отырмыз» [7].

Дегенмен сөйлем мүшелерінің синкреттенуіне себеп болатын тілдегі үнем заңдылығынан кеп шығатын ығысу құбылысы деп нақты кесіп-пішіп айтудан аулақпыз. Негізгі мақсат — бұл мәселеге ығысу құбылысының қандай да бір қатысы бар екендігін ғана көрсету.

Әдебиеттер тізімі

1. Жүкеев Т.Б. Қазақ тіліндегі пысықтауыш мүшеге қатысты синкретикалық құбылыстар: Филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. — Астана, 2005. — 28 б.
2. Жүкеев Т.Б. Қазақ тіліндегі пысықтауыш мүшеге қатысты синкретикалық құбылыстар: Филол. ғыл. канд. ... дис. 10.02.02. — Қарағанды, 2005. — 43-б.
3. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі: Оқулық. — Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының РБК, 1999. — 89-б.
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. — Астана, 2002.
5. Серғалиев М. Синтаксис мәселелері: Монография. — Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. — 83-б.
6. Хасенов Ә. Тіл біліміне кіріспе. — Алматы: Рауан, 1990. — 111-б.
7. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. — Өңд., толық., 2-бас. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2003. — 34, 35-б.

ӘОЖ 81' 373.422/512,122

Паремнологиялық қайшылықтар

Жүсіпов А.Е.

Рудный индустриалдық институты

Статья посвящается изучению вопроса о языковой природе пословиц и поговорок, способных использоваться в различных языковых ситуациях. Автор на основании сопоставительного анализа идиом казахского языка с другими языками рассматривает явление несоответствия путем сравнения значений слов, входящих в состав фразеологизма, что позволяет увидеть особенности формирования категории значения. В статье лингвистически обосновывается явление парадокса, подтверждаются результаты анализа достаточным языковым материалом.

The article is devoted to consideration of a question on the language nature of idioms which can use in different situations. Author of the article on the basis of the comparative analysis of the Kazakh language with other languages proves a phenomenon of opposition in aspect of semantics which allows to show a formation of a category of meaning. Also authors confirm a phenomenon of paradox, and they show results of the analysis of idioms by a sufficient language material.

Антикалық кезеңде қарама-қайшылық мәселесі батыста Платон және Аристотель еңбектерінде, суфистерде талқыланды. Қайшылықтың тілдегі және тілдесім кезіндегі қырлары стоиктер мен александрия мектебі грамматиктері, сонымен бірге Цицерон мен Секст Эмпирик еңбегінің өзегі болады. Қайшылық Шығыс елдерінде джайнист және будда логиктері, қытай даоцисі және парадоксалисі Хуэй Ши және Гунсунь Лун еңбектерінде жан-жақты зерттелген болатын. Ежелгі христиан кезеңінде Августинді осы сұрақ қатты қызықтырды, орта ғасырда схоластик Абельяр, Оккам, Гроссетест, Риард Софист және басқалардың еңбегінде қайшылық түрлі қырынан талданды. Н.Кузанский, Л.Валл және Дж.Бруно әлемнің құрылысы мен дамуындағы қайшылықтың орнын айрықша атап өткен болатын. Жаңа кезеңде Лейбниц пен Кант осы мәселеге аса мол көңіл бөлді. Гегель бұл мәселеге диалектикалық тұрғыдан келіп, Аристотельдің логикасын сынға алды. Ғаламның логикалық құрылымын Герbart пен Бредли қайтаруға тырысты. Қарама-қайшылықтың лингвистикалық қырын алғаш рет антиномия түрінде зерттеген В.Гумбольдт болатын.

Түрлі кезеңде қайшылық сараптау нысаны ретінде әр түрлі зерттеушінің еңбегінде кейде қарама-қарсылықтың соқтығысу нәтижесі, кейде таза және логикалық қайшылық түрі, кейде антиномия мен дилемма, кейде софизм мен парадокс деген атпен, кейде тілдік ауытқу түрінде талданған болатын. Тіл-тілдегі қайшылық, оның формасы мен қызметі сан түрлі, сондықтан көптеген зерттеушінің зерттеу нысанына айналды. Қайшылық қазақ тіл білімінде С.Аманжолов, М.Балақаев, Р.Сыздықова, Р.Әміров, М.Серғалиев, Ш.Сарыбаев, Б.Шалабаев, Қ.Аханов, С.Исаев, Х.Есенов, Х.Нұрмұқанов, М.Кожина, Ж.Мусин, Г.Смағұлова, С.Абақан, А.Жұмабекова, А.Ислам, Д.Әлкебаева, С.Қоянбаева, А.Әділова, Б.Кәукербаева, А.Бекмашева, Ж.Әділбекова және тағы басқа ғалымдардың жұмыстарында кей қырынан қарастырылған.

Біздің жұмысымызда қайшылықтың логикалық қыры лингвистикамен байланыста ғана каралады. Жұмысымызға біріншіден, әдетте логикалық термин ретінде жұмсалатын «қайшылық» терминіне лингвистикалық балама, екіншіден тілдік және тілдесім қайшылығының өзегі ғана емес, кез келген тілдесім қайшылығынан шығудың әмбебап тәсілі болғандықтан «аллофрония» терминін енгізіп отырмыз.

Қарама-қайшылық құбылысының өте күрделі де іргелі мәселе екенін, оны философия, логика, семантика, стилистика, эстетика, психология, теология және т.с.с. ғылымдарды түйістіре отырып зерттеу керектігін, бір жұмыс шеңберінде талдау мүмкін еместігін түсінеміз. Аллофронияның тілдік мысалын санамалап беру, тілдік қайшылықтарды анықтау, қайшылықты анықтау критерийі, қайшылыққа қатысты түрлі көзқарасты іріктеуге байланысты қиындықтар болды. Осы қиындықтардың барлығы да мәселе бойындағы қайшылықты ашудың қажеттілігіне көз жеткізіп отыр. Теориялық база қайшылықты не зерттеудің негізгі нысаны, не басқа да мәселенің бөлігі деп қарастырушы авторлардың жұмысынан алынды.

Жалпыфилософиялық аспектіде қарама-қайшылықты зерттеушілер Гегель диалектикасын қолдаушылар, мәселен, Ф.Энгельс, марксистер Г.Плеханов, Н.Бухарин, А.Богданов және түсінік берушілер А.Деборин, Ф.Георгиев, Л.Петровичева, В.Горбач, Э.Ильенков, И.Нарский, А.Спиркин, К.Бакрадзе, Б.Базаров, Г.Брутян және басқалар, марксист емес-зерттеушілер С.Хук, М.Вольфф, Р.Туардини, Х.Кляйн және тағы басқалар. Тарихи философиялық бағытта осы төңіректе зерттеу жүргізгендер: П.Попов, Н.Стяжкин, А.Богомоллов, А.Кожев, Дж.Пассмор, Д.Зильберман, В.Соколов, А.Чанышев, С.Радхакришнан, С.Чаттерджи, Д.Датта, Ф.Пиронэ, А.Степанова, М.Степанянц және басқалар. Ғылыми теория мен тәжірибе кезінде ғылыми философияда қарама-қайшылықтың барын дәлелдеп берген ғалымдар: В.Гейзенберг, Н.Бор, А.Уайтхед, С.Люпаско, Г.Башляр, В.Ланге, А.Сухотин.

Қарама-қайшылықтың әлеуметтік және әлеуметтік-прагматикалық сипатына тоқталып өткен ғалымдардың ішінен К.Маркс, Г.Зиммель, Л.Леви-Брюль, З.Фрейд, А.Кожинский, П.Вацлавик, Д.Бивин, Д.Джексон, А.Уилден, Н.Луман, Р.Рюйер, Ж.Вюненбюржэ, Ф.Юэр, М.Бейгбэдэ, И.Барель атап өтсек болады. Діни мәтіндердегі қарама-қайшылықты қарастырғандар Климент Александрийский, К.Тертуллиан, А.Кентерберийский, П.Абеляр, Ф.Аквинский, Б.Дакийский және басқа да теологтар мен философтар. Шығыс дінін зерттеушілер де осы мәселені сырт айналып өткен жоқ, олардың ішіндегілер О.Розенберг, Ф.Щербатский, Д.Судзуки, Е.Завадская, Н.Абаев, В.Андросов, А.Игнатович, С.Лепехов, В.Пупышев, Т.Григорьева, Дж.Гарфилд, Г.Прист, А.Массе, И.Шах, У.Читтик, К.Юнг, П.Флоренский, П.Тиллих, Б.Раушенбах, Л.Крейн, С.Исаев және басқалар.

XIX ғасырдың орта шенінен бастап қарама-қайшылық пен парадоксты әлеуметтік және әлеуметтік-прагматикалық тұрғыдан сипаттаған ғалымдар да бар, олар Г.Фреге, А.Мейнонг, Ф.Брэдли, Н.Васильев, Я.Лукасевич, Б.Рассел, У.Стюрман, А.Черч, Н.Мулуд, Я.Хинтиikka, Г.фон Вригт, Р.Павиленис, А.Шафф, Й.Бар-Хиллель, Л.Витгенштейн, С.Кэмпбелл, В.Целищев, Л.Тондл, Н.Решер, Ч.Пайл, С.Мэйпер, Б.Гинзбург.

Әдебиеттанудағы және эстетикадағы қарама-қайшылықты қарастырғандар М.Бахтин, А.Лосев, Ю.Лотман, И.Силантьев, Н.Федоренко, Л.Сокольская, М.Тоэска, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Т.Қожасев, Р.Коли және тағы басқалар. Қарама-қайшылықтағы күлкінің орнын сараптауға қатысты жазылған еңбектері бар ғалымдар А.Бергсон, З. Фрейд, А.Кестлер, А.Вулис, Ю.Борев, Л.Карасев, А.Лук, Д.Лихачев, А.Панченко, Р.Понырко, В.Пропп, Г.Почепцов, В.Овсянников, В.Санников, Т.Қожакеев, А.Мұсаев, Г.Демесінова, Г.Қортабаева және тағы басқаларды атап өтуге болады.

Қарама-қайшылық жалпылингвистикалық аспектіде мына ғалымдардың еңбегінде қарастырылды: Г.Пауль, Ф. де Соссюр, Ф.Полян, С.Карцевский, В.Волошинов, Ш.Балли, Э.Косериу, Э.Бенвенист, Ж.Делёз, Э.Кассирер, В.Звегинцев, Н.Арутюнова, Ю.Степанов, В.Одинцов, В.Девкин. Тілдік кезіндегі қарама-қайшылыққа тоқталып өткен ғалымдардың ішінен Г.Колшанский, Н.Комлев, Е.Падучеваны атап өтуге тұрарлық.

Қарама-қайшылықтың жеке лингвистикалық аспектілерін жан-жақты талдаған ғалымдар — Р.Якобсон, М.Бахтин, А.Пешковский, В.Шерцль, Н.Трубецкой, В.Виноградов, Н.Шанский, Д.Шмелев, Л.Васильев, Ю.Апресян, Л.Новиков, З.Ураксин, Г.Пермяков, «Логический анализ языка: противоречивость и аномальность текста» жинағының авторлары, С.Абель, Сами-Али, К.Бюлер, Дж.Макколи, У.Вайнрих, З.Вендлер, П.Фарб, М.Кусси, Е.Вольф, Т.Миролюбова, Б.Мучник,

С.Колесниченко, А.Мурадян, Г.Эйхбаум, Т.Винокур, А.Анисимов, С.Нухов, М.Сидоренко, М.Марутаев, Б.Ганеев.

Тіл-тілдегі қарама-қайшылықтарға қатысты зерттеулер жүргізген ғалымдарды атап өтер болсақ, олар Б.Гранде, В.Ушаков, О.Фролова, Л.Рену, Т.Елизаренкова, В.Кочергина, В.Горелов, А.Драгунов, Т.Корчагина, И.Головнин, А.Пашковский, О.Фролова, А.Кунин, Е.Шендельс, қазақ тіл білімінде Ж.Мусин, М.Оразов, Х.Нұрмұқанов, А.Жұмабекова, А.Салқынбай, С.Қоянбекова, А.Әділова, Б.Кәукербаева, А.Бекмашева, Ж.Әділбекова және тағы басқалар.

Стилистикалық және риторикалық аспектіде, қарама-қайшылықтың парадокс, метафора және екіұштылығын зерттеушілер де көптеп табылады: Аристотель, Цицерон, Дандин («Кавьядарша»), Б.Грасиан, Ш.Балли, Э.Ирих, У.Эмпсон, К.Брукс, О.Барнет, Б.Дебатин, Дж. Лакофф, М.Джонсон, М.Блэк, Дж. Серль, Д.Дэвидсон, Н.Гудмен, Б.Хасанұлы және басқалар.

Лингвистикалық стилистикалық және риторикалық қырынан қарама-қайшылықты сараптаған зерттеушілер: Х.Пальяро, Х.Вильяр, К.Коморовски, В.Успенский, Н.Шпекторова, Н.Елина, Г.Семен, И.Арнольд, М.Брандес, Э.Ризель мен Э.Шендельс, Дюбуа Ж. және басқалар. Қарама-қайшы сөздің синтагматикалық оппозициясы келесідей құрылымдық типке бөлінеді.

Х немесе У семантикалық қатынастың екі негізгі түрі: қарсылықты (күшті) (e_1) — *Оның адамдар туралы бір-ақ ойы болатын — жақсы немесе жаман, оларға не сенетін, не сенбейтін* (М.Х.); — *ыңғайлас-қарсылықты (жеңілдетілген) (e_2) — Оның енді бар түсінгені — қазір ол туралы не жақсы, не жаман ойлағысы жоқ* (М.Х.). Бірінші жағдайдағы *немесе/не/* шылауы жоққа шығару мағынасында жұмсалған (не А, не Б), ал екінші жағдайда — жоққа шығару жоқ (не А, не Б, не сол немесе басқа не бәрі бірге) деген мағынаны үстеп тұр.

Фактілердің кезектесу, бірінен соң бірінің келуі мағынасында *біресе Х біресе У, бірде Х бірде У* олардың бірі екіншісімен бірге бола алмайды (f): *Мойнындағы орамалын біресе байлап, біресе шешіп қарт ана не істерін біле алмай біраз тұрды* (М.Х.). *Қол ұшыңды бір беріп кетсең етті бір келіп, көрсең етті құрбыңды, бірде — тірі, бірде — өлік...* (М.М.).

Х емес У, Х, бірақ У — қарама-қарсы мағынада — (с): *Кәрия емес, жас әйел үйден шығып, атымды байлап жатыр ағашқа...* (М.М.). *Буы бұрқыраған жас топырақ емес, жел үрлеп, жауын шайып көнерген, иесіз, ескі іннің аузындағы үйінді сұрықсыз топырақ* (М.М.). *Сен жүз жасайсың, мен алғашқы ызғырықпен өшем. Бірақ мен өлмеймін* (М.М.).

Х > У-тен, У гөрі < Х (не керісінше) — ортақ салыстыру мағынасында (g): *Қорлық өмірден ерлік өлім жақсы* (М.). *Соңынан қуа зуалаған екінші алғашқыдан гөрі кішірек үшкір тас Бардасоқтың үстінен асып, тобылғының арасына түсті* (М.М.).

Х-тен-У-ке дейін, Х-тен У-ке, Х-тен У-ке және т.с.с. барлық зат, құбылыс, қасиет, сапа қамтитын мағына қарама-қарсылығын көрсетуде: *Басынан аяғына дейін, ерліктен елдікке, таңнан кеш батқанша дейін және т.с.с. Ертеден қара кешке дейін сілбіреп тұрғаны* (М.М.).

Х У, Х = У бірінің қарама-қарсылығы екіншіге ауысады — (і): *Бәрі бір мезетте қиындық туғызды емес пе — ең оңайы да* (М.Х.). *Бірінің жеңісі екіншісінің жеңілісіне айналған шаққа тап болдық* (К.С.).

Х/У, Х//У, (бұнда / белгісі — бірлесу, қосылу интонациясын береді, ал // белгісі — қарама-қарсылық интонациясын береді) — бұл сөйлемде семантикалық байланыстың формалды синтаксистік құралы ретінде бірлесу, санамалау, қарама-қарсы қою интонациялары жатады: *Бәрін қойшы, бәрі де өтер тоқтаусыз, өмір, өлім, өнбей, өспей, жоқ барсыз...* (М.М.). *Сен жүз жасайсың, мен мәңгілікпін* (М.М.). Қарама-қайшы оппозиция құрылымдық типтерінен төмендегідей семантикалық мағына туындайды:

- (a) — бірлестіру (конъюнкция);
- (b) — салыстыру;
- (c) — қарама-қарсы қою;
- (d) — қарама-қайшылық (қарама-қарсылық негізінде);
- (e) — бөлу (қарсылықты, дизъюнкция);
- (e_1) — күшті дизъюнкция;
- (e_2) — жеңілдетілген дизъюнкция;
- (f) — кезектесу;
- (g) — салғастыру, теңеу;
- (h) — қарама-қарсылыққа бөлінген барлық зат, құбылыс, қасиет, сапалардың класын қамту;

(і) — қарама-қарсылықтардың бір-біріне айналуы және т.б. Осы қайшылықтың мақал-мәтелдегі орнын төмендегі мысалдар арқылы талдаймыз.

Көптеген ғалым мақал-мәтелді тілдің фразеологиялық бірлігіне қисынды түрде жатқызып жүр, ал формасына қарасаң ол — «қысқа тәмсіл», ауыспалы мағыналы аяқталған сөйлем. Мақал-мәтелдер — қай халықтың да жан-дүниесі, мінез-бітімі, тыныс-тірлігінің айнасы; сол халықтың сөздік қорының байлығын жанытып қана қоймай, оның уақыт озған сайын құны артпаса арзымас қазына екенін де сездірер белгісі. Өйткені мақал-мәтелдің айтары — өсиет, ұлағат, тәлім, парасат, ізгілік.

Мақал-мәтелдер — қай тілде болмасын, халық даналығының қайнар көзі, ақылман ойшылдар, ділмәр-шешендер, айтқыш даналар сөзінің мәйегі, ұйтқысы болып саналады [1]. Мақал-мәтелдер — сан ғасыр бойы халықтың қоғамдық даму үрдісінде қалыптасқан ұстанымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, оның тарихы, рухани мәдениетінің қайнаркөздері жайында мол ақпарат беретін тілдік қор.

«Мақал-мәтел — қысқа, ырғақты, тілдесімде тұрақты халықтың бейнелі нақыл сөзі» [2]. Осында айтылған қасиеттің көбі (қысқа, тұрақты, бейнелілік) фразеологизмге тән. Мақал-мәтел аллофрониялығы тура мәнімен емес, сол секілді жағдаятта қолданыла алу мүмкіндігімен ерекшеленеді. Мақал-мәтел арқылы сөйлеуші айтылмаған ойды бағалайды, сипаттайды.

Көптеген мақал-мәтелдің тағы бір қыры — олардың парадоксқа құрылуы. Ағылшын тілінің Уэбстер сөздігінде мақал-мәтелге берілген негізгі анықтамаға қоса, «бұл — тосын не парадоксты пікір» дегенді айтады. Ендеше қайшылық мақал-мәтелге екі рет: алғашында фразеологиялық бірлікке, екінші ретінде мақалдың басым бөлігін құрайтын парадокс пікірге енеді.

Парадокс мақал-мәтелдер негізгі үш топты құрайды:

Гномалық (гректің *γνῶμη* — «ақыл, білім, пікір» деген сөзі, сонымен қатар гнома — «ұлағатты пікір», «өсиет» ретінде де қолданылады), яғни осы қоғамда өмір сүретін көпшіліктің көзқарасына қайшы келетін пікірді білдіретіндер: *күндердің күнінде* — осы күндердің бірінде емесі анық.

Семантикалық, сырт әлемге тура бағыштамай-ақ сол пікір шеңберінде орын алатын қайшылық: *асығуын асықпай-ақ қой, бірақ тездет.*

Әзіл және сөзойнатымдық (каламбур): *Анашым, әкеме күйуге шығуың саған оңай-ақ болды, мені бөтен ерге бергің-ақ келеді.*

Кейде мақал-мәтелдегі парадокс прагматикалық тұрғыда қарапайым, қарабайыр десе де болады, көбіне сол тіркес екінші шекке өтіп, әдетте парадокс ретінде қабылданады. Мақал-мәтелдің парадоксы семантикалық және прагматикалық деңгейде туындайды. Семантикалық деңгейде парадокс туындатушы логикалық қайшылық мәтін ішінде, ал прагматикалық қайшылық — мәтін мен мәнмәтін әрекеттескен кезде туындайды.

Парадокс мақалдар туралы ғылыми еңбегінде Матти Кусси халық арасында мол қайшы пікірдің барлығын көрсетті [3]. Кусси парадоксты ұлғайтқыш деп атаған. Алайда сипаттайтын екі нысаны бар кей антонимдік тілдік бірлікті парадокс қатарына қосуға негіз бар ма? «Мысықтың қуанышы — тышқанның көз жасы», «Байлар кедейдің салығы есебінен күн көреді», «Бүгінгі алтын — ертеңгі шаң». Бұл жағдайда парадокс жоқ, тек қарама-қарсылық қана бар. Х Х емес формуласына негізделген «алтын — алтын емес, нан — алтын» іспетті парадокстар тосындығымен тыңдаушыны қайран қалдырады деген ойды да осы Кусси айтады. Х у-тен артық, жақсырақ салыстырмалы формулаға негізделген «Өз зұлымың өзгенің ұлығынан артық» секілді мақалдар да тіл білімінде көптеп кездеседі. Алайда «Жүз рет естігенше, бір рет көр», «Алты қорқақтан бір батыр артық», «Жүз доллардан жүз теңге артық» деген сияқты мақалдарда парадокс бар деу қиынға соғар. Салыстырмалы парадоксты «Саво елінің адамынан гөрі қасқырды иландырғаның артық» іспетті мақалды алып, болуы мүмкін емеске қарағанда болуы ықтимал дүниемен салыстырудың өзі парадокс туындатады деген оймен қорытындылайды.

Мақалдағы парадокстың негізін құрайтындар:

- (а) қарама-қарсылық түсінігіне екі қарама-қарсы эпитет қарсы тұрады;
- (ә) эпитет тағы бір эпитетпен «соқтығысады»;
- (б) бір эпитет екі қарама-қарсы эпитетпен байланысады немесе олар басқаша анықталады;
- (в) аксиомалық шындыққа қарсы шығады;
- (г) әдетте «мүмкінге» қарағанда «болуы мүмкін емес» іске асады;
- (ғ) «жақсы/жаман», «көп/аз», «төмен/жоғары» сияқты мағына тәртібі «төңкеріледі»;
- (д) «х у болса, онда у х» деген құрылым құрылады.

Парадокс мақал-мәтелдер екі есе кереғар, себебі үнемі бір-біріне қайшы шығып тұрады. 1887 жылы «Нью-Йорк Таймс» газетінде жарық көрген «Влияние пословиц» деген мақала авторы мақал-

мәтел дегені дұрыс емес, үнемі бір-біріне қайшы болады, шынайы болып көрініп адамды арбайды, «Ғұламаның тапқырлығы әрі бұқараның даналығы» емес, «Азшылықтың сопылығы мен көпшіліктің жөнсіздігі», «Молчание — знак согласия», «В тихом омуте черти водятся» сияқты мақалдар құндылығы даулы, ал кейбірі тіпті бір-біріне қайшы пікірді білдіреді деген. Мысал ретінде ағылшын тіліндегі: «A little learning is a dangerous thing» — «Аздаған білім қауіпті», «It is better to know something than nothing» — «Түк білмегеннен де аздап білген жақсы» деген мақалдарды салыстыра отырып сынауға алады. В.Мидер бұл тұжырымға қарсы шықты: мақал-мәтелдер — универсалийлер емес, олар адам тәжірибесінің әрқилы қырынан хабар береді, сондықтан да бір-біріне қайшы, себебі өмірдің өзі қарама-қайшылықтан тұрады [4]. Мақал-мәтелдердің айрықша тобына сәйкес жұп мүшесінің мәніне семантикалық тұрғыдан қайшы келетін мақал-мәтелдер жатады. Олар көбінесе парадокс мақалдың бірінші тобына жатады: «Ащы шындықтан, тәтті өтірік артық», «Тәтті өтіріктен, ащы шындық артық» «Шыңғырған шындық» деген нұсқасы да қолданылатынын білеміз. Өз кезегінде осы типтес мақал-мәтелдерді екі топшаға бөлуге болады: (1) бір-бірінен тәуелсіз, жеке тұрып та парадоксты болып қабылдана беретін мақал-мәтел жұптары: Өтірік болмаса, шын екенін кім білер. Шындық болмай, өтірік те болмас; (2) өздігінен жеке тұрып нақты мағынадан хабар бететін, мазмұны түсінікті, алайда бір-біріне қарама-қарсы қойылған кезде тыңдаушы қайшылық пен парадоксқа тап болатын мақалдар. Салыстырған кезде қайшылық туындайды. *Қонақ қойдан жуас. Мықты қонақ қожасын билейді. Қонақ берсең етіңді жейді, бермесең бетіңді жейді. Қонағым сен ет деме, мен кет демеймін. Тойға барсаң бұрын бар, бұрын барсаң орын бар. Көп күттірген — сыйлы қонақ* [ҚХММ 2001: 246–265].

Қандай да мақал-мәтелдегі қалыпты не парадоксты таңдау мәліметті жіберуші не қабылаушының талғамына байланысты. Осындай (тілдесімге қатысушы көзқарасына тәуелді) парадоксты мақал-мәтелді гномалық парадокс мақалдар деуге болады.

Мақал-мәтелдің кез келгенін қарама-қарсы қою парадокс туындата бермейді. *Теңіз — біздің егістік: балық та, нан да терістік. Теңіз егістік емес, себер ем, тұқым жетпейді.* Бұл екі мақал бір-біріне қайшы, алайда парадокс жоқ, себебі бірінші жағдайда «егістік» метафоралық, екінші жағдайда тура мағынада қолданылған.

Мағынасы қайшы мақал-мәтелдер жұбы — қазақтың тілдік бейнесінің тамаша көрінісі: *Үндемеген үйдей пәледен құтылады — Жыламаған балаға емшек бермейді; Адам көркі — шүберек, ағаш көркі — жапырақ — Киіміне қарап қарсы алады, ақылына қарап шығарып салады;*

Парадокс мақал-мәтелдер тіл тілде көптеп кездеседі. Тура баламасы болмаса да, соған жақын ұқсастары жетіп артылады.

ҮНДЕМЕГЕННЕН ҮЙДЕЙ ПӘЛЕ ШЫҒАДЫ — орыс. *Тихая вода берега помывает; тихие воды глубоки; В тихом омуте черти водятся;* башқ. *Йүкә шына имән яра* — тынық су жағалауды шаяды; *Тымык күлдә корт үйнай* — тынық көлде сайтан жүрер; *Тәрән йылға тың аға* — ақырын дауыс алыстан естілер; ағылш. *Still water are deep* — тынық су терең болар; суах *Ki mya kingi kina mshindo mkuu* — терең тыныштықта шу мол (Жаңалық болмаса, жамандық күт, тынық көлде сайтан жүрер).

ЖАМАН АЙТПАЙ ЖАҚСЫ ЖОҚ — орыс. *Не было бы счастья, да несчастье помогло; Нет худа без добра и добра без худа;* башқ. *Искеңез яны булмас, ямансыз яхши булмас* — жамандықсыз жақсы жоқ; *Ямансыз яхши булмас, яхшысыз яман булмас* — зұлымдықсыз — жақсылық, жақсылықсыз — зұлымдық жоқ; жап. *Сонситэ току торэ* — шығыннан да пайда көр (Біреуін жоғалтсаң, келесіні табарсың); ағылш. *Every (dark) cioud has a silver lining* — әр бұлт күміспен апталған (Жамандықсыз жақсы болмас); *It is an ill wind blows nobody good* — жақсылық әкелмес желден не қайыр (Жамандықсыз жақсы болмас); суах. *Kipya kinyelmi kingawa kidonda* — жара болса да, жаңаның аты жаңа (Не істелсе де, жақсылыққа).

АСЫҚПАҒАН АРБАМЕН ҚОЯНҒА ЖЕТЕР — орыс. *Тише едешь — дальше будешь;* башқ. *Ашықһаң да, капаланма* — асықсаң да аптықпа; *Ғин ашықһың, ул кабалана* — сен асығасың, ол аптығады; *Әркән барған тиз житә* — ақырын жүрсең, тез жетерсің; *Ашықсаң, соңға қаласың* — асыққан — кешігер; ағылш. *Make haste slowly* — ақырындап тездет; *More haste, less speed* — асыққан сайын жылдамдық тежелер; жап. *Tanki-wa sonki* — асықсаң — күлкіге қаларсың; суах. *Pole pole ya kobe humfisha mbali* — тасбақаның баяулығы алысқа өрмелеп кетуіне кедергі емес.

ҚОЙШЫ КӨПТЕ ҚОЙ АРАМ ӨЛЕДІ — орыс. *У семи нянек дитя без присмотра; Где много пастухов, там овцы дохнут;* тат. *Ирләр күп болса, утын юк; хатынныр күп булса, су юк* — бұл жерде, қазақтың «еркек көп болса, отын жоқ, қатын көп болса, су жоқ» деген мақалына сай. Жап.

Kiyobimbo — он саусағынан өнер тамған адам бір өнерді де тереңінен білмейді, алтын қолды адам кедей; *Tagei wa tugei* — бәрін істей білу — ештеңе істей алмау дегенді білдіреді; ағыл. *Too many cooks spoil the broth* — аспаз көп болса ботқаны бүлдірер.

ЕТІКШІ БІЗГЕ ЖАРЫМАС — балық суда жүріп шөлдейді, орыс. *Сапожник ходит без сапог*; башк. *Итексенең итеге тишек, тимерсенең балтаһы китек* — етікшінің етігі тесік, ұстаның балтасы кетік; *Тимерсе бысакка йәлсемәс* — ұста пышаққа жарымас; ағыл. *The coddler's wife is the worst shod* — етікші әйелінің етігі жоқ (басқалардан кем киінген).

Жұмыс барысында жасалған мол зерттеу негізінде формалдық модельдің әрқилығына қарамастан, парадокс мақалдардың басым көпшілігі сапалық баға принципіне сай құрылған деген шешімге келіп отырмыз. Әр формалдық модель үшін бағаның семантикалық формуласын ұсынып отырмыз. @ — мәнмәтін/ контекст; ! — жақсы; !! — үздік; ? — жаман; ?? — нашар; & — конъюнкция; Ø — нольдік элемент; а — шағын өлшем; А — кері өлшем; а, А — қайшы сәйкестіктер.

П-1. *Айран ішкен құтылар, шелек жалаған тұтылар*

(? а)?? (? АА) @ ұрлық (шағын жаман үлкен жаманнан нашар);

П-2. *Өлуге емес, өмір сүруге қорық*

! А? &? А! @ өмір мен өлім (жаман — жақсы, жақсы — жаман);

П-3. *Досы көптің жауы да көп*

! АА =? АА @ дос және жау (жақсы мол — жаман да мол);

П-4. *Қатаң тәртіп шексіз тәртіпсіздікке әкеп соғар*

! АА =? АА @ тәртіп пен тәртіпсіздік; (жақсы мол — жаман да мол);

П-5. *Өзіңді үйіңдегідей сезін, алайда қонақта екеніңді ұмытпа*

! А =? А @ ұстаным (жақсы = жаман) [ұстаным]

П-6. *Үндемегеннен үйдей пәле шығады*

! А =? А @ үндемеу (жақсылық = жамандық);

Халықтар тілінің қоғамның даму барысындағы атқаратын қызметі өте зор, өйткені ұлттық-мәдени дүниенің даму деңгейі тілдің даму шеңберімен тығыз байланысты. Ал осы әдеби тілдің байлығы мен мәдениетін, көркемдігі мен бейнелілігін арттыратын лексикалық категория — бұл мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдің қалыптасуына белгілі бір жағдаяттар негіз болады да, әр халықтың мәдени дәстүрі, әдет-ғұрпы, ортасы, діни наным мен дүниетанымы, психологиясын көрсетеді.

Бұл мақал-мәтелдің басқа мәдениет қорынан ерекшелігі көлемі жағынан қысқа, мазмұн жағынан тереңдігінде ғана емес, көңілге ерекше қонымды, ұжымдылығында және барлық халыққа бірдей ортақтығында.

Әдебиеттер тізімі

1. *Қайдар Ә.* Халық даналығы. — Алматы: Толғанай, 2004. — 32-б.
2. БЭС: Большой энциклопедический словарь: В 2-т. — М.: Сов. энцикл., 1991. — С. 6.
3. *Kuusi M.* Concerning Folk Paradoxes Mind and Form in Folklore. — Helsinki, 1994. — P. 131–141.
4. *Mieder W.* Popular views of the proverb. — P. 2 (1985). — P. 109–143.

Фразеологиялық энантиосемия

Жүсіпов А.Е.

Рудный индустриалдық институты

В статье исследуются вопросы соотношения предметных слов в устойчивых словосочетаниях и проблемы их несоответствия в разных языках с точки зрения языковой структуры. Исследование семантических парадигм фразеологических единиц с противопоставленным значением базируется на взаимодействии философской категории противоположности, противопоставления и собственно лингвистических основ выражения противопоставленности. Природа рассматриваемой языковой категории осуществляется на материале нескольких языков.

The article is devoted to a question of a correlation of item nouns in idiomatic expressions and also to problems of disparity in different languages in aspect of language structure. Offering research of semantic paradigms of idiomatic expressions with opposition meaning is based on interaction between philosophical category of opposition and linguistic ways of expression of opposition. The nature of language category of opposition is based on material of some languages.

Жалпы кез келген ғылымда «қарама-қайшылық» ұғымы кеңінен сипатталынып, ауқымды түрде түсіндіріледі. Аталмыш ұғым туралы ғылыми бастама ежелгі заманда ғылымдардың атасы философия ілімінде өте күрделі категориялар қатарынан орын алған. Сөйтіп ғылымның психология, логика, лингвистика салаларында өзіндік сипатқа ие болды.

Қарама-қарсылық пен қарама-қайшылықтың айырмасы мен ұқсастығын анықтап алмай, бұл мәселе төңірегінде зерттеу жүргізу оңай соқпасы белгілі. Нысандардың арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты анықтамай кез келген қызметке қол жеткізу мүмкін болмайды. Адамның осындай ойлау қасиетін алғашқы рет атап өткен Платон болатын. Ол кез келген қасиет, атау не нысан туралы ой қозғар алдында адам ең алдымен оны бір затқа ұқсатып не айырмашылықты анықтап алатынын тілге тиек етеді. Гадамер Платон тезисін былайша талдаған: «Если я хочу мыслить нечто как то, что оно есть, я с необходимостью должен мыслить его как отличное от другого. Тожество и различие всегда и нерасторжимо вместе» [1].

XVIII–XIX ғасырларда қарама-қайшы сөздерді әр алуан атаумен белгіледі: «қарсы заттар» (М.В.Ломоносов); «қарсы мәнді, қарама-қарсы, қарсы атауыш» сөздер (И.И.Срезневский); «қарама-қайшылық, қарама-қарсы» (И.И.Давыдов) т.б.

Қайшылық өзгермейтін, қозғалмайтын бірдеңе емес. Пайда болғаннан кейін нақты қайшылықтың қай-қайсысы болмасын дамиды, белгілі бір саты, баспалдақтан өтеді. Құбылыстың қай-қайсысы болмасын, оның қайшылығының беті ашылғанша, толық мөлшерде өріс алғанша жойылмайды, басқа құбылысқа орын бермейді, өйткені тек осындай даму процесінде ғана жаңа сапалық күйге секіріс үшін алғышарт жасалады.

Бұл процесте негізгі екі кезеңді атап көрсетуге болады: (1) нәрсеге тән қайшылықтың даму, өріс алу кезеңі; (2) бұл қайшылықтың шешілу кезеңі.

Дамуының бастапқы кезінде қайшылық әлі өріс алмаған айырмашылық сипатында болады. Содан кейін айырмашылық тереңдей түседі де, қарама-қарсылыққа айналады, бұл қарама-қарсылықты енді беті ашылған қайшылық деп түсіну керек, бұл қайшылықтың қарама-қарсы жағының бұрынғы бірлігі енді барған сайын азая береді. Дамудың бұл кезеңінде қарама-қарсылық «бұл қайшылықтың шешілуіне түрткі болатын қуатты, шиеленіскен форма» болады.

Қайшылықтың мұндай дамуы мен өсуін қоғамға қолданудың классикалық мысалы К.Маркстің «Капиталында» келтірілген. Маркс капиталистер аса мол пайда табуға тырыса отырып, өз мәні жағынан қоғамдық болып табылатын өндірісті барған сайын кеңейте дамытуға мәжбүр болатынын ашып көрсетті. Ал өндіріс неғұрлым қоғамдық өндіріс бола түскен сайын, оның қоғамдық сипаты мен капиталистік жеке меншік формасы арасындағы қайшылығы барған сайын шиеленісе түседі.

Екінші кезең — қайшылықтың шешілу кезеңі. Бұл кезең қарама-қарсылықтың даму және күресі процесінің заңды түрде аяқталуы болып табылады. Егер бұған дейінгі бүкіл процесс қарама-қарсылықтың бірлігі, өзара байланысы шеңберінде өтетін болса, енді қайшылықтың шешілу кезеңі бірліктің біткенін, жойылғанын білдіреді, ал бұл нәрсенің түбегейлі сапалық өзгерісімен сәйкес

келеді. Тілдегі қарама-қарсылық ұғымының пайда болуының негізі философиядағы «қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі заңынан» бастау алады.

Тілдегі қайшылық құбылысы психоллингвистикалық, семантикалық, гносеологиялық аспектілерде кенінен зерттелді. Тұрақты сөз тіркестерінің қарама-қайшылық қасиеті де мол. Тіл біліміндегі қарсы мәнді фразеологизм туындауына адамның ой-санасында объективтік дүниедегі зат пен құбылыс, табиғат құбылысы туралы ұғымды салыстыру және осы ұғымды бір-біріне қарсы қою секілді қабілеті әсер еткен. Дегенмен, қарама-қайшы фразеология — лингвистиканың кешірек зерттеле бастаған, әлі де болса тереңірек зерттеуді қажет ететін дүниесі. Аталмыш мәселенің тіл біліміндегі өзектілігі жөнінде академик І.Кеңесбаев былай дейді: «Фразеология саласында басы ашылмаған, тіпті, күн тәртібіне қойылысының өзі принциптік тұрғыдан шешілмеген мәселе антонимия. Жеке сөз лексема көлемінде айдан анық көрінетін, осы құбылыс тиянақты сөз тіркесі аясында көмескеленіп айқын аңғарылмайды. Әйтсе де, фразеологизмдер табиғатында «сырт» тұрпаты жағынан да «ішкі» ұғымы жағынан да қарсы мағына сипатындағы тіркестердің бары анық. Алайда бұл да танылып жетпеген категория. Фразеологизмдер ішінде өзара қарсы мағына беретін сыңарлардың бары анық болса да, олардың типтері әлі де тереңірек зерттеуді, тексеруді қажет етеді. Арада жарты ғасырдай уақыт өтсе де, қарсы мәнді фразеологизмдердің қыр-сыры ашылып, топтастырылмағаны баршаға аян» [2; 10].

Қарсы мәнді фразеологизмдердің семантикалық парадигмаларын зерттеу барысында қазақ тіл біліміндегі І.Кеңесбаев, Ө.Қайдар, Ө.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиұлы, Ж.Мусин, Ғ.Смағұлова, С.Сәтенова, А.Жұмабекова, А.Ислам, С.Е.Исабеков және тағы басқа ғалым-зерттеушілерді атауға болады.

«Қарама-қарсылық» және «қайшылық» ұғымдарының мәнін ашуда философияда Аристотель, Гегель, И.Кант, В.И.Горбач, логикада Д.П.Горский, А.Д.Гетманова, психоллингвистикада Қ.Жарықбаев, Ф.Н.Гонобалин, С.Н.Кахиани, А.А.Брудный, Э.И.Родичева, В.А.Маслованың зерттеулеріндегі негізгі тұжырымдарды басшылыққа алуға болады.

Философиялық тұрғыда қарама-қайшылық бірін-бірі жоққа шығару қасиеттерін иеленсе, осы қайшылықтың екі шегі қарама-қарсы құбылыстар болып табылады деп түсіндіріліп жүр.

Салыстыру нәтижесінде философиядағы «қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі заңының»: (1) ажырамас бірлікте болу; (2) әр қилы ғана емес, сондай-ақ бірыңғай қарым-қатынаста тұрып бірін-бірі жоққа шығару; (3) бір-біріне өту [3] сияқты басты белгілері тілдегі қарсы мәндес ұғымдардың төмендегідей белгілерімен ұштасып жатады.

Психоллингвист-ғалымдар тәжірибеде адамның ойлауы негізінде қалыптасқан жауаптары арқылы берілген ұйытқы сөздің түрлі қарама-қарсы жағын айқындаған.

Қарама-қайшылыққа негізделген фразеологизм жаһандық категориясының сәйкессіздігін әлсіз (жұмсақ) қайшылыққа жатқызамыз. Әлем нысанының жаһандық категориясының төрт түрін алып көрсетуге болады: (1) өлі нысандар; (2) жануарлар; (3) адамдар; (4) абстрактылық түсінік.

Алғашқысына жататындар: *жынды ақша* — бұл орыстың «бешеные деньги» фразеологизмінің аудармасы екені дау туғызбайды. *Жынды ақшаның буына мас болған «жаңа қазақтардың» телпектері теріс айналғанын тарихтың өзі көрсеткен жоқ па?* (К.). *Өлі үй* — бұл тұрақты тіркестің де көршілес елдің «мертвый дом» тіркесіне балама ретінде алынғанын айта аламыз. *Өлі үй емей не, мазардан қай жері артық бұл қу моланың?* (Ж.А.). Бұл жерде дербестеу және анимацияға негізделген қайшылықты көріп отырмыз. Араб тілінде осыған ұқсас тамаша тіркес бар, *ḍaxikati I-'ardu* — *жер күлді*, яғни *жер жемісін әкелді* деген мағынада жұмсалған.

Екінші топтағы қарама-қайшылық жануарларға қатысты құрылған. Қазақ тілінде бұл топқа жататын тұрақты тіркестер байқалмады. Орыс тіліндегі «медведь на воеводстве», «заяц во хмелю» тіркестерін алуға болады.

Үшінші топ, адамға қатысты қайшылықтар. Бұл қайшылық қимылдау мен қимылдамау (бейанималдану), яғни заттануға, негізделген.

Қимылдау (анимация) — (біздің жағдайда жануарға айналу) — *құйрығын бұтына қысу*, бұл тіркес қорқып қашу мағынасында жұмсалады. *Ардақтың зәре-құты қалмады, оның үстіне «қорыққанға қос көрінері» бар, құйрығын бұтына қысып қашты дерсің...* (А.). *Күзгі әтеш* — аузында уызы кеппеген, аузынан ана сүті кетпеген, жас деген мағынада жұмсалған. *Бесіктен белі шықпай жатып, мынауың әңгіме соғып әкетіп барады ғой, күзгі әтеш неме!...* (А.). *Қанаты қырқылды* — салы суға кету, демеушісі, көмек күтер адамы жоқ, дегеніне жете алмау мағынасына жақын мәнде жұмсалатын тіркес. *Бала кезімнен бірге өскен Сәуле момын, қой аузынан шөп алмас, ал мен болсам,*

керісінше, шаш ал десе бас алатын қыз едім. Сөйтіп жүргенде аяқ астынан қанатым қырқылды емес пе? (А.Б.). *Көзсіз өгіз, көзсіз бұқа* — топас, әумесер мағынасында жұмсалады. Бұл тіркес жергілікті қолданыстағы тіркес болуы да мүмкін. Мысал ауызша әңгіме кезінен алынған (мұғалімнің балаларға ұрысқан сәтінен үзінді). *Көзсіз өгіздер, бастарында бір грамм ми жоқ, сабақтан қашу* деген өнерді қайдан шығардыңдар (ауызша әңгімеден). Парсы тілінде *Ba dom-t hod gerdu sekastan* — *Құйрығымен грек жаңғағын жару* деген тіркес кездеседі, яғни қуанышында шек жоқ, жерден жеті қоян тапқандай қуану мағынасында жұмсалады.

Қимылдамау (заттану): тас бауыр — Осы қарағыма өзгелердің тас бауыр қатыбас мінезін бере көрме деген еді (М.Ә.). *Тас бүркену* — Тас бүркеніп жатып алдым (О.Б.). *Тас жүрек* — Осы ұзақ жолында Сәрсен ешкімнің үйіне де қонған жоқ. Қонаға келіп түскен үйде таң сібірлегенше әңгімемен отырды да: — Таң салқынымен біраз жерге барып қалса қайтар еді? — деп жолдастарына қарады. Қасындағы тас жүрек міз бақтастан отыра берді. (А.Х.). *Тісін қайрау* — Біз сол үшін найманға кектеніп, енді қалай өш аламыз деп тісімізді қайрап жүргеміз (М.Ә.). Парсы тілінде *del dadan va olve gereftan* — *жүрегін беріп, бүйрегін алу* деген фразеологизм бар, оның мағынасы — әңгімешінің ыркына көніп, әңгімеге елтіп кету, аузын ашып, көзін жұмып әңгімені қылып етпестен тыңдау. Жапон тіліндегі мына тұрақты тіркесті де айта кетуге болады, *hidanimaе-ni nari* — *түйреуіш болу*, яғни жұмысын өте нашар орындау деген мағынада жұмсалады. Башқұрт тілінде де осы типтес тіркестер жиі кездеседі: *күзле бүкән* — *көзді түбір* (ағаштың түбірі), топас, әңгүдік деген мағынаны береді, *ауыззы сөйгә әлеу* — *аузын шегеге ілу*, ашығу деген мағынаны береді, ал *беишмәгән бәрәңгә* — *піспеген картоп*, басқа сор болу мағынасын беретін фразеологизмдер.

Абстрактылық түсініктер.

Дербестену: уақыт өлтіру — Әншейінде у тілді Жомарт қазір зығырданы қайнаса да, аузын баға қалған. Уақыт өлтіру үшін ана-мынаны шалып қана отыр (Т.Қ.). *Ұяты оянды* — Бірі қырт, бірі дарақы, мақтаншақ, бірі ұр да жық, даңғой атанғанда, осындай көп жиын үстінде масайып атақ алатыны бар-тын. Осы жолы ұяты оянды ма қалай, кім білсін, елден ерек ерте келіп отырғанына жұрт таң қалысты (Т.Қ.). Парсы тілінде *sab-ra sobh rasandan* — *түнді таңға жеткізу*, яғни, уақыт өткізу деген мағынадағы, сонымен қатар *margra be cesm-e hod didan* — *өлімді өз көзімен көру*, яғни, өлім аузында болу, ажал аузынан алып қалу мағынасындағы тіркестер кездеседі.

Материалдану: жеңіл жүріс — Өке қаншама ағынан жарылдым дегенде де әлде бірденелерді бүгіп қалған. Әрине, ол Сәуленің жеңіл жүрісі туралы әңгімені әлдеқашан естіген (Р.Т.). *Жаны мұрнының ұшына келу* — Жаны мұрнының ұшына келе үш рет ауырды (Ғ.М.). *Жаны көзіне көріну* — Жаны көзіне көрінген Сайран: — Шекер жаным, Шекертай, — деп тәуір-ақ жалынып көрді, бірақ Шекер үн қата қоймады (Ә.Ә.). *Жанын жаһаннамға жіберу* — Отырған жерінде мойныңды шілде бұрап алайын ба, қоян жүрек қорқақ? Кәне, сақтанып көрші, жаныңды жаһаннамға жіберейін! — деп тұра ұмтылды (Қ.Ж.). *Жанын көзіне көрсету* — Бақсыбайдың әлгі оқыс қолқасы не? Сонда ұл қылам деді ме, құл қылам деді ме Нұрланымды?... Бес байталдың терін бұлдап жанымды көзіме көрсеткен-ау, ә? (С.С.). *Жанын қоярға жер таппау* — Салқын қораға үйренген Ахметтің ала биесі жанын қоярға жер таппай тұр (Ғ.М.). *Жанын салу* — Мұндай адамды өз жұмысына жанын салады, жақсы көреді деп мақтауға болады, өмірдің өзге тілектерінде жұмысы жоқ деп кінәлауға да болады (Ғ.М.). *Сақалын сату* — Пайдаға кенелемін деп арын сатып, сақалын сатып жүрген ақсақалдарды қайтерсің.... (Ж.А.). Ақымақ баладан сақалын сатқан шал жаман (А.Ә.). *Зәресі (зәре-құты) зәр түбіне кету* — Түні бойы ұйықтай алған жоқпын, зәрем зәр түбінде (Ғ.М.). *Зәр (зәре) иманы қашу (қалмау)* — Дәу қызыл қасқа өгіз өкіріп, мандайымен жер сүзіп, айбат шегіп жүр. Қасқыр шапты ма деп Саматтың зәре-иманы қалмады (Б.Т.). *Иманы ұшып кету* — Бір-біріне отты шала лақтырып, адамның иманын ұшырды (І.Ж.). *Үрейі ұшу* — Хаттың сөздерінен үйдегілердің, әсіресе, ояз бен оның әйелінің үрейі ұшты (С.М.). Башқұрт тілінде *күнеленде киң тот* — *жаныңды аш*, яғни тосарсың, күткенің сол ма деген мағынадағы, *ақыл өлдікәндә урыныңды булмаған* — *ақыл үлестіргенде орнынан табылмаған*, яғни аздап жетіспейді деген мағынадағы тіркестер кездеседі.

Жоғарыда аталған жаһандық категориядан басқа пропозиция субъектісі предикатын білдіретін жеке категориялар бар. Осы предикаттың (жеке категорияның) күтілетін предикатпен сәйкессіздігі, нәтижесінде субъектінің семантикалық және прагматикалық сәйкессіздігінен қарама-қайшылық туындайды. Оларға жеке-жеке тоқталатын болсақ, төмендегідей:

Сапа мен санның қатынасы. Ағаш артынан орманды көрмей қалу, бір жарым адам, яғни өте аз деген мағынада.

Тұлғаның екіленуі (екіұшытылық) — *өзінен өзі қашу, мен мен емеспін*;

Неантизация (яғни *жойылу, жоғалу*) — *жсейденің жеңіндей, тулақтай* /өте аз деген мағынада/.

Эллипсис: табаны жалтырады — Табанымды жалтыратайын деген ой сап ете түсті (ЕҚ). *Табан тайдыру* — Ұлықтан сайлау жасай алмайтыны айдан анық еді. Енді бөгелместен табан тайдырып, Семейге қарай жөнелу қажет (М.Ә.). *Табан таймай* — Ерліктің, ептің үлкені бопсаға шыдау екеніне көзіміз жетті. Жүрек қобалжымай, табан таймай қасқайып тұрып салысуға шыдастық (М.Ә.).

Мағынасыздық: үріп ауызға салғандай — Өзі жоқта кемпірі өліпті... (Дулат) қазір үлкен ұлының қолында. Үріп ауызға салғандай немерелері бар. Ендігі алданары — солар (Қ.Ж.). *Жұтып қоярдай* — Өзге жаяу қалған балалар атты, тайлы балалардың жарысқанын қызық көріп, сондарынан шуласып жүгіргенде, Нұртай жұтып қоярдай уылжыған қызға көзі түсіп біраз тұрды да, үйге кіріп жер бауырлап жатып алды (Ғ.С.). *Желкесінде көзі бар* — Мансап десе, ішкен асын жерге қоятын, біреудің лауазымынан ләззат алып, шоғына жылынып күн көретін осындай желім ауыз, құнарсыз қулар қайдан пайда болды екен? Онысымен қоймай өзінің желкесінде көзі бар дерсің, тегі... (Қ.Ж.). *Ешкінің құйрығы көкке, түйенің құйрығы жерге жеткенде* — Мен өзім қазақ қыздарының мектеп бітірген бойда оқуға түсіп, бір мамандық алып шыққанын мақұл көремін. Әйтсе де, ешкінің құйрығы көкке, түйенің құйрығы жерге жеткенде көресің деген қауесет сөздер де шаршатып бітті (С.Б.).

Уәжді жәнсіздік, қисынсыздық: көзі шарасынан (ұясынан) шығу — Қара бала қарғып тұрды орнынан, қызараңдап үлкен көзі шарасынан шыға жаздады (Ғ.Мұс.). *Бит терісінен биалай тоқу* — Есен аға кешіріңіз, мен сіздің көзіңізге көрінуге бетім шыдамай жолықтастан кеттім. Бәрін кейін толықтай жазармын деп ойлайды. Бит терісінен биалай тоқыған ағасын ренжіткені есіне түсіп өзін қоярға жер таппай басы салбырап келе жатыр... (М.И.). *Аяғы аяғына жұқпау, аяғы-аяғына тимеу, аяғы жерге тимеу* — Мұнда келгелі Еламанның аяғы жерге тимеді (Ә.Н.). *Қашпаған қашардың уызын ішу* — Таяның жүзінде иненің жасуындай да реніш жоқ. Үйдің тарлығы, тұрмыстың нашарлығы — сондайдың бірде-бірі оның қаперіне де кірмейді. Сәкеннің қашпаған қашардың уызын ішкен әңгімесі есіне түсіп сәл күліп алды да, тағы да тәтті ойға шомып кеткен (М.И.). *Уақытынан ерте (жасына жетпей) қартайған* — Өзің жоқта олардан көрген қорлықты, міне, жетпістен асып, сексенге жақындадым, әлі ешкімнен көргем жоқ, — деп зарлайды кәрі би ұзақ жүріп сағындырып келген баласына... — Жауырды жаба тоқыдым. Іштей қайнадым. Сені көрер күнге жеттім, әйтеуір. Жасына жетпей қартайғандар менің жасыма келсе не халде болады екен... (Ғ.С.). *Қу бастан қуырдақтық ет алады* — Бұл күнде Жігітектің бұрынғы басшылары — Бөжей ғана емес, Байдалы, Түсіп те қайтыс болған. Енді ел сөзіне ие болып, біркелкі жас буын шығып еді. Олар: Бөжейдің балалары Жабай, Әділ. Сонан соң жаңа пері боп атанған табанды, қырыс Бейсембі. Және қу бастан қуырдақтық ет алады дейтін, қансүлік Әбділла болатын (М.Ә.). *Қырықтың қылауынан* — Төргі үйге кіріп шыққан кемпірдің күңіреніп сөйлегені естіліп тұр. Жасаған-ай, оң толғағын бере гөр. Қырықтың қылауынан қалған қарашығым-ай. Ақжолтайым болса екен! — деп, Жәнібектің қасына отыра кетті (Қ.Ж.).

Башқұрт тілінде кездескен тіркестердің ішінен *ауызы көрәк менән тешкан* — ауызы күрекпен тесілген, яғни өсекші мағынасында; *ауыз эсендә бутка бешеру* — аузында ботқа пісірген, яғни түсініксіз сөйлеу, міңгірлеу деген мағынада; *былтыр үлгән ябалақты быйыл атып алу* — былтыр өлген жапалақты биыл атып алу, яғни баяғыдан белгілі нәрсе туралы ой қозғау деген мағынадағы фразеологизмдерді мысалға келтіруге болады. Парсы тіліндегі тіркестің мағынасы *dast az pa deraztar bargastan* — аяқтан ұзын қолымен оралу, яғни аузы құрғап қайту; аузын құр шөппен сүртіп қайту дегенді білдіреді. Араб тіліндегі *yamči mukabban əala wajihi* — бетін жауып келе жату, яғни көрмес түйені көрмес, көз алдындағыны көрмей қалу деген мағынадан хабар береді де; *saqata s-sama u* — аспан құлады, яғни жауын жауып өтті деген мағынадан үстейді. Жапон тіліндегі *heso-o-kami* — кіндігін тістеу, санын соғып қалу, өкіну мағынасында қолданылады.

Уәжді сәйкессіздік: Мар қасқа — Кришан Чандр, Ходжа Ахмед Аббас сияқты үнді әдебиетінің мар қасқалары, бізге белгілі Радж Капур, Болрадх Сахни тәрізді үнді киносының ең жарық жұлдыздары да кеңес еліне келіп жүреді (Т.А.). *Жүрек жалғау* — Әуелі жақын жерден біздің үйден жүрек жалғап алмайсың ба? Жұмысқа сосын бірге шығармыз (Қ.Ж.).

Уәжсіздік (синхрондық): синхрондық уәжсіздік даусыз дұрыс болуы сирек кездесетін диахрондық уәжділіктің болуын мегзейді. Көбінесе шынайы уәж мейлінше ұқсас гипотетикалық уәжбен ауыстырыла салуы да ықтимал. Жапонның *aruba-o uru* — «май сату» деген идиомасы қазақтың «шошқа тағалау» — Екі күннен бері қайда жүрсің шақыртқанда келмей, демалыстасың ғой, шошқа тағаладың ба? (АТ), немесе «екі қолы алдына сыймау» — Екі қолың алдына сыймай бос отырғанша, өнерге үйренсең еттің (Т.А.) фразеологизмдеріне ұқсас. Жапонның осы фразеологизмінің мағынасын түсіндіру үшін мынадай мысал алынған. Әйелдер үйді-үйге жүріп, бай әйелдерге басқа

жағатын май сатқан. Бұл жұмысты олар асықпай, саспай, жүрдім-бардым, әшейін, жолшыбай істеген деген түсінік беріледі.

Сойып қаптап қойғандай — Сойып қаптап қойғандай Шыңғысханның өзінен айнымайтын Жошы деген ұлы бар еді (АҚ). *Күн көру* — Есеннің ойынша, әкесінің арқасында күн көрген Мәлікке келер де, кетер де жоқ, жетер де күш жоқ (Е.Н.). *Тақырға отырғызу, тақыр мұзға отырғызу* — Сен түгіл сельпоны тақырға отырғызып кеткен алаяқ емес пе Сатыпалды (Қ.Ж.). Башқұрт тілінде *әнә ашаған әт кеуек* — ине қылғытқан ит секілді өте арық адам туралы айтылатын тіркес, *тәртіңе ерек* — ашушаң, өкпелегіш деген мағына беретін тіркес. Парсы тіліндегі фразеологизмдерге кезек берсек, олар біршама: *ab be ab sodan* — су суға айналады, яғни қайтыс болу дегенді білдіреді; *as-I baraye kas-I roxtan* — біреу үшін ботқа даярлау, біреуге қастандық жасау дегенді білдіреді; *qab-e kas-i-ra ba cub zadan* — ойнау үшін асықты ұрлап алу, біреудің көңілінен шығу деген мағынада жұмсалады; *za –e siyah-e kas-i-ra ba cub zadan* — біреудің қарғасын ағашпен ұру, құпия түрде біреуді анду деген мағынаны білдіреді; *kolah de sar-e kas-I gozastan* — біреудің басына малақай (бас киімді) кигізу, яғни алдау, арбау, тақырға отырғызып кету мағынасынан хабар бететін тұрақты тіркес. Араб тілінде кездесетін тұрақты тіркестердің ішінен *eaduw azraq* — көгілдір жау, ең қатерлі жауы; *çajarun qah saħa* — ағаштар айқайлады, яғни ағаштар өсті деген тіркестерді атап өтуге тұрарлық. Жапон тіліндегі жоғарыда аталған тіркестен басқа екі фразеологизмді келтіре кетуге болады, олар: *abura ga noru* — семіру, яғни қызығушылық таныту, бір жұмысқа құлшына кірісу дегенді білдіреді; екінші тіркестің аудармасы көз қарашығын жеу дегенді білдіреді, *omedama-o kuu*, мағынасы — таяқ жеу, ұрыс есту.

Бейнелі метафоралық аллофрония: жүрегі жоқ — Қорықпаймын түсінігі жоқтардан, Жүрегі жоқ адамдардан қорқамын (М.Ш.). *Ит қылу* — Қойдың жылдам баспағанына зығырданы қайнап, Зекен бәрін есіне түсіріп, қасындағыларды ит қылып, боқтық астына алды (Т.А.). *Аяғы ауыр* — Апыр-ай, мына байғұста ес қалмапты ғой. Әйелі Бәтештің аяғы ауыр еді, ұл тапқан ғой шамасы деген ой басымнан зымырап өте шықты (ҚӘ). *Өкше көтеру* — Бір күні апақ-сапақта қасында төрт адамы бар Сарман келіп тоқтады. Зәрезап болған ауыл тұрғындары тығылып, қашқаны қашып, ұйқы-тұйқы болып жатқан-тын. Өкше көтеріп кеткені қаншама дерсің (Т.А.). Соңғы кездегі ақша айналымына қатысты, әсіресе, көршілес елдің *«грести деньги лопатой»* деген тіркесінің баламасы ретінде жұмсалып жүрген тіркес — *күректеп ақша табу*: Күректеп ақша табу дәмесі зор ағамның қала жаңалап кеткеніне міне аттай алты жыл болып қалыпты... (АҰ). *Артын жалау* — Күн көріс үшін бастықтың артын жалап жүргенін ұмытып кеткен, өзінше бай болып ақшаны әрлі-берлі шашып жүрген Сымайылды жұрт енді ауылға жолатпайды (Ғ.С.).

Ирониялық аллофрония: күте тұр — Әрине, жерден жеті қоян тапқандайсың ғой тегі, күте тұр, қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің... (А.А.). *Жақсы бопты/болыпты* — Сөз құмар, пәле құмар Байтастар аз ба? Алдап, арбап жора-жолдастарын мұзға отырғызып кеткенін талай рет күлкі ғып айтып жүргенін естігенбіз. Жақсы бопты дейміз де қоямыз, баяғы (А.А.). *Қуанышын/м/да шек жоқ* — Оқымай қалсаң да, бізден сен артықсың. Сенің тырнағыңа да татымаймыз деп қоямыз.... Ал ол «байғұстың» қуанышында шек жоқ (Т.А.). *Жолы болды* — Бұл жігітті не оңға бастап жүр де, не сор түртіп құйрығына қалжуыр байлайын деп жүр. Айтқандай, көп уақыт өткен де жоқ, ақыры — жолы болды — істі болып қамауға алдынды (АА).

Әсірелеу метафоралық аллофрония: көздері жану, алтын, күміс, қорғасын жауын/жаңбыр, Шық бермес Шығайбай — Жер еңбексіз, еріншекке шық бермес Шығайбай тәрізді (Ө.Т.). *Сынық ине, сыдырым таспа бермеу* — жақын ағайындары мыңғыраған бай бола тұра, сынық ине, сыдырым таспа бермейді оған (ҚЕ). *Бетінен қан шықпас* — Өмірімде ондай адамды көрсем, көзім шықсын, бетінен ет кесіп алсаң қан шықпайды-ау... (А). *Ине шаншар жер жоқ* — Жаңылған үйі тойға қамдалғалы біраз болып та қалды. Міне, бүгінгі жиында тіпті ине шаншар жер жоқ, абыр-сабыр адам: сарысы, сақалы, мұрты бәрі осында (А). *Үш қайнаса сорпасы қосылмау* — Үш қайнаса сорпасы қосылмайтын Сәбиттің өзі мені туыс қылғысы келіп, соңғы кезде күні-түні үйден шықпайдынды шығарды (Қ.Ж.).

Болымсыздық аллофрония: әйел логикасы, бұл тіркес жалпы тіл біліміне ортақ фразеологизм. «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» десе де қазақтың тілдік әлемінде әйел адамның орны айрықша. Білімі мен біліктілігімен әр кез тең түсетін, кейде асып та жатады, оған мысалға Қарашашты, батырлар жарларын келтіре кетуге болады. Дегенмен аллофронияның аты айтып тұрғандай бұл — қоғамда қалыптасып қалған, өмірде кездесетін құбылыс.

Анықтауыштық аллофрония: тәтті су, жыңды су, кендір мойын бау/галстук/.

«Қоғам, тіл иесі — халық нақты өмір сырын, шынын тіл арқылы біледі. Ана тілінің тағдырына, өткен-кеткеніне, болашағына немқұрайды қарамайды. Халық жүйесін тауып сөйлеуді мақұл көреді.

<...> Сөз мағынасын, сөйлем сазын, қат-қабат еркін, тиянақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді халық сұрыптап, өз ой елегінен, өмір талқысынан өткізіп отырады» [2; 601]. Ой елегінен өткізілген, сұрыпталған тұрақты тіркестер жаһандық категория сәйкессіздігінен әлсіз қайшылық, субъектінің семантикалық және прагматикалық сәйкессіздігінен соны қарама-қайшылық туындатқан. Бұл тілімізде жиі сирек қолданылуына, өмірлік маңызына, жалпы халықтық сипатына және т.б. қасиеттеріне қарай анықталып шешілуі тиіс күрделі мәселе екенін атап өтпекпіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Гадамер Г.-Г. Актуальность прекрасного. — М.: Искусство, 1991. — С. 37.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы, 1977.
3. Философиялық сөздік // Құраст. Н.Нұрғалиев, Ғ.Ақманбетов, Ж.Әбділдин. — Алматы, 1996. — 224-б.

ӘОЖ 81

Психолингвистикадағы лексиконды зерттеудің ұстанымдары

Кенжеғалиев С.А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье приводятся научные суждения относительно структурной особенности языка и мышления, языковых функций, языковой и речевой деятельности. Наряду с этим уделяется внимание постановке проблемы лексикона, структуры и организации, его роли в процессе речевосприятия, а также определению основных критериев единиц как эквивалентов ментального лексикона.

The article devotes problem of scientific opinions about structural especiality of language and thinking, language functions, language and speaking acts. So there is attention to putting of problem of lexicon, its structure and organization, rule in process of speech and showing base criteries of members like as equalients of mental lexicon.

Жапон тіл білімінде «тіл тіршілігі» деп аталатын мектеп бар. Ондағы зерттеулердің мақсаты — тілді адам іс-әрекетімен, қызметімен байланыстыру. Бұл — тілдік акті мен ауызекі сөйлеуді зерттеу деген сөз. Бұл мектеп тұжырымдамасының түйінін тезис түрінде ұсынамыз. Тілқатысым танымның құралы болғандықтан, соған орай зерттеудің негізгі нысаны интеракт болады. Сөйлем — адамның әлеуметтік дағдылы, әдеттегі әрекеті. Ол әрекет ой мен сезімді тілдік таңбалар көмегімен бейнелеуден және осы бейнеленгенді ұғынудан тұрады [1].

Қазіргі кезеңде психологиялық тілтану аясында тілді, сөйлеу іс-әрекеті мен ойлауды әр басқа қырынан қарайтын әр түрлі бағыттар пайда болды. Тіл мәселесіне психологиялық тұрғыдан келу әлеуметтік лингвистика мен құрылымдық, тілдік таңбатану және математикалық тіл білімі зерттеулерінен байқалады. Сөйлеу қызметін психофизикалық әрекет айтушының қабілеті ретінде зерттеушілер сөйлеудің физиологияға негізделетінін мойындайды. Тіпті, олар сөйлеуді айтқан я тыңдаған уақытта ғана адам ағзасында болатын психикамен бірлескен физиологиялық қызмет деп те таниды. Осыдан болар бұл бағыттағылар тілдегі тарихилықты трансформациямен және сөздің сапталуының статикалық күйіндегі деңгейлік сипатымен алмастырып жіберді. Лингвистикалық психологизм ішінен қазір этнолингвистикалық, семантикалық психологизм, психологиялық құрылым, таза психологиялық бағдарларды бағамдауға болады.

Психолингвистердің өз арасында сөйлеу іс-әрекеті туралы әр түрлі пікірлер бар. Мәселен, Н.Хомскийдің трансформалық-генеративтік грамматикасы адам өз сөйлеуін комбинаторика ережелеріне сай түзеді деп үйретеді. Биохевиористер сөйлеуді «стимул–реакция» қатынасымен талдайды. Әрекет теориясы сөйлеу іс-әрекеті сөйлеуші мен қабылдаушының белсенділігіне тікелей қатысты деп санайды.

Бұл көзқарастарда ұтымды тұстар баршылық, алайда инсандағы тіл мен сөйлеудің қасиеттерін түгендеп береді деп айтуға болмайды.

Қарым-қатынастың ұлттық-мәдени ерекшелігі аз дегенде екі қырынан көрінуге тиісті:

1) тіл, ойлау, жад, қатысымдардың бір-бірімен байланысы және адам өміріндегі, тұтастай алғанда, тілдің алатын орны;

2) қатысымның ұлттық ерекшелігі бар үдерістері мен құралдары жағынан. Мұндағы бірінші аспектіні «Сепир-Уорф» лингвистикалық салыстырмалылық туралы гипотезасы сипаттаса, ал екінші аспектіні этнопсихология қарастырады.

Әр түрлі халықтың тілі мен сөйлеуіндегі өзгешеліктер психоллингвистика мен этнопсихологияның түйісінде қаралады. Мәселен, норвегтер, шведтер, финдер сияқты солтүстіктің халықтары оңтүстіктегі испандар мен италияндарға қарағанда дауысын ақырын шығарып және эмоцияны аз жұмсап сөйлейді екен. Ал осы испандар мен италияндарға қарағанда грузин, цыган, түрік, араб сияқты оңтүстіктегі халықтар мен қара нәсілділердің ішіндегі бойлары ұзын болып келетін этникалық топ өкілдері дауыстарын қатты шығарып сөйлейді екен. Шығыстағы жапондар, үнділер, вьетнам халқы, қытайлар т.б. ақырын сөйлеседі. «Орыс болып кеткен еврейлерді дауыс ырғағынан білесін» дейтін әзілде де шындық жоқ емес. Бұл жерде басқа факторлармен бірге географиялық мекен, климаттың да, өскен ортаның да ықпалы баршылық екені байқалады. Алайда бір географиялық ендікте өмір сүретіндердің сөйлеуі мен қылығында әр түрлі өзгешеліктер бола береді.

Сөйлеуге жанама әрекеттер тіл білімінен гөрі этнографияда қарастырылады. Десек те, мұндай әрекеттер тілге сәулесін я көлеңкесін түсірмей тұрмайды, сондықтан да ол тілмен қосталады, сол себепті бұл психоллингвистиканың бір саласы этнопсихоллингвистикада қарастырылады. Этнопсихоллингвистикада белгілі бір мәдениеттің тілдегі көрінісін сипаттайды. Бұл жерде біз әр ұлттың я ұлыстың ым-ишара, қимыл, тұспалдарын еске алып отырмыз. Мұны лингвистикада «тілдің көмекші құралдары» деп атайды. Шындығында, адамзат тілінің шығуында ым мен қимылдың белсенді рөл атқарғандығы туралы болжамдар негізсіз емес. Мәселен, Австралиядағы аранда тайпасы 450 түрлі ым мен қимылды нақты зат я құбылысты білдіру үшін ғана емес, жалпы ұғымды түсіндіру үшін де қолданады екен. Үндістердің тайпааралық қарым-қатынас құралы ым-ишара екенін көпшілік біледі.

В.Вундт әуелде екі тіл — ым тілі және дыбыс тілі болған деп есептейді. Дыбыс — сезімді, ым-қимыл нақты затты білдірген. Ым-қимылдың үш түрі болған: нұсқау, бейнелеу, символика. Ымдау, негізінен, тарихи-әлеуметтік құбылыс. Зерттеулердің түсіндіруінше, сөзбен қосалқы жүретін ым мен қимыл бірте-бірте әр халықта әр түрлі рөл атқара бастаған. Бізге мәлім мәліметтерге қарағанда, бір сағат сөйлескенде мексикалықтар 180 рет, француз 120 рет, италиялықтар 80 рет, ал финдер 1 рет қана ым-қимыл жасайды екен. Сондай-ақ орыстарда қол сермеу әдепсіздікке жатқанмен, басқа халықтардың әдетінде ол кәдімгі күнделікті ишараның біріне жата беретін жайттар көп. Сол сияқты бір мағына әр халықта әр түрлі ым-қимылмен беріледі. Мысалы, болгарларда келісуді білдіретін «иә» — бас шайқаумен, ал теріске шығаруды білдіретін «жоқ» — бас изеумен беріледі, дәл осы мағыналар болгарлармен туыстас орыстарда керісінше: «иә» — бас изеу, «жоқ» — бас шайқау. Испандар мен португалдар «жоқ» дегенде қолын өзінен ары кері қарай қозғалтады, ал жапондар мұндайда саусағын шошайтады, ал үндістер білегін бүгіп бетінен иығына дейін қолын апарады, арабтар басын шалқайтып таңдайын қағады, түріктер иегін шошаң еткізіп, көздерін сығырайтады да таңдайын қағады (түрікпен туысқан қазақта тіптен басқаша екенін білесіз), малайзиялықтар мұндайда көзін төмен түсіреді.

Міне, осы сияқты құбылыстарды этнографтар салт ретінде зерттесе, лингвистер қарым-қатынастың тілге көмекші құралдары ретінде ұлттық ерекшелікті ескере отырып зерттейді. Жеке инсанның қандай да бір ұлттың өкілі екенін ескеретін болсақ, бұл бағыттың ділдік лексиконға әсерін жоққа шығаруға болмайды.

Психоллингвистиканың мәдениеттанушылық бағытында мәдениетаралық қарым-қатынасқа да назар аударылады. Мәдениетаралық қарым-қатынас дегеніміз — әр түрлі ұлт пен ұлыстың өкілдерінің өзара қатысуы. Мәселен, мұндай зерттеулерде бір мәдениет реципиентінің (өкілінің) басқа мәдениетке негізделіп түзілген мәтінді ұғуы туралы қаралады. Бұл құбылыс ділдік лексиконға да жат емес. Мұндай мәтіндер психоллингвистикада өзге мәдениеттік мәтіндер дейтін арнайы нысандық санатқа ие.

Психоллингвистика әлеуметтік лингвистикамен де шектеседі. Мәселен, белгілі бір әлеуметтік топтың сөйлеуі әлеуметтік лингвистика мен психоллингвистикаға ортақ проблема бола алады.

Айталық, гендерлік лингвистика — осы тұрғыдағы сала. Ал ділдік лексикон мәселелерінде әлеуметтік және психологиялық факторлар қатар жүреді.

Психолінгвистика коммуникация теориясымен, оның ішінде тілдік қарым-қатынас теориясымен тығыз байланыста болады. Тілдік қарым-қатынас теориясында өзекті мәселе — тілдің (сөйлеудің) қалай қатынас құралына айналғаны туралы мәселе, яғни тілдің шығуы жайлы мәселе. Тілдің шығуы жөніндегі болжамдарда психикалық факторларға сүйенетін дәлелдер баршылық. Тілдің шығуы жөніндегі «еліктеу» теориясы (Лейбниц, Гумбольдт) екі ұстанымға (қағидатқа) сүйенеді:

- 1) сөз табиғаттағы қоршаған ортадағы дыбысқа еліктеуден шыққан;
- 2) дыбыстау әуелден символикалы болды, сондықтан мағына заттың табиғатын бейнелейді.

Табиғатқа еліктеудің тілдік қарым-қатынаста орыны бар екені, табиғаттың адам психикасына әсері болатыны даусыз. Дегенмен еліктеуге сүйеніп шыққан тілде ұлттық қасиет болмас еді, оның үстіне әр халықта еліктеу әр түрлі болады. Тілдің шығуы туралы эмоционалдық болжам (Жан-Жак Руссо) бойынша, құштарлық алғашқы тілдік дыбыстарды шығарды. Сондықтан алғашқы тілдер үнді, сазды болып келеді, ал кейін қарабайырланып кеткен. Көріп отырғанымыздай, бұл Жан-Жак Руссоның ағартушылық, гуманистік идеал іздеу ниетінен шығып отыр. Кейін бұл болжам «одағай» (рефлекс) теориясына (Штейнталь, Дарвин, Потебня, Кудрявский) ұласты. Табиғатпен тайталаста адам өз еркінен тыс дәйім дыбыс шығарып отырды (аштыққа, қуанышқа т.с.с. байланысты). Осының дамуы нәтижесінде мұндай одағайлар қоғам мүшелерінің бәріне бірдей символдық мәнге ие болды. Тілдің шығуы жөнінде психикаға мән берілген бұл екі бағыттағы теориялардың айырмасы — бірінде адам сөйлеуіне қозғаушы күш сыртқы дүние болса, бірінде — адамның өзінің ішкі әлемі.

Байқап отырғанымыздай, бұл болжамдарда тілдің экспрессивтік қызметі жоғары қойылады да, коммуникативтік қызметі оның көлеңкесінде қалады, басты мәселе ретінде сөйлеу механизмдерінің пайда болуы психофизикалық тұрғыдан зерттеледі. Олай болса инсанның сөз саптауы мен сөз қабылдауы мәселесінде тарихи-генетикалық себептер де бар. Бұл — арнайы зерттеудің үлесінде болғаны жөн.

Психолінгвистикада бұқаралық ақпараттық коммуникацияның мәселелерін зерттейтін де сала бар. Бұқаралық қарым-қатынас теориясы радиомәтіндерді қабылдау, теледидар тиімділігі, газет мәтіндерінің ықпалдылығы, саяси плакат, ұран, жарнамалардың адам санасына әсер етуі т.с.с. мәселелерді қамтиды. Демек, бұл тұста психика мен сөйлеу (тіл) көмекке келеді. Ғалымдар психолінгвистиканың осы аспектісінде бұқаралық коммуникацияға арналған мәтінді қабылдау сәтінде әрекет ететін сатиация деп аталатын механизмнің егжей-тегжейлі зерттелгенін айтады. Сатиация дегеніміз — қайта-қайта қайталау я жағдаятқа сәйкестірмей қолдану салдарынан сөз мәнінің жоғалуы. Бұл механизм жеке инсан басынан да өтетінін ділдік лексиконды зерттеуде назарда ұстаған жөн.

Психолінгвистика, әрине, лингвистикалық талдауға да сүйенеді, бірақ лингвистикалық талдауды көбінесе аралық, өткел, өткінші мәлімет ретінде қолданады. А.А.Леонтьевтің пікірінше, сөйлеу әрекетін зерттеуде тілтану мен жантанушының еңбегінің үлестік мөлшері мына сипатта: тілтанушы меңгерілетінді, меңгерілгенді зерттейді. Ал психолог лингвистикалық модельді игеру, қабылдау барысында адам санасында болып жататын психикалық байланыстар мен үдерістерді зерттейді, қарапайым айтқанда, сөйлеушілер шын болмыста, өмірде сөйлемді (сөйлеуді) қалай құратынын және түсінетінін тексереді. Ділдік лексиконды зерттеуде осыны тұғырлы әдіс ретінде қарау керек.

Психолінгвистикадағы лингвистикалық сала туралы айтатын болсақ, онда бірнеше тарамдар бар екені байқалады. Солардың бірі — сөз мағынасының тұрпатын зерттеу. Айталық, көп жағдайларда дыбыс сапасы сөз мағынасымен байланысты болмайды дейтін қағида бар. Алайда бұл тұста да қағидадан ауытқу болатыны рас. Дәлел үшін айтсақ, қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің мағынасының дыбыспен байланысы бар екенін ешкім жоққа шығармайды, керісінше, дәлелдей түседі (Ш.Ш.Сарыбаев, С.Р.Ыбыраев, К.Ш.Хұсайынов). Тіл дыбыстарының эмоциялық-экспрессивтік мәнін зерттейтін фоносемантика саласының нәтижелері де назар аудартады. Мысалы, А.П.Журавлев («Звук смысл») экспериментінде (10000 адамдай қамтылған) орыс тілінің дауысты дыбысына мына тәріздес түстік мағына беріледі: *а* — қызыл, *я* — ашық қызыл, *о* — ақ, *ё* — сарғыш жасыл, *е* — жасыл, *э* — жасылдау, *и* — көк, *у* — көк жасыл, *ю* — бозқараған түсті, *ы* — шымқай қоңыр [2]. Ділдік лексиконды сипаттауда сөзді графика-фонологиялық белгілер арқылы талғап тану үдерісін түсіндіру үшін осы дәлелдер шығар жол орнында болады.

Лингвистикалық бағыттағы психоллингвистикалық зерттеулерде сөз семантикасы мәселелері айрықша орын алады. Тіпті, білімдердің индивидуалды (дара) жүйесінің пайда болуы, құрылуы мен қызмет етуін зерттейтін ерекше ғылыми сала психосемантика шықты. Психосемантиканың басты қағидасы тіл біздің әлемімізді екі еселейді дейтін пікірге сүйенеді. А.Р. Лурия: «Адамда екі әлем болады, оған тікелей бейнелейтін заттар әлемі де, сөзбен белгіленетін сапалар, қатынастар, нысандар мен бейнелер әлемі де кіреді. Сөйтіп, сөз болмысты бейнелеудің ерекше формасы болып саналады. Адам бұл бейнелерді олардың шын өмірде бар-жоғына карамай-ақ еркін түрде атай алады, осы екінші әлемді еркінше басқара алады», — деп жазады [3]. Психосемантика ділдік лексиконмен табиғи байланыста болатыны — айқын жайт.

Тіл біліміндегі ат қою, ғылымыландырып атасак, номинация теориясының да адамзат психикасымен, ойлауымен, таңбатануымен байланысы баршылық. Осы түйісте сөздің уәждемесі (мотивациясы) туралы мәселе келіп шығады.

Уәждеме құбылысына тіл білімі ғылымында тоқтамды, тұрақталып қалыптасқан анықтама берілмеді десе де болады. Бұған айқын дәлелдің бірегейі сол, бұл құбылыстың өзін әр түрлі терминдермен береді: мотивировка, мотивация, сөздің ішкі формасы, семантикалық форма, сөз образдылығы, сөздің мағыналық белгісі, сөздің этимологиялық құрылымы, негіздеме, уәждеме т.б.

Тіл — адам танымының айнасы болғандықтан, тілді таңбалық жүйе аясында қарасак, уәждеме арқылы зат пен құбылыс атауының табиғатына бойлауға, қажеттілігін түсінуге, атаудың негізін түсінуге, зат пен құбылыс және олардың атауларының арасындағы әлдебір байланысты айқын сезінуге, байымдап байқауға болады. Қазақ тілінде уәждемеге берілген екі қысқаша анықтама қолымызда бар: «Мотивация, уәждену (фр. *motif* — сылтау, дәйектеме) ағыл. *motivation* — уәждеме, дәлелдеме — тіл арқылы аталған заттың немесе құбылыстың белгілерін бейнелеу актісі [4]. Әдетте, мотивация мәні диахрониялық тұрғыдан ашылады. Мысалы, тіліміздегі *қабырғасымен кеңесу* деген фразеологиялық тіркестің «үйдегі әйелімен, отбасымен кеңесу, ақылдасу» мәнінде қолданылатыны бәрімізге белгілі. Ал осы тіркестің шығу төркінін христиан дінінің қасиетті кітабы «Таураттан» іздеуге болады. «Жаратылыстың басталуы» тарауында құдай көк пен жерді жаратқан соң топырақтан еркек адамды жасап, оған жан бітіріп, «адамның жалғыз болғаны жараспас» деп, оның бір қабырғасынан әйел жасап берді. Осындай мотивация негізінде фразеологизм пайда болған.

Екінші бір лингвистикалық түсіндірме сөздікте уәждемені «туынды және күрделі сөз мағыналарының, оларды құрайтын сөздердің мағыналарына тәуелді болуы» деп көрсетеді [5].

Көріп отырғанымыздай, назар күрделі сөздің, тіркестің мағыналық құрамына, таза экстралингвистикалық оқиғаларға аударылады екен. Ал жеке сөз мағынасының уәжіне бойлай қойған жоқпыз. Ал мұның адам психикасының даму үдерісімен қалай да бір байланыста екеніне күмәндануға болмайды.

Сөзжасам барысында сөз жасаушы бірліктер уәждемені тудыруға себепші болады да, ал оның нәтижесінде туған жаңа атау уәждемелген таңба болып саналады. Демек, уәждеме номинациямен (затты сөзбен атаумен) байланысты қарастырылуы қажет.

Күнделікті тұрмыста уәждемелген сөздер ішкі тұрпаты айқын сөздер сияқты белгілі бір заттың атауы қызметін атқарады. Дей тұрсақ та, мұндай уәждемелген сөздермен салыстырғанда, уәждемелген сөздер қолданылу аясы, таңбалық қасиеті тез қабылданып, санада, есте берік сақталады. Уәждемелу байланысы — сөздік құрамдағы жүйелі қатынастардың маңызды түрі сөздік құрам болады.

Құбылыс немесе зат атауының түп-төркініндегі бастапқы негіз оның субъектіге қалай әсер етуінде жатады. Әрбір зат пен құбылыс табиғи және табиғи емес қасиеттерден, белгілерден тұрады. Олардың бәрі бірдей бір мезгілде адам психикасында, санасында орнығуы қиын. Сондықтан солардың ішіндегі біреуі я бірнешеуі ғана іріктеліп, екшеліп шығады да, адам жадынан ерекше орын алады. Нысанды бейнелеу үшін тілдік жүйе іске қосылады да, түйсікпен қабылданған алғашқы белгі (қасиет, сипат) кеңейіп, өрістей түседі. Осылайша таңдап алынған қасиет барлық физиологиялық қатынастарға тәуелді емес. Әсер етуші қозғаушы күштің қайсысы неғұрлым басым болса, адам санасына тек сол ғана ерекше әсер етеді деген түсінік тумаса керек. Себебі осының нәтижесінде ұғынылмақ мағынасы бар сөздің я басқа тілдік таңбаның бәрі бірдей қалыпты нормаға айналып кете бермейді. Ми қабатының қызметі арқылы заттың немесе құбылыстың тек бір ғана қасиеті сүзіліп шығып, оны субъект берік қабылдайды. Сүзуден өткен санадағы осындай құбылыс тілде дұрыс әрі жиі пайдаланылады. Мысалы, «сағақ» деген сөздің жалпы қасиеті (мағынасы) бірнәрсенің төменгі жіңішке, қылта жағын таңбалайды. Алайда қазақ әдеби тілінде бұл малдың мойыны мен иегінің

арасын білдірсе, оңтүстік өңірде оның «төменгі жақ» мағынасы басым болып қабылданудың нәтижесінде және тұрмыс-тіршіліктің ерекшелігіне орай «ағаштың ең төменгі бұтағын» таңбалайды.

Құбылыстың не заттың белгілі бір бастапқы қасиет, сипатын белгілеуге арналған сөздің тілдік даму жолында алғашқы мағынасының көмескі тартып кетуі де тіл тарихына белгілі үдеріс. Мәселен, «тон» сөзі алғашқыда киім атаулыны белгілеуге бағытталса, қазір ол жалпы тектік сипаттан айырылып, киімнің бір ғана түрін таңбалайды. Кейбір сөздің аталуы сол құбылыстың я заттың адам психикасында қалай қабылданып, оған қай жағынан әсер еткендігімен байланысты болады.

Сондықтан кез келген сөз белгілі бір нысан арқылы уәжделеді. Тілдік таңбаның таңбаланушымен арасындағы байланыстың еркін болуы нәтижесінде келе-келе сөз бен оның түпкі уәжі арасындағы байланыс алшақ тартады, сөз өзінің «тегін жатсынады». Осының нәтижесінде лексикалық бірлік деэтимологияланып, уәжі күңгірттенеді. Тілдік таңбалау еркін құбылыс болып шыға келеді. Сонымен қатар адам психикасының табиғаты, қызметінің икемділігі сондай, түсініксіз деген сөздерді қайта өңдеп, оның тағы бір жаңа баламасын тауып, соған қайтадан уәждеме жасай алады.

«... мотивацияның көптеген біржақты анықтамалары зат атауының тек экстралингвистикалық немесе тілдің ішкі ерекшелігіне көңіл бөлумен шектеледі. Ойдың мазмұнын жеткізу жолы бір ғана тіл арқылы іске асқанымен, оның өзі түрлі физикалық жақтан қабылданып, түрлі физикалық жағынан беріледі» [6].

Себебі әрбір құбылыс адамның сезім ағзаларының бәріне бірдей әсер етпейді, біреуін ерекше қабылдайды. Мысалы, көзбен көру арқылы қабылданған сезімді адамның дыбыстық тілі тек сол көрініс ұғымында ғана, тыңдау арқылы қабылданған сезімді тек сол дыбыс күйінде жеткізе алады. Бастапқы атауға негіз болатын алғашқы импульсті беретін тіл емес, керісінше, адам сол құбылысты таныту үшін тілдік құралды талап ететін заттың өзі психикаға әсер ету арқылы нұсқау береді.

Сөздің уәжделуі уәждеменің ең өзекті, басты теориясының бірі ретінде саналады. Бұл ұғымға берілетін анықтамалардың түрлі варианттары қолданылып жүр. Мысалы, заттың атау алу заңдылығы принциптеріне сүйенетін тілдегі ономонология ғылымы уәжделуді былайша түсіндіреді: уәжделу үдерісі — тілді ономонологиялық жағынан ыңғайластыратын, атаудың негізінде себеп болатын, белгілі бір уәждің барысында шығатын атаудың формасы. Уәжделудің анықтамасын іздегенде басты рөлді тілдік қатынастар атқаратынын ұмытпаған жөн. Себебі әрбір ой, әрбір лексикалық бірлік әр ұғымда әр түрлі болып қалыптасады. Уәжделуді қарастырғанда лексикалық материалды лексикологияның аспектісінен іздестіру жиі кездеседі: сөз мағынасының уәжделуі оның құрылымы мен тілдік жүйедегі сөйлеу элементтерінің тірі санамен болатын семантикалық қарым-қатынасынан көрінеді. Уәжделу — күрделі бүтіннің мағынасынан сол бүтіннің бөлшектерінің мағынасын алып шығу, сөздің семантикасы мен айтылуының, дыбысталу мен мағынаның арасындағы байланыстың негізгі себепкері. Уәждемелік мағына синхронды түрдегі сөз өндіру факторы ретінде психолінгвистикалық тұрғыдан егжей-тегжейлі, өте ұқыпты зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Конрад Н.И. О языковом существовании // Японский лингвистический сб. — М., 1959. — С. 85.
2. Журавлев А.П. Звук и смысл. — 2-е изд., испр. и доп. — М.: Просвещение, 1991. — С. 119.
3. Лурия А.Р. Основные проблемы нейролингвистики. — М.: Изд. Москов. ун-та, 1975. — С. 44.
4. Тіл білімі сөздігі / Жалпы ред. басқ. Э.Д.Сүлейменова. — Алматы: Ғылым, 1998. — 232-б.
5. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. — Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. — 151-б.
6. Гинатулин М.М. К исследованию лексических единиц. — Алматы: Наука, 1973. — С. 32.

Психолінгвистикадағы лексикон туралы пайымдаулар

Кенжеғалиев С.А.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье рассматривается проблема исследования лексикона в психолінгвистике. Связь языка как историко-культурного явления с народом, отдельной личностью объясняется с психологической точки зрения. Приводятся примеры возникновения психологической парадигмы в казахском языкознании в сочетании со взглядами А.Кунанбайулы, А.Байтұрсынулы, Ж.Аймауытулы.

The article devotes problem of research of lexicon in psycholinguistic. The combination of language like as historic-cultural thing is understood by psychologistic position. There are examples of appearing of psycholinguistic paradigmes in combination by opinions of A.Kunanbaylu, A.Baytursunulu, Zh.Aymaulytuylu.

Психолінгвистиканың пәнін айқындауда даулы мәселелер баршылық, қазіргі психолінгвистикадағы бірқатар қағидалар нақты емес, зерттеуге алынған мәселелерде айқын меже жоқ десе де болады. Бұл жайттан психолінгвистика осы күнге дейін арыла алмай отыр. Себебі оның қамтып отырған проблемалар аясы өте кең, әр алуан, әр текті. Басқа сала өрістеріне жиі жайылып кетеді. Мұның өзі біздің зерттеуімізді бұлдыр шексіздікке апарып соғардай әсер етеді. Сондықтан ділдік лексиконға қатысты айқын деген құбылыстарды негізгі нысанаға алуға тура келеді.

Психолінгвистика аясында тіл білімінің философиялық аспектісі мен психологияға арналған зерттеулер баршылық. Бұлардың қатарына тіл мен ойлау, тіл мен сананың өзара ықпалы мәселесіне арналған, онтогенездік және филогенездік тұрғыдан адам санасының қалыптасуына бағытталған еңбектер жатады. Ойлаудың таңбалық сипаты проблемасы да осы тұрғыдан зерттеліп жүр. Мәселен, неогумбольдтшіл Лео Вайсгербердің «Ана тілі және рухтың қалыптасуы» атты еңбегі тіл философиясы тұрғысынан жазылған. Солай бола тұра бұл ғалымның осы еңбектегі пікірлеріне психолінгвистер дәйек ретінде жиі назар аударып отырады. Вайсгербердің психолінгвистикаға сүйеніш болып жүрген кең тараған бір пікірі мынадай [1; 14]. Ғалым таңбаның мүмкіндігін саралай келе, таңбаның мынадай қызметтерін көрсетеді:

1) оқиғалар легіндегі бір сәтті белгілейді, ол сәтті басқа сәттерден өзгешелейді де сол арқылы оған жаңа айқындық, анықтық қосады;

2) тәжірибе арқылы сезінуді еркін түрде қайта қайталауға мүмкіндік береді және оны жеңілдетеді;

3) түрлі сезім толқыныстарының арасын байланыстыруға көмектеседі де, соның арқасында нақты бір сезім толқынысынан көптеген басқа құбылыстарды жалпылап ойлап қорытып шығаруға болады.

Ділдік лексиконның түзілуінде бұл қызметтер белсенді әрекеттерге жатады.

Мәтінді ұғыну-ұғындыру туралы ғылым ретінде герменевтика да психолінгвистикамен жақын, шектес. Герменевтикада сөз (сөйлеу іс-әрекеті) мәтіннің өзі мен оның қабылдануы, болмысты адамның түсіндіруі мен түсінуінің тұрғысынан қарастырылады. Герменевтикада да, психолінгвистикадағы сияқты, мәтінді интерпретациялаудың көптүрлілігі, көп нұсқалы болатыны туралы қағида бар. Бұл жайт ділдік лексикондағы сөзұғыным үдерісінде де кездеседі.

Психолінгвистикада мәдениеттану мен ұлттық психологияға, ұлттық танымға шектесетін бірқатар ортақ проблемалар бар. Атап айтсақ, тіл-тілдегі әлем бейнелерінің арасында айырмашылықтың болуы тілдердің құрылымымен ғана емес, сол тілде сөйлеушілердің дүниені өзінше, сол тілдің «көзімен» көруімен де байланысты екендігі туралы ойлар. Дәйек ретінде мына бір қағидаларға ой жіберіп көріңіз. Данышпан қазақ шығарған мақал: «Сөзіне қарай кісіні ал, — Кісіге қарап сөз алма» [2]. В. фон Гумбольдт: «Тіл — халықтың рухы, мәні» [3]. Л. Вайсгербер: «Тілде халықтың тәжірибесі, сол тілдің өкілдеріне маңызды дегеннің бәрі сақталады» [1; 15], — деген Ділдік лексиконның түзіліп, қалыптасуындағы ұлттық факторлар үлкен-үлкен зерттеулерді күтіп тұр.

Қазақ тіл білімінде психолінгвистика дербес сала болып қалыптасқан жоқ. Жоспарлы түрде зерттеу мен оқытудың өзі санаулы ғана уақыттың еншісінде. Оның бір айқын дәлелі — қазақ тілінде атап көрсетерліктей іргелі арнайы зерттеу еңбегі немесе оқулықтың қолда жоқтығы. Бізде тіл құбылыстарының психикамен байланысы модальділік шеңбері көбіне мағынадағы эмоционалдық-

экспрессивтілік аясынан аспайды десек, асырып айтқан бола қоймайды. Себебі қазақ тіл білімінде сөйлеу үдерісі емес, тіл зерттеледі. Көп тұста тіл мен сөйлеудің ара жігі ажыратылмай талданады. Бір дәйек келтірейік: «Психолінгвистикалық құбылыстар (түйсік, қабылдау, сезім т.б.) сөйлеу үдерісіне тікелей қатысады. Адам ауызекі немесе жазба тіл арқылы қатынас жасағанда, белгілі бір ұғымды білдірумен бірге, сол ұғымға деген өзінің көзқарасын да қоса аңғартады. Демек, тіл ойды ғана емес, сонымен қатар адамның сезімін, жан дүниесін де білдіреді. Мысалы, *оңбаған, қаныпезер, жауыз* немесе *сұлу, әдемі, көрікті, керім* сияқты синонимдік қатардың құрамындағы сөздер бір-бірінен тек лексикалық мағынасымен ғана емес, сонымен қатар эмоциялық бояу-реңкімен де ажыратылады. Айтылу мақсатына қарай хабарлы, лепті, бұйрықты, сұраулы болып келетін сөйлемдерде адам психологиясына, ішкі дүниесіне әр түрлі әсер етеді». Бұл «Қазақ тілі» энциклопедиясының алынған дәйексөз қазақ сөйленісінің психологиялық қыры тың жатқанын көрсетеді [4].

Әрине, бұл қазақ тіл біліміндегі психологизмді тақыр жерге орнату деген сөз емес. Оның нышандарын сөзтануға қатысты әдебиеттерден кездестіруге болады. Тіптен, Абайдың өзінің: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар»:

- әуелі, көкірегі байлаулы берік болмақ керек;
- екінші, сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек;
- үшінші, сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек;
- төртінші, сол кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек.

Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік я бір қайғыға салынып, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе — күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер», ал «Он тоғызыншы қара сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе... білгені, көргені көп болған адам білімді болады» [2; 173], — деген сөздерін психолінгвистикалық санаттар тұрғысынан қарастыруға әбден болады. Сөз арасында айырықша атайтын бір тарихи идея бар. Өкінішке қарай, идеологиялық субъективизм кесірінен жанданып, дамытылмай қалды. Ол — Ахмет Байтұрсынұлының: «... ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады», — деп сөйлемге тауып белгілеген талабы. Психология мен тіл білімінен хабардар адам мұндағы «ауыздан шыққан сөз», «айтушы», «ой», «тыңдаушы», «ұғарлық», «түсінікті болып айтылған» деген ұғымдарды сөйлеу іс-әрекетінің психологиясынан да кезіктіретін еді. Бірақ қазақ кеңес тіл білімі мұны «жылы жауып» қойды да, «сөйлем дегеніміз — аяқталған ойды білдіретін синтаксистік тіркес» деген анықтаманы дәлелдеуді, өзгертуді қажет етпейтін қасаң қағидаға (аксиомаға) айналдырды [5; 264].

А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде әдебиетті сөзді іске жарату тұрғысынан қарайды. Сол себепті де оның пікірлері психолінгвистиканың, оның келелі мәселесі ділдік лексиконның қазақ филологиясындағы бағдарламасындай әсер етеді:

«Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге.

Ақыл ісі — аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі — мегзеу, яғни ондағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі — тую, талғау.

Тілдің міндеті — ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың мегзеуін мегзегенше, көңілдің туюін түйгенінше айтуға жарау». Мұнан соң ғалым ділдік лексиконның тұғырлы нысандарын айқындайды: «... жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын мегзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек. Мүддесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады. ...Әркімнің өз салты болғанымен, ол салттар жалпы сөз тізу шарттарынан аса алмайды. Сөз шығарушылар, әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білу қажет.

...Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару — сөз шығару болады» [6; 10–17]. Көріп отырғанымыздай, жеке адамның тілді жаратуы психолінгвистиканың бір саласы сөз саптау (производство речи) мәселесімен ұласып жатады.

А.Байтұрсынұлы мұрасында ділдік лексиконның нақты негіздерін көрсетіп беретін пайымдамалар баршылық. Мына бір пайымдаманы ділдік лексиконның қазақ тіл біліміндегі алғашқы ғылыми түсіндірмесі деуге әбден болады: «Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді *өзіңше қолданады, өзіңше тұтынады* (қоюлатқан біз. — С.К.). Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әр түрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «Амансыз ба?» деп, біреу «Есенсіз бе?» деп, біреу «Сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «Күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Сол сияқты, әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздерді әрқайсысы әр түрлі қолданады. Қысқасын айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өз оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөздер сол адамның тілі болады» [6; 18,19].

Ғалым ділдік лексикондағы сөзді тану үдерісінің жалпы сипатын беруде айтушының айтатын нәрсені жетік білуі керектігін, себебі адамның мұндайда «ашық» сөйлейтінін, ал толық таныс емес сөзді «көмескі, күңгірт» баяндайтынын басшылыққа алады [6; 20].

А.Байтұрсынұлы сөзді қолданудағы инсанның психикасында болатын объективті үдеріс өзектендіруді анық байқаған: «Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде, сөзі толық түсінікті болу үшін, дерексіз заттарды деректі затша, пернесіз заттарды пернелі затша қалыптастырады. Жансыз затты жанды заттай ғамалдайды» [6; 23].

Ойды сөзбен хабарлаудың алгоритмдік өңделуі туралы алғашқы бастау пікірді де А.Байтұрсынұлынан табуға болады. Бір дәлел: «Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін керек:

- 1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;
- 2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;
- 3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру» [6; 19].

Сондай-ақ, психолінгвистикадағы гештальт мәселесінің алғашқы ұшқындары А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінен орын алған [5; 335,336; 364–366].

Инсанның сөзді танып-білу үдерісінде сөзді көру, есту арқылы графика-фонемалық деңгейде танудың маңызы зор екені — қазіргі психолінгвистика теориясында дәлелденген жайт. Мұның маңызын А. Байтұрсынұлы да тілді оқыту әдістемесіне арналған еңбектерінде айырықша атап көрсетеді [5; 324; 357–363; 368–372].

Қазіргі этнопсихолінгвистикадағы өзекті мәселенің бірі белгілі бір тіл әлеміне еңбек инсанның мәдени-психологиялық толқыныстарының себебін А. Байтұрсынұлы мынадай жайттардан көреді: «Современная культура не есть создание одной какой-нибудь нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всего человечества. В культуре каждой нации, кроме собственного творения, имеются заимствования, и на смешение их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного. Заимствования бывают и при покорении одной нации другой, и при мирном общении народов друг с другом. При этом сходные формы религии, обычаев, нравственности, общественной организации, сродность наклонностей, инстинктов, психологии и т.д. облегчают процесс заимствований и смешения культур» [5; 419, 420].

Ж.Аймауытовтың «Психологиясында» да ділдік лексиконды зерттеуде ескеруге тұрарлық ойлар баршылық. Ділдік лексикон функционалдық-динамикалық жүйе ретінде көрінеді, осыған ғалымның мына бір аналогиясы орайласады: «Ағаш» деген ұғымды жүз түрлі ағаштың бернесінен құрастыру негізінде болмайды. Болса, біздің ойымыз тым шабан жүрер еді. Осындай көп бернелерді ықшамдап, оңайлату үшін сөз қолданылады, сондықтан ойымыз шағындалып, аз уақытта көп нәрсе ойлайтын боламыз. Ойды өнімді қылатын сөз екен» [7; 190]. Ж. Аймауытұлының тілдің шығуын психологиялық негізден іздеуі де зейін қоярлық жайт [7; 191–193]. Ж. Аймауытұлы жеке адамның сөйлеу әрекеті туралы проблемалардың бір парасын санамалап береді. Олар сұрақ түрінде берілген: «Сөйлеу мінезі, қалай сөйлейді? Аз ба? Көп пе? Зауықты ма? Зауықсыз ба? Жылдам ба? Баяу ма? Тәптіштеп пе? Қысқа ма? Бір тегіс пе? Кібірттік пе? Тілге байлығы, ойлағанын үнемді, еркін айта ала

ма? Жан толқындары сөзіне қандай рең береді? ... жазғандағы тілі, баяндағандағы тілі, қол сермесі, сөйлегендегі бет құбылысы» [7; 285].

Жеке адамның семантикалық жады ділдік лексиконның қалыптасуына ерекше ықпал етеді, тіпті, қазіргі психолінгвистикалық кейбір зерттеулерде бұл екеуін теңестіріп қарау да бар. Осы тұрғыдан келгенде, Ж. Аймауытұлының жадты ассоциациямен (оны «іліктестік» деп атайды), зейінмен (Ж.Аймауытұлы терминологиясында — «ілітпат») сабақтастыруы [7; 152–161] лексиконды зерттеуге өзгеше бір жол сілтеп тұрғандай әсер етеді.

Сөйтіп, қазақ ғылымында психолінгвистиканың аты аталып, арнайы зерттелмегенмен, сөйлеу мен психиканың ықпалдастығы жайлы, жеке инсанның сөз саптауы туралы зерттеуге азық болар пайымдар бар екеніне көз жеткізуге болады. Әрине, зерттеуімізде бұларды тұғырламасақ та, тұрғы ретінде ескеріп отырамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. *Белянин В.П.* Психолінгвистика. — М.: Флинта, 2003. — 232 с.
2. *Құнанбаев А.* Шығармаларының екі томдық толық жинағы. — II т. — Алматы: Ғылым, 1977. — 312 б.
3. *В. фон Гумбольдт.* Избранные труды по языкознанию. — М.: Прогресс, 1984. — С. 32.
4. *Арын Е.М.* Қазақ тілі энциклопедиясы. — Алматы: «ІДК-ТІРО», 1998. — 321-б.
5. *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 264 б.
6. *Байтұрсынов А.* Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. — Алматы: Атамұра, 2003. — 208 б.
7. *Аймауытұлы Ж.* Психология. — Алматы: Рауан, 1995. — 312 б.

ӨОЖ 811.512.122.378.096.

Еліктеу сөз табының кейбір морфологиялық және сөзжасамдық мәселелері

Пірімбетов Т.Т., Сапарова К.О.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье рассматривается история происхождения подражательных слов, при этом особое внимание уделяется сравнительному обзору научной литературы в данной области исследования. Автор, останавливаясь на общих вопросах словообразования, более подробно характеризует морфологические и словообразовательные способы образования исследуемой группы слов.

In article is considered the history of imitative words, thus special attention is given to the comparative review of the scientific literature in the field researches. The author stopping on the general questions of word-formation, characterizes morphological and word-formation ways of formation of investigated group of words in more details.

Қазақ тілі әлемдегі бай тілдердің біріне жатады. Тілдің лексикасының үнемі дамып толығып отыруы экстралингвистикалық факторлармен де тығыз байланысты. Тіліміздің сөздік қорының бойындағы негізгі қызметті қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атқарады. Сөзжасам жүйесіндегі тіл көне заманнан бері үнемі толығып, дамып, күрделеніп, әбден қалыптасқан заңдылықтар арқылы жүзеге асты. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап тіл білімінде қарастырыла бастаған сөзжасам туралы көптеген еңбектер, зерттеулер жүргізіліп, соның нәтижесінде сөзжасам лингвистикалық зерттеудің лексикамен және морфологиямен терезесі тең жеке сала ретінде қалыптасты. Оның ерекшелігі сөздердің арасындағы байланыс, қатынас лексика-семантикаға, морфологияда формаға келіп тірелсе, ал сөзжасамда семантикаға да, формаға да екі жақтан бірдей қатысты болып келеді. «Қазақ грамматикасында» сөзжасам туралы былай делінген: «Сөзжасам тіл білімінің басқа салаларының ешқайсысы атқара алмайтын қызметті жүзеге асырады. Ол — сөзжасамның туынды сөз, жаңа сөз жасау қызметі» [1; 193]. Оның сөзжасамдық ірі бірліктер болып саналатын сөзжасамдық ұялар, сөзжасамдық ұяның құрамындағы мүшелердің қызметі, тағы басқа тек сөзжасамға қатысты

зандылықтар сөзжасамды тілдің басқа салаларынан ерекшелендіретін сөзжасамдық деңгейі, оның өзіндік нұсқалары барына байланысты. Ол сөзжасамдық өзіндік нұсқаларына сөзжасамдық түр мен сөзжасамдық үлгілер жатады. Н.О. Оралбаева өзінің сан есімнің сөзжасамдық жүйесін зерттеу жұмысында сөзжасамға былай деп анықтама беріп өтеді: «Сөзжасам өз алдына зерттеу объектісі бар тіл білімінің жеке саласы. Сөзжасам объектісіне сөз жасаушы тәсілдер, сөз жасаушы тілдік элементтер, сөзжасамдық типтер мен тізбектер, сөзжасам үлгілері, туынды сөздер, олардың түрлері, сөзжасамдық заңдылықтар мен мағына, сөзжасамның сөз таптарына қатысы сияқты күрделі мәселелер жатады. Бір сөзбен айтқанда, сөзжасам тілдің сөзжасам жүйесін зерттейді» [2; 5].

Сөзжасамның ерекшеліктерін атай келе, оның тіл білімінің басқа салаларымен байланысы жоқ деп айтуға болмайды. Өйткені қандай да тіл білімінің саласы болмасын барлығының зерттеу объектісі бір, ол — сөз. Барлық тіл білімі саласының зерттеуінің негізгі көзі сөз болғандықтан, олар бір-бірімен қашан да тығыз байланыста болады.

Морфологияның құрамында қарастырылып келген сөзжасамның одан ерекшелігі сөзжасам жаңа сөз жасаушы морфемаларды анықтаса, ал морфология грамматикалық тұлғаларды зерттейді.

Жалпы осы сөзжасам жүйесіндегі көптеген тілдік құбылыстар, заңдылықтар сонау көне түркі тілінен бастау алған. Оған куә ретінде Орхон–Енисей ескерткіштеріндегі грамматикалық заңдылықтар негіз болады.

«Орхон–Енисей жазба тілдерінде шетел кірме сөздерінің аз ғана мөлшері бар — кейбір лауазым атаулары, қытай және соғды тілдерінен этно- және топонимдер» [3]. Осы зерттеу нәтижесінен сол кездің өзінде-ақ сөзжасам жүйесінің өзге шет ел тілімен де толығын көруге болады. Сондай-ақ көне жазба ескерткіштерінде сөзжасам жүйесінің ертеден-ақ қалыптасып бүгінгі күнге негіз болғандығын көптеген ғалымдар еңбектерінде де айтылған. Осыдан тілдің сөзжасам жүйесі ертеден қалыптасқан тек тілдің даму процесінде сөз жасаушы элементтер, сөз жасау тәсілдері, модельдері өмірдің елеулі өзгерістеріне сәйкес бірде активтеніп, бірде пассивтеніп, бірде мағынасы кеңейіп, тіпті кейде қолданыстан шықса, енді бірде жаңа қосымшалармен толығып отырды.

Сөзжасам жүйесі әр дәуірдің жаңалығымен бірге де толығып отырады. Осы салада еңбек сіңіріп жүрген ғалымдар қауымының ізденістерін бір арнаға тоғыстыру тіл мамандарының ғана емес, ана тілін ардақтаған, сөз байлығын түгендеген әрбір азаматардың монографиялық еңбектерінен көруге болады. Ертедегі әдеби мұраларымызда, бай ауыз әдебиетімізде қолданылған, бірақ қолданыстан шығып қалған әр сөзді мағынасымен қолдана білу үшін жинақтап, болашақ ұрпаққа ұғындыру, тіл мәдениетін көтеру, көнерген, ескірген сөздердің бәрін бірдей қолданыстан шығарып тастамай, әр сөзді жарасымдылығымен орнын тауып қолданып, тілімізді әрлендіру сөзжасам қорын кеңейтеді.

Қазақ тіл білімінде қалыптасқан 9 сөз табы бар, олар: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, одағай және еліктеу. Әр сөз таптарының ерекшеліктеріне байланысты сөзжасамға қатысу қабілеті әр түрлі. Басқа сөз таптарына қарағанда зат есім, сын есім, етістіктер сөзжасам процесінде әлдеқайда белсенді түрде қатысса, ал сан есім, еліктеуіш сөздер, одағай сияқты сөз таптарының сөзжасамдық мүмкіндігі төмендеу. Шылауға келетін болсақ, оның сөзжасамдық элементтері өте аз. Осыған қарап қазақ тіліндегі барлық сөз таптарының мүмкіндігі бірдей еместігін байқауға болады.

Еліктеуіш сөз табының сөзжасамын теориялық тұрғыдан зерттеуді бастаудың қажеттілігі туралы мәселесі туындап отыр. Қазақ тіл білімінде еліктеуіш сөздер өзге сөз таптары сияқты семантикалық ерекшеліктері бар, грамматикалық сыр-сипаты айқын, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан өзіндік орны бар әрі өзге сөз таптарынан окшауланып тұрады. Әрі еліктеу сөз табы қазақ тілінде біршама зерттелген, талқыланып және оның түрлері еліктеуіш пен бейнелеуіш сөздердің қазақ тіліндегі дербес сөз таптық болмысы негізделіп, лингвистикалық статусы қалыптастырылып, атқарар рөлі, яғни мағыналық құрылымы, сөйлемдегі синтаксистік қызметі, морфологиялық, коммуникативтік-прагматикалық қасиеттері, айқындалған. Сондай-ақ еліктеу сөз табынан туған басқа да сөз таптары да сараланған.

Бірақ еліктеу сөз табы сөзжасам саласында әлі терең зерттелмеген, ашуы жетіспей тұрған бір теориялық мәселелері жеткілікті. Бұған дейін тек жеке монографиялық еңбектерде морфологиялық деңгейде қарастырылып келді. Қазақ тіл білімінде еліктеу сөз табына жеткілікті түрде мағыналық тұрғыдан талдау жасалынса да, олардың сөзжасам жүйесіндегі атқарар рөлі мен сөйлемдегі синтаксистік қызметі қарастырылмаған. Оның сөзжасамдағы мағыналық құрылымын, морфологиялық, синтаксистік және коммуникативтік-прагматикалық қасиеттерін айқындауға жеткіліксіз болып отыр.

Еліктеу сөзінің шығу тарихына келетін болсақ, ең алғашқы адамдар тілі осы еліктеу сөздерінен барып шыққан деп XVIII ғ. тілші-ғалымдар дәлелдеуге тырысса, ал, керісінше, қазіргі таңдағы батыс лингвистері олардың нақты лексикалық мағынасы жоқтығын алға тартып, оларды тілдегі сөз жүйесіне қосқылары келмейді. А.М. Щербак өзінің «Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков» атты еңбегінде «у изобразительных слов — совершенно особый тип значения, подражательный, образный. Следовательно, и изобразительные слова наряду с самостоятельными и служебными входят в систему средств языкового общения» деп ол өз пікірін ұсынады [4]. Оның тіл біліміндегі жалпы зерттелуі жөнінде ұсынысын К.Құсайынов «Звукоизобразительность номинации в казахском языке» атты диссертациялық еңбегінде ары қарай нақтылай түседі [5]. Түрлі сөздердің сөзжасамы жазу-сызу пайда болған кезден бастап бастау алған, ал сол сөздерді жүйелейтін сөздіктер қажеттілігі әр түрлі мақсат-мүдделерге сай, белгілі жүйе бойынша топталып, нақты ұғымдарды білдіретін нышандардан, белгілерден, сөздерден жасалған азаматтың даму жолын айғақтайтын куәлік тәрізді, рухани мәдениеттің жазба шежіресі.

Гректің ұлы ойшылдары Аристотель мен Платон саралай келе, сөз атаулыларды екіге бөліп қарастырған. Олар: есімдер және етістіктер. Ал кеңірек зерттеле келе сол елдің грамматисі (б.э.б. I ғ.) Дионис Фракийский сөз таптарын сегізге бөлген. Осы қағидаға сүйене отырып, өзге елдің ғалымдары да орта ғасырларға дейін сөз табын сегіз деп келді. Оның ішінде еліктеу сөз табы болған жоқ. XX ғ. 20-жылдарына дейін еш зерттеле қоймаған еліктеу сөздерді көне түркі тілдерінің чуваш тілінде алғаш зерттеген Н.И.Ашмарин болды. Оны түркологиядағы еліктеу сөздің атасы деп таниды. Одан кейін Н.И. Ашмариннің салып кеткен жолын ары қарай зерттеп жүйелеген Н.К. Дмитриев болды. Ол оғыз тіліндегі еліктеу сөздерді зерттеді. Ары қарай Ресей мен Орталық Азия республикалары ғалымдары зерттеу нәтижесінде қомақты зерттеулер жарық көрді. Бірақ еліктеу сөздерді үндіеуропалық тілдердегідей 1950 жылдарға дейін түркі тілдерінде де бірде одағайлардың, бірде үстеулердің қатарында қарап келді. Қазақ тіліндегі еліктеу сөздермен ең алғаш А.Ысқақов, содан кейін Ш.Сарыбаев, А.Қайдаров, К.Құсайынов, Б.Катембаева, тағы басқалар зерттеген. Ал М.Жұбанова және А.Ислам ағылшын және қазақ тілінің еліктеу сөздерін кандидаттық диссертацияларында өзге тілдермен салғастырып қарастырған.

Еліктеу сөзі бірқатар тілдерде күні бүгінге дейін де одағайлар мен үстеулер қатарында қарастырса, көптеген түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде де еліктеуіш сөздердің лингвистикадағы статусы айқындалып, одағай сөз табынан бөліп алынып жеке сөз табы ретінде қарастырыла бастады.

«Қазақ тілі» грамматикасында сөз таптарын негізгі сегіз топқа бөлген. Олар: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, одағай. Ал 1948 жылы қазақ тіліндегі еліктеу сөзінің атасы ретінде тануға болатын А.Ысқақов осы мәселеге байланысты жазылған мақалаларында қазақ тілінде тағы бір сөз табын кіргізуді ұсына келе көптеген зерттеулер нәтижесінде 1954 жылы «Қазіргі қазақ тіліне» еліктеу сөзді 9-шы сөз табы ретінді кіргізіп, қазақ тіл біліміне өзгерістер енгізді. Содан бері еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер кеңінен зерттеліп, жеке дара сөз табы ретінде тілдік категория болып есептелінді. Ол кейбір тілдерде, атап айтқанда, үндіеуропалық және неміс тілдерінде әлі де болса еліктеу сөзі одағайлар құрамында қарастырылып отыр.

Еліктеу сөздері негізінен ертеден қалыптасқан тілдік құбылыс, өзге сөздер сияқты тілдің даму барысында біртіндеп өз құрамын жетілдіріп, әр халық көркем әдебиеттерінде, ауызекі тілдерінде қалыптасып, қордаланған дүние.

Бұған дейін А.Байтұрсыновтың 1914 жылы жарық көрген «Тіл — құрал» атты еңбегінде одағайлар мен еліктеу сөздерді бір сөз табына жатқызылса, кейіннен 1925 жылғы нұсқасында одағайларды өз ішінен еліктеуіш және лептеуіш деп бөлген [6].

Дегенмен де бұл сөз табының бөлінуі өз шешімін таппаған, әлі де болса пікір таластырып отырған мәселе уақыттың еншісінде қалып отыр. Еліктеу сөз табының түрлері, еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің лексика-семантикалық сипаты, коммуникативтік-прагматикалық сипаты, сондай-ақ түбір еліктеуіш пен бейнелеуіш сөздерден сөзжасамдық тұрғыда жасалған зат есімдер, етістіктер, сын есімдердің өздеріне тән ерекшеліктерді айқындап, саралау; еліктеу сөздердің түркітанудағы, оның ішінде қазақ тіліндегі жалпы зерттелу жақтарын қарастыру, сондай-ақ еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің семантикалық, морфологиялық, синтаксистік сипатындағы ерекшеліктері, оның ішінде олардың мағыналық тұрғыдағы, сөзжасамдағы сөз тудыру, сөйлемдегі орны мен сөйлем мүшелерімен тіркесу жағдайларын қарастыру бүгінгі күннің мәселесі болып отыр.

Еліктеу сөз табын сөзжасам тұрғысында қарастыру туралы осы күнге дейін дау туғызып отырған мәселелер көп. Жан-жақты зерттеуді әлі де болса талап етіп отырған мәселе болып отыр. Оны лингвистикада «ономатопика» терминімен беруге болады. Грек тілінен алынған бұл терминнің мағынасы *onoma* — атау, *poesis* — жасау, яғни *onomatopoica* — сөз жасау болады. Ал сөзжасам жүйесінде толық ашылып зерттеле қоймаған бұл сөз табы туралы әр тұрғыдан зерттеулер жүргізілсе де, сөзжасамдық тұрғыдан нақты зерттеу нысанына айналмай отыр.

Еліктеу — сөз жан-жануарлардан, заттардан шыққан түрлі дыбыстарды, яғни, тілдік емес акустикалық түйсікті адамға тән артикуляциялық органдардың көмегі арқылы тілдік дыбыстармен беруге тырысу.

«Еліктеуіш сөздер семантикалық жағынан алғанда, біріншіден, табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысу я соқтығысуларынан тұратын, сондай-ақ неше түрлі жан-жануарлардың дыбыстау мүшелерінен шығатын, әр түрлі қимыл әрекеттерінен туатын, әрқилы дыбыстарға еліктеуден пайда болған түсініктерді білдірсе, екіншіден, сол табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың және түрлі жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаты мен қимыл-әрекеттерінің қилы-қилы көріністерінен пайда болған түсініктерді білдіреді» [1; 320].

Еліктеу сөз табы семантикалық тұрғыдан екіге бөлінеді: дыбыстық еліктеуіш сөздер және бейнелеуіш сөздер. Екеуінің атқарар қызметіне қарай өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады. Дыбыстық еліктеуіш сөздер табиғаттағы, қоршаған ортадағы, күнделікті тіршілікте кездесетін неше түрлі алуан дыбыстардың тілде барынша дәл берудегі еліктеуден тұрса, ал бейнелеуіш сөздер семантикалық мағыналары сол табиғат пен қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың сыртқы бейнесін іс-әрекетін көзбен көру арқылы туатын түсініктердің атаулары болады. Сонымен қатар олардың семантикалық тұрғыдан ғана емес, фонетика-грамматикалық жағынан да өзіндік айырмашылықтары бар. Басқа елдің де тіл грамматикаларында да еліктеу сөзін екіге бөлу фактілері бар. Орыс тілінде подражательные слова болса, ал еліктеуіш пен бейнелеуіш сөздерді звукоподражательные и образоподражательные, немесе звукоподражательные и звукообразные, слова деп бөліп қарастырады [7]. Бұл термин түркі тілдеріне алғаш орыс тілінен келіп кірген болса керек. Осы еліктеу сөздерінің екі түрінің айырмашылығына тоқталатын болсақ, еліктеуіш сөздер қандай да бір дыбыс атауын дәл жеткізуге тырысса, ал бейнелеуіш сөзде ештеңеге еліктемей тек әсерлі, ерекше етіп суреттеп, мәнерлі түрде бейнелейді. Мысалы: *Ай-Шешек ұзын, аппақ мойнын сәл қисайта, үміт, күмән аралас жүзбен, сынай қарап қалт бөгелді* [8; 329]. *Жалт қарап еді: Хамиттің атының тізгінінің бір жағы лесниктің қолында тұр екен* [9; 14]. *Қала шырт ұйқыда, ұйқыда болғанда, оянбайтын ұйқыда екен* [9; 66]. *Ол орнынан лып етіп түрегеліп, Ақраштың созып жіберген аяғының үстінен аттап өтті* [10; 57]. Осы сөйлемдердегі *қалт, жалт, шырт, лып* бейнелеуіш сөздері көркемдік, бейнелілік бір әсер беріп тұр, бірақ ештеңеге еліктеп тұрған жоқ. Ол мына мысалдардағы еліктеуіш сөздерде керісінше: *Маған міндет қылатының мынау шоқпым па? — деп долы әйел көсеуді лақтырып жіберіп, көйлегінің өңірін дар-дар жыртып* [10; 55]. *Сол кезде зор қуатқа шыдамай, Қалдыбайдың белбеуі бырт үзіліп кетті* [10; 39]. *Шаңқ-шаңқ еткен білте мылтықтың даусы естіледі* [11; 19]. Еліктеуіш сөздер мен бейнелеуіш сөздер құрамындағы дауысты дыбыстардың ашық немесе қысандығы, жуан не жіңішкелігіне қарай сөздің мағынасына әсер етіп қана қоймай, сонымен бірге көп мағыналы болуымен бірге ауыспалы мағынада да қолданысқа түсе алады. Белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін өзіне қатысты мағыналық сөздермен тіркесе отырып атқара алады. Сондай-ақ бұл сөздерден сөзжасам жүйесінде түрлі жаңа сөздер жасалып, тілдік сөздік қорын байытуда өзіндік қызметі ерекше. Яғни көркем әдебиетте шығарма кейіпкерлерінің сырт пішіні мен түр-тұлғасын, іс-әрекеттерінің қимыл-қозғалысын, әр түрлі заттар мен жан-жануарлардың мәнерлілігін дәл сипаттайтын, шебер түрде жеткізе алатын таптыртпас құрал ретінде құндылығы жоғары еліктеу сөз табының қолданысында өзіндік ерекшелігі айқындалған.

Сөздік қор ұдайы даму үстінде үнемі толығып, басқа тілден енген сөздермен болсын, өмірдің әр саласына қатысты жаңалықтармен бірге келген сөздермен болсын жаңа ұғым туғызып, олар тілде жаңа сөздер, атаулар қалыптастырады. Бірақ ол тілдегі сөздік қордың көбейуінің негізгі жолы емес. Тілдің ішкі мүмкіндігіне байланысты тілдегі бар сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтар, яғни сөзжасамдық тәсілдер, арқылы туынды сөздер жасалады. Бұдан тілдегі туынды сөздердің көне заманнан бері қарай қолданылып келе жатқан сөзжасамның негізгі үш тәсілі арқылы іске асады, олар:

- 1) синтетикалық;
- 2) аналитикалық;
- 3) лексика-семантикалық тәсіл.

Ертеден қордаланып жинақталған тіліміздегі барлық сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтарды қандай ретпен қолданудың заңдылықтарын қалыптастыратын осы тәсілдердің рөлі айтарлықтай айқындалған. Осы үш тәсілдер бойынша еліктеу сөз табының жасалуы, сөзжасам тұрғыдан қандай заңдылықтармен жасалатыны жөнінде тіл білімінде қалыптаса бастаған жүйелі іздері көп. Оны осы сөзжасам жүйесімен айналысқан А.Ысқақов, Н.Оралбаева, О.Тоққожаева, тағы басқалардың сынды еңбектерінен көруге болады. Аталған ғалымдар еңбектерінен тілдегі туынды сөздердің белгілі сөзжасам тәсілдерінің қалыптасқан жүйесі бойынша сөзжасамдық жұрнақтарды туынды сөз жасау үшін қалай, қандай тәртіпте қолданудың жолдары осы тәсілдер арқылы берілгенін көруге болады.

Сөзжасам жүйесіндегі синтетикалық тәсілде сөздің жұрнақ арқылы жасалу жолдарын көрсетсе, ал сол сөздердің мағынасын анықтайтын тәсілді синтетикалық дефиниция қазақ тілі түсіндірме сөздіктерінде атқарады. Ал сөзтізбеге алынған сөздердің мағынасын ашудағы, яғни дефиниция берудегі тәсілі туралы мынадай бір анықтама бар: «Синтетикалық дефиниция — белгілі бір дүниетанымның, құндылықтардың жүйесіне, белгілі бір ұғым немесе түсініктің құрамына енетін зат, құбылыс немесе қатынастырды бір-бірімен өзара салыстыра бағалаудан келіп шығатын, тәжірибеге, қауымның ортақ білігіне негізделіп жасалатын анықтама» [12; 279].

Мысалы: **БЫРТ**: *бырт етті* — *тырс етіп үзілген, не морт сынған дыбыс* [13; 163]. **ШЫҚЫР**: *қатты заттардың үйкелісінен шығатын дыбыс, сықыр* [13; 932]. **ТАРС**: 1. *Құлағанда, ұрылғанда, ашылғанда қатты шығатын дыбыс, үн*. 2. *ауысп. Мықтап, қатты етіп деген мағынаны білдіреді* [13; 185]. **ЖЫЛТ**: *жылт етті* а) *бір нәрсенің кенет жылтырап көрінуі; ә) бір нәрсенің оқыстан кездесуі*. *Жылт еткен* — *көрінген, жаңадан пайда болған, кез келген* [13; 329]. **ШАТЫР-КҮТІР**: *Дыбыстық еліктеуіш сөз. Сатырлаған, күтірлеген дыбыс* [13; 907]. **ШЫЖ**: *шыж етті* — *отқа қатты қызып, шыжылдады*. *Шыж ете қалды* — *дауыстың оқыс шығуы*. *Шыж көбелек болды* — *бәйек болды* [13; 931]. **ШЫЖ-ШЫЖ**: *шыж-шыж етті* — *дыбыс еліктеуіш сөз. Шыр-шыр ету* [13; 932].

Синтетикалық дефинициялардың бір түрі — анықталатын лексикалық бірлікті оның өзін тудырған қимыл-әрекеттің нәтижесі немесе бір бүтін нәрсенің, құбылыстың бөлігі, бөлшегі ретінде көрсететін генетикалық дефинициялар. Генетикалық дифференциялармен түсіндірме сөздіктегі математикалық, физикалық және техникалық терминдер түсіндіріледі [14].

Еліктеу сөз табының синтетикалық тәсілмен жасалу жолы тұрғысынан туынды сөз жасау үшін оның, біріншіден, лексикалық мағынасы болуы қажет етілсе, екіншіден, оның сөзжасамдық жұрнағы болуы керек. Бұлар тілдік бірлікке жататындықтан әрқайсысының өзіндік атқаратын қызметтерімен ерекшеленеді. Мысалы: *Енді үздіксіз тарсыл-гүрсіл басталды* [8; 446]. *Мен сені... қазір... — деп, бұрқылдап орнынан тұра сап, бас отауға қарай тайды* [10; 43].

*Қылаң етіп қылт етіп,
Сылаң етіп, сылт етіп,
Мықындары былқылдап,
Тау суындай саңқылдап,
Сүмбіледей жылтылдап,
Айдынды тұған Қыз Жібек,
Отауға қарай жөнелді....* [15].

Топтанысып, жамырыңқырай сөйлесіп, ақырын сыңқылдап күлісіп, қыз-келіншек ауылдың солтүстік жағындағы жалпақ аламыш қарағандарға қарай жүрді [9; 107]. *Бар жылқы дүрлігіп, дүрсілдете шапқан көсем айғырдың соңынан бұрыла бергенше болған жоқ, аришынды шабдарын ұшыртқан қара шалдың қолындағы ирелеңдеген ұзын шалма ұрымтал жерден найзағайдай зу етіп, құрық мойынға оқ жыландай тәп етті* [16; 11]. *Өзі де сөзінен жаңылып, береке-құты қашып отырған бүйрек бет адан сайын ыңқылдап-сыңқылдап қалып еді* [16; 20]. *Құтырған көк төбеттей арс-ұрс етіп, Бақсыны кім әкелген ырылдатып* [17; 125]. Лексикалық мағынасы бар еліктеу сөздері лексикалық бірліктен және сөзжасам жұрнақтарының қатысуымен жасалады. *Тарсыл-гүрсіл, бұрқылдап, былқылдап, саңқылдап, жылтылдап, сыңқылдап, дүрлігіп, дүрсілдете, ыңқылдап-сыңқылдап, ырылдатып, тағы басқа туынды сөздердің жана мағынасы тарс, гүрс, бұрқ, былқ, саңқ, жылт, сыңқ, дұр, ыңқ, сыңқ, ыр* сөздерінің негізінде жасалған, сондықтан олар негіз сөздер деп аталады. Мағына байланыстылығы туынды мағынаға арқау болған негіз сөздерден жасалынып тұр. Туынды сөзге негіз сөзі болатын лексикалық бірліктер негізінде туынды мағына туындап тұр. Тілдік

зерттеулер нәтижесі де туынды сөз жасайтын лексикалық бірліктердің лексикалық мағынасы болуы керектігін дәлелдеген.

Еліктеу сөздерінің лексикалық мағынасы сөзжасамдық жұрнақтар арқылы басқа сөз таптар жасалып, жаңа лексикалық мағынаға ие болады. Мысалы: *тарс-ыл, сыр-ыл, бұлт-ақ, бұлк-ек, даң-ғыр, қаң-ғыр, дұң-гір, күң-гір* т.б. Еліктеу сөздерінің негізінен *-ыл, -іл, -л, -ек, -ғыр, -гір* сөзжасам жұрнақтары арқылы зат есімдер туындаған болса, *желб-іре, салб-ыра, ұлб-іре, қалб-ыра күрк-іре, дүрк-іре, арбаң-да, ербең-де, күбір-ле, қоқаң-да* т.б. Негіз еліктеуіштерден туынды *-ыра, -іре, -ла, -ле, -да, -де* сөзжасам жұрнақтары арқылы жаңа лексикалық мағынаға ие болып, етістіктіктер жасалған. Осы мысалдардағы негіз сөз қызметін еліктеуіш сөз атқаратын болса, сөзжасам жұрнақтары арқылы жаңа лексикалық мағынасы бар туынды сөздер жасалған. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған бұл сөздер оның құрамындағы негіз сөздерге байланысты. Сөз құрамына талдай отырып, түбірдің қай сөзден жасалғанын, қандай сөз негіз болғандығын анықтай отырып түсіндіруге болса, негіз сөздің мағынасының неге солай екенін түсіндіру мүмкін емес. Мысалға, *арбаңда* сөзінің негіз сөзі *арбаң* болса, *-да* сөзжасам жұрнаға арқылы ол жаңа сипатқа ие болып іс-қимылды білдіретін етістік жасалған. Осы туынды сөзге негіз болған *арбаң* сөзінің мағынасы неге *арбаң* екенін түсіндіру мүмкін емес, өйткені бірнеше мындаған жылдар нәтижесінде осы сөздің өзіндік мағынасы қалыптасып, бәріне бірдей түсінік берген.

Синтетикалық тәсілде сөзжасамдық жұрнақ негізгі мүшенің бірі болып саналады, өйткені оның қатысынсыз ешбір туынды сөз жасалмайды. «Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірлердің құрамындағы морфемалардың әрқайсысының орны бар, негізгі морфема бірінші орында тұрады, көмекші морфема, яғни жұрнақ, екінші орында, негізгі морфема, яғни лексикалық бірліктің соңында тұрады. Туынды түбірдің құрамындағы морфемалардың орны тұрақты» [1; 204]. Кейбір сөзжасамдық жұрнақтар сөздің лексикалық мағынасын мүлдем өзгертпей тек негіз сөздің мағынасын түрлендіретін жұрнақтар болады. Мысалы: негіз етістіктерден жасалған туынды еліктеуіш сөздер: *домала — домалаң, жайна — жайнаң, қызар — қызараң, ағар — ағараң* т.б. сөз мағынасын өзгертпей, оларға түрлі мағына қосқан. Осыған байланысты сөзжасамдық жұрнақтар екі түрге бөлінеді: лексикалық мағына жасайтын жұрнақтар және лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтар. Әр сөз табының өзіндік сөз тудырушы сөзжасамдық жұрнақтары болуымен ерекшеленеді. Еліктеу сөз табының сөзжасамдық жұрнақтары туынды еліктеуіш сөздер жасаса, сын есімнің сөзжасамдық жұрнақтары түбір сын есімнен туынды сөздер жасайтыны сияқты осы жүйе бойынша ары қарай кете береді. Бұдан шығатын қорытынды — әр сөз табының өзіндік сөзжасамы қалыптасуымен синтетикалық тәсіл барлық сөз табында ортақ қызмет етеді.

Аналитикалық тәсіл синтетикалық тәсілден сөзжасамдық бірліктері арқылы ажыратылады. Яғни лексикалық бірлік пен жұрнақ синтетикалық тәсілде туынды сөз жасаса, ал аналитикалық тәсілде жұрнақтан өзге тек лексикалық бірліктер ғана негізгі сөз жасаушы тұлға қызметін атқарады.

Қазақ грамматикасында: «Қазақ тілінде аналитикалық тәсіл жиі қолданылатын, өнімді тәсіл болуымен бірге, оның іштей бірнеше түрі бар: 1) сөзқосым; 2) қосарлау; 3) тіркестіру; 4) қысқарту сияқты аналитикалық тәсілдің төрт түрі бар» [1; 205], — деп берілген. Басқа сөз таптарына қарағанда еліктеуде сөзжасамның жоғарыда айтылып өткен аналитикалық тәсілдің кейбір түрлерінің қолдану аясы тарлау болып келеді. Сөзқосым тәсілінің өзі іштей біріктіру және кіріктіру болып екіге бөлінсе, ал еліктеуіш сөз табында бұл тәсілдер қолданысы сирек. Керісінше қосарлану тәсілі бұл сөз табында қолдану аясы кең, әрі күнделікті өмірде де жиі қолданылады. Екі сөздің қосарлануынан туған мағыналы сөздер қосарлана келіп біртұтас мағыналы қос сөздер жасайды. Қосарлау тәсілі сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіш тілінде де қолданылғанын көптеген зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Яғни сөз тұлғасын жасау кезінде Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде синтетикалық тәсілмен бірге сөз тұлғаларын біріктіретін аналитикалық тәсіл жаңа атау жасауда қолданылған. Аналитикалық тәсілдің бір түрі қосарлау тәсіліндегі қос сөздер кез келген сөздерден құрала бермейді.

Қосарлау тәсілі арқылы жасалған еліктеу сөздерінің жасалуына тоқталар болсақ, олардың сыңарлары бір сөз табынан болады. Мысалы: *арбаң-ербең, арбаң-тарбаң, қиқаң-қиқаң, алпаң-солпаң* т.б. Сондай-ақ қос сөздердің сыңарлары мағыналас сөздерінен *адыраң-едірең, қылмың-жылмың* т.б. гөрі қайталама қос сөздер еліктеуіш сөз табында өте көп қолданылады. Мысалы: *арбаң-арбаң, алиаң-алиаң, ағараң-ағараң, далаң-далаң, елең-елең, елбең-елбең, ербең-ербең, балпаң-балпаң, бортаң-бортаң, бүрсең-бүрсең, жалаң-жалаң, жалбаң-жалбаң, жалтаң-жалтаң, қызараң-қызараң, көлбең-көлбең, қожаң-қожаң, қоқаң-қоқаң* болады.

Аналитикалық тәсілдің тіркестіру түрі сөз табының бұл түрінде өнімсіз. Кез келген сөз таптарымен тіркесе бермейді. Жалаң түрі де күрделі (косарланған) түрі болмасын етістіктермен тікелей тіркессе, ал басқа сөз таптарымен мардымсыз тіркесетін болса, сын есім, үстеу, шылау сияқты сөз таптарымен мүлде тіркеспейді. Мысалы: *Ұру, ұрсу, даң-дұңмен милары ашып, Бастары болып кеткен әңкі-тәңкі* [17; 159]. *Сұңғақ бойлы, аласы аз көзі жарқ-жұрқ еткен Ақкербезді де сол жолы көрген* [10; 20]. — *Мына Арқадаға Кенесарыдан хабар дұңк-дұңк жетіп жатыр* [10; 20]. *Мына бір уақиға есімде қалып қойды: Жемми арқылы табиғаттың құшағында мүлгіген Даубензенге келе жатқанымызда біздің оң жағымыздағы шың басынан бір үлкен тас құлап, тасыр-тұсыр еткен бойымен көлге күмп ете түсті* [18]. *Дәйекші жігіттер жаққан оттар жыпыр-жыпыр етеді* [11; 41]. Осыдан еліктеу сөздерінің толық мағыналы етістіктердің барлығымен тіркесе бермей мағына сәйкестігіне қарай тіркесуін көреміз, әрі *ет* көмекші етістігімен еркін тіркесе беретінін де аңғарамыз. Тіркестіру еліктеу сөзінің тілде емле бойынша бөлек жазылып қалыптасқанымен, басқа сөз табымен тіркесіп жазылғанда мағына дербестігін жоғалтып, біртұтас мағынаны да береді. Еліктеуіш сөздер ет көмекші етістігімен тіркесіп қай формада тұруына байланысты, тұтасымен тұрып бір күрделі мүше болады.

Аналитикалық тәсілдің тағы бір түрі — қысқарту тәсілі. Қазақ тіл білімінде ертеден-ақ қалыптасып бір жүйеге келтірілген бұл тәсіл халқымыздың байырғы тілінен бері келе жатыр. Адам аттарын сыйлау, еркелету сияқты жағдайларда қысқартып айтқан. Мысалы: *Сераға, Нұраға* т.б. Сөзжасам жүйесіндегі зерттелген мәселелер тұрақталынғанмен, ол қатып қалған құбылыс емес. Қазан төңкерісінен кейін аналитикалық тәсілдің көлемі ұлғайып тілімізде күрделі атаулар көбейді. Ол сөздерді айтуда және жазуда ықшамдап айту қажеттілігі туындап, соның нәтижесінде орыс тілінің сөздерді қысқарту тәсілі сөзжасам жүйесіне де келіп қосылды. Кеңес дәуірі кезінде қалыптасып қолданысқа түскен. Мысалы: *КПСС, МТС, партбюро, обком, колхоз, совхоз* т.б. Ал еліктеу сөзінің сөз табында бұл қысқарту тәсілі тән емес. Мүлде қолданыста жоқ.

Лексика-семантикалық тәсіл де тілдің сөзжасам жүйесінде ертеден бері қызмет етіп келе жатыр. «Бір сөздің ешбір жұрнақсыз сөз табына меншіктілігін ауыстыруы құбылысын сөзжасамдық тұрғыдан қарау басым бағыт алды. Сөздің дыбыстық құрамын, тұлғасын өзгертпей, оның бұрынғы мағынасының үстіне тағы да жаңа мағына қосу, сол арқылы бір сөзге бірнеше сөздің қызметін атқарту тілде кең өріс алды» [2; 5]. 1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты ұжымдық еңбекте осы сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі кеңінен қарастырылған. Сөз сөйлем ішінде түрлі мағына беруіне әр түрлі көп мағынаға ие болады. Оның дыбыстық, морфемдік құрылымы сақталып тек жаңа мағынаға ие болады. Тіл білімінде мұндай құбылыс прономинализация (сөздердің бір сөз табынан екіншісіне айналуы) деп аталады. Белгілі бір сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, көп мәнді, ең бастысы омонимдік қатарға келуі арқылы жасалады және сөздердің о бастағы мәнін жоғалту не болмаса әлсірету барысында басқа бір сөз табының қатарынан танылуға жол береді. Тіл жүйесінде омонимдердің бірнеше түрі кездеседі. «Көп мағыналы сөздердің жеке мағыналары арасындағы байланыстың үзілу нәтижесінде пайда болған омонимдердің екі тобы болады. Олардың бір тобы лексика-грамматикалық омонимдер болса, екінші тобы лексикалық омонимдер деп аталады. Лексика-грамматикалық омонимдер — бір мезгілде бірнеше сөз табының қызметінде қолданылатын, генетикалық тұрғыдан туыспайтын омонимдер. Лексикалық омонимдер — бір сөз табының құрамына кіретін, генетикалық тұрғыдан туыстас омонимдер» [12; 194]. Ал кейінгі қазақ тіл білімінде сөзжасамның жеке сала ретінде бөліне бастауына байланысты былай делінген: «Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда конверсия деп атайды. Конверсия жолымен жаңа жасауы — өте көп тараған тәсіл, оның ішкі ерекшеліктері де бар» [1; 207, 208]. Қазақ тіл білімінде осылайша сөзжасам аясында, оның бір тәсілі ретінде қаралатын конверсия құбылысының сөзжасамдық қасиеті мен функционалдық-грамматикалық сипатын да жоққа шығаруға болмайды. Бір ғана *шақ* еліктеу сөзінің бірнеше мағынасы бар. Мысалы: **ШАҚ I.** 1. *Мезгіл, мезет, кез.* 2. грамм. *Іс-әрекет, қимылдың өткен кез, осы мерзім, келер уақытқа тәндігін білдіретін етістік категориясы.* **ШАҚ II.** 1. *Дәл, лайық, құйып қойғандай.*; 2. ауысп. *Қысқа, келте, аз, шағын.* **ШАҚ келмеді** — дәл келмеді, дес бермеді, шыдатпады. **ШАҚ III.** 1. *Жару, қирату, сындыру.* 2. *Бір затты бөлу, есептеу.* **ШАҚ IV.** 1. *Тістеу, талау.* ауысп. *Тіл тигізу, сөзбен шаниу, түйреу.* **ШАҚ V.** *Шырпы, сіріңке жандыру, от жағып, бір нәрсені тұтату.* **ШАҚ VI.** *Наразылығын, мұңын біреуге айту, шағыну.* **ШАҚ VII.** *Әрең, зорға отыр.* **Шақ отыр** — *зорға, әрең отыр.* **ШАҚ:** *шақ етті-* 1. *Бір нәрсенің екінші бір нәрсеге тақ етіп тиген дыбысы.* 2. ауысп. *Адамның бірдеңеге дереу ашу шақырып, бастырмалата жөнелуі.*

Басқа тіл білімін де де, оның ішінде орыс тіл білімінде, бірқатар түркі тіл білімдерінде сөздің бір сөз табынан екінші сөз табына ауысуының жеке тілдік құбылыс ретінде зерттеліп, таныла бастауы тегіннен-тегін емес. «Әуелі сөз жаңа синтаксистік позицияда тұрақты түрде қолданылады, содан кейін жаңа сөз табының морфологиялық белгілерін бойына сіңіре бастайды» деп кенес дәуіріндегі түркі лексикографиясында конверсия жолымен жасалған лексика-грамматикалық омонимдерді жан-жақты зерттеген ғалым А.А.Юлдашев анықтама береді [19]. Түркі тілдерінің сөздіктерінде конверсия құбылысын зерттеу мәселесімен А.А.Юлдашевтен кейін оның шәкірті Ж.М.Гузеев конверсия жолымен жасалған лексика-грамматикалық омонимдер арасындағы семантикалық байланысты ашуда зор еңбек сіңірген. Оның осы мәселе бойынша «Проблематика словника толковых словарей тюркских языков» және «Семантическая разработка слова в толковых словарях тюркских языков» атты еңбектері бар. Қазақ тіл білімінде А.Османова, татарстандық белгілі тіл маманы Ф.А.Ганиев сынды тіл мамандары өз ойларын ортаға сала отырып, дәлелді пікірлер ұсынған.

Дегенмен сөзжасам процесінің алдымен лексикалық құбылыс екенін ескерсек, сөзжасам процесі нәтижесінде еліктеу сөздері мейлі, ол синтетикалық тәсіл арқылы, мейлі аналитикалық тәсіл арқылы, не болмаса лексика-семантикалық тәсіл не конверсия құбылысын арқылы жүзеге асын, жаңа лексикалық мағыналы сөз пайда болады. Тіл байлығын дамытуда бұл процестердің бәрінің де атқарар рөлі жоғары.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ грамматикасы. — Астана: Елорда, 2002. — 784 б.
2. Оралбаева Н.О. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасамдық жүйесі. — Алматы: Ғылым, 1988. — 104 б.
3. Түркі тілдері: Энцикл. басылым. — Астана: Фолиант, 2002. — 134-б.
4. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Наречие, служебные части речи, изобразительные слова. — Л.: Наука, 1987. — С. 123.
5. Хусайынов К. Звукоизобразительность номинации в казахском языке: Дис. ... д-ра филол. наук. — Алматы, 1988. — 300 с.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 261-б.
7. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. — М.: Наука, 1988. — С. 517.
8. Мағауин М. Аласапыран. Тарихи роман. — Алматы: Жазушы, 1988. — 830 б.
9. Сейфуллин С. Повесть және әңгімелері. — Алматы: Казгослитиздат, 1957. — 266 б.
10. Алдамжаров Б. Ұлы сел. Роман. — Алматы: Жазушы, 1988. — 382 б.
11. Есенберлин І. Көшпенділер. — 3-кіт. — Алматы: Жазушы, 1986. — 328 б.
12. Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктердің құрылымдық негіздері. — Алматы: Ғылым, 2002. — 367 б.
13. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Дайк-Пресс, 2008. — 968 б.
14. Дарбинян А.К. Общая характеристика метаязыка толковых словарей: Автореф. дис. ... канд. — Ереван, 1988. — С. 13.
15. Сейфуллин С. Шығармалар. — Алматы: Жазушы, 1964. — 419-б.
16. Жүнісов С. Ақан Сері. Роман-повесть. — Алматы: Жазушы, 1981. — 472 б.
17. Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. Поэмалар — Алматы: Жазушы, 1987. — 224-б.
18. Дойл Артур Конан. Шерлок Холмс хикаялары / Орыс. ауд. Орманбаева мен Т.Кәкішев. — Алматы: Жазушы, 1968. — 179-б.
19. Юлдашев А.А. Принципы составления тюркско-русских словарей. — М.: Наука, 1972. — С. 244.

Қазіргі түркі тілдеріндегі кейбір дауыстылардың сипаты

Тұрсынова М.А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье анализируются гласные звуки современных тюркских языков в сравнительно-историческом аспекте. Автором выявляются общие характерные особенности гласных звуков в тюркских языках, которые подтверждаются анализируемым языковым материалом. С целью выявления особенностей, различий и общих черт гласных звуков тюркских языков проанализированы фрагменты памятников древнетюркской письменности, а также приведены сведения по исторической фонетике тюркских языков.

The article is devoted to research of vowels in modern Turkic languages in comparative historical aspect. The author reveals common characteristic features of vowel sounds in Turkic languages which were affirmed by analyzed language material. Research of features of vowel sounds in Turkic languages is based on a material of Turkic Ancient written monuments, and also is given basic data on Historical Phonetics of Turkic languages.

Ғылымда «Орхон-Енисей жазба ескерткіштері» дейтін белгілі көне түркі тілінде 8 дауысты фонема болса (а, е, ы, і, о, у, ө, ү) [1; 35], қазіргі түркі тілдеріндегі дыбыстарға да қатысты ортақтықтармен қатар ерекшеліктері де бар.

Ортақтық түбі бір түркі тілінің тектестігін көрсетсе, ол сөздің белгілі бір деңгейіндегі дыбыстардың өзгеріске түспей сақталуы ретінде көрініп, айырмашылығын дыбыстық сәйкестіктердің сипатымен, үндестік заңына қатысты ерекшеліктерімен, кейбір тілдердің өздеріне ғана тән ішкі табиғатымен байланыстыруға болады.

А дыбысы түркі тілдерінің басым көпшілігінде сөздің барлық деңгейінде ортақ сипатта қолданылады. А дыбысына қатысты түркі тілдеріндегі ерекшеліктерді ашық-қысаң дауыстылардың сәйкестігімен, өзбек, башқұрт, татар тілдеріндегі *а*-ның *о*-ға жақын естілуімен көрсетуге болады.

Түркі тілдеріндегі құрамында *а* дауыстысы бар сөздерге өзбек тілінде *о* сәйкес келеді. Өзбек тіліндегі *о*-ны айтқанда, тіл *а* фонемасын айтқандағыдан да әрі қарай жиырылады. Тілдің ұшы астыңғы тіске тимей, төменгі иек мейлінше төмен түседі, яғни *о* — тіл арты, ашық, езулік фонема. Ауыздың кең ашылуынан жасалатын ашық *о* қатар келген дауыссыздардың әсерінен екі түрлі мәнде айтылады: *қ, ғ, х* дауыссыздарымен қатар келгенде тіл арты, басқа дауыссыздармен қатар келгенде тіл алды мәніне ие болады.

Өзбек тіліндегі *о*, басқа түркі тілдеріне қарағанда, өзіндік ерекшелігі бар фонема. Еріндік мәнде айтылатын *о* өзбек тілімен қоса, татар, башқұрт тілдерінде кездескенімен, өзбек тілінде ғана фонологиялық мәні бар [2; 39]. Сөз буындарының жуан-жіңішкелігін талғамайтын, қазақ тіліндегі *а* немесе *ә*-ге сәйкес келіп тұрған *о* фонемасы туралы түркі тілдерін зерттеген ғалымдар пікірі әр түрлі. Айталық, кей ғалымдар өзбек тіліндегі *а* езулігінің еріндікке айналуын өзбек халқының құрамына орта ғасырларда иран тектес халықтардың сіңісіп кетуінің тигізген әсері деп қараса [3; 27], кей зерттеушілер *а*-ның ашық *о*-ға айналуын өзбек тілінің өзіндік ерекшелігімен байланыстырады [4]. Ал өзбек тілінің грамматикасын зерттеген ғалым А.Н.Кононов *о* фонемасының пайда болуын тарихи жалғыз *а*-ның екі фонемаға, яғни *а*, *о* фонемаларына бөлінуімен байланыстырады [5]. В.В.Решетов дауысты фонемалардың санының азаюы конвергенция құбылысы деп атап көрсете келіп: «Второй процесс, происходивший в истории фонем литературного узбекского языка, привел к увеличению количества гласных фонем нижнего подъема в результате дивергенции типично тюркского заднерядного *а*. В ряду гласных нижнего подъема появился широкий гласный (*о*)», — деп өзбек тіліндегі *о*-ның пайда болуына өз пікірін келтіреді [6; 118]. А.М.Щербак: «И все же объяснить возникновение огубленности *а* влиянием одних комбинаторно-позиционных условий очень трудно, так как огубленность *а*, например, в узбекском языке развилась и в тех случаях, когда ни фонетическое окружение, ни позиция в слове не способствовали этому. Примечательно так же, что при наличии одинаковых возможностей огубления широких и узких гласных под влиянием окружающих звуков и одинаковой реализации этих возможностей в общетюркском масштабе устойчивое и более или менее регулярное огубление прослеживается только в небольшой группе тюркских языков», — деп өз көзқарасын білдіреді [2; 41]. Яғни өзбек тіліндегі *о* фонемасының пайда болуына байланысты екі

түрлі пікір бар дедік. Бір топ ғалымдар бұл құбылысты субстрат теориясы десе, екінші топтағылар өзбек тілі дамуының ішкі заңдылықтарының әсері деп қарайды. Біз бұл тұрғыда бірінші көзқарас дұрыс болар деп жорамалдаймыз. Мысалдар: *ата–ота, апа–опа, бала–бола, алма–олма, құлақ–қулоқ, нәзік–нозик, қағаз–қоғоз, сақал–соқол* т.б.

Өзбек тіліндегі *о* фонемасының басқа түркі тілдеріндегі *а*-ға сәйкес келуімен қатар бірқатар сөздер өзбек тілінде де *а* езулігімен айтылып, салыстырып отырған тілдер арасында да байқалады. Яғни қазақ, қырғыз тілдеріндегі *а* өзбек тілінде де *а* фонемасына сәйкес келеді: *амал–амал, анық–аниқ, ақылды–ақлли, талап–талаб, қалың–калин, қайшы–кайчы* т.б.

Татар, башқұрт тілдерінде де басқа түркі тілдеріндегі *а* дыбысы *о*-ға жақын естілетін тұстары бар: *қара–қ[ao]ра, ат–[ao]т* т.б.

М.Томанов бұл туралы: «Дыбыстау мен сапасы жағынан *а* фонемасы қазіргі қазақ, алтай, эзербайжан, балқар, қарайым, қырғыз, қарақалпақ, құмық, түрік, түрікмен, ұйғыр, хақас, шор тілдерінде бірыңғай бір-біріне жақын дәрежеде. Айырмашылық башқұрт, татар және өзбек тілдерінде кездеседі. Башқұрт пен татар тілдеріндегі *а* фонемасы, басқа тілдермен салыстырғанда, біршама «жасық» *о*-ға жақын естіледі» [3; 40].

Жалпытүркілік *а* дыбысының кейбір тілдерде еріндік сипатта айтылуы немесе *а* мен *ы* арасындағыдай естілуінен басқа кейбір тілдерде *ы* дыбысына сәйкестігі де орын алған. Оған тува, якут, чуваш тілдерін жатқызуға болады [7; 57].

Алайда бұл сияқты сәйкестіктер түркі тілдерінде кездескенімен, олардың себебі әлі күнге дейін түсіндірілмей келеді. Бұл туралы А.М.Щербак: «Появление *ы* на месте *а* невозможно объяснить ни характером вокализма непервых слогов, ни особенностями непосредственного фонетического окружения: изменение *а* в *ы* наблюдается в начале слова, после любых согласных и перед любыми согласными, независимо от качества гласных последующего слога», — дейді [2; 145]. *А-ы* сәйкестігінің басқа түркі тілдерінде кездесуі туралы ғалымдар пікірін келтіре отырып, С.Бизақов бұл алмасулардың сөз варианттарының қалыптасуына негіз болып қазақ тілінде де орын алғандығы ретінде *таяз/тайыз, айқара/айқыра, айырмасы/айырымы, мағана/мағына* т.б. сияқты сөздерді мысалға алады [8].

Чуваш тілінде басқа түркі тілдеріндегі *а*-ның *ы*-ға сәйкестігімен қоса, *у* дыбысына да сәйкестігі бар екендігі қазақ–чуваш тілдерін салыстыруда *алма–улма, бар–пур, бас–пус, жан–чун, қара–хура, сат–сут, сақал–сухал, туп–тап, тарт–турт* т.б. [7; 68].

Қазақ тілінде *ә* дыбысы сөздің басқы буындарына қарағанда, соңғы буындарында сирек кездеседі, сонымен бірге бұл фонема кейбір сөздер құрамында *а* графемасымен таңбаланады: *ән, сән, кітап [kitən]* т.б. Қазақ тілінде *ә*-нің сирек кездесуінің басты себебі ретінде кей ғалымдар *ә*-нің қазақ тіліне басқа күншығыс тілдерінен келген сөздермен байланыстырады [9]. А.Байтұрсынов та қазақ тіліндегі дауысты фонемалардың таңбасы ретінде *ә*-ні енгізбеген [10]. І.Кеңесбаев: «...һар, һаріф т.б. сөздердегі *һ* фонемасы біздің тілімізде кейде нульге айналады. Осының салдарынан һа тізбегі *ә* фонемасын тудырған болу керек», — деп [9; 230]. *ә* дыбысының фонема ретінде қазақ тіліне бертін кезде пайда болғандығын айтады. М.Томанов V–VIII ғасырлар жазбаларының тілінде де, орта ғасырлардың алғашқы кезеңіне қатысты жазбаларда да бұл фонема кездеспейтінін өзінің тіл тарихына байланысты еңбегінде жазады [1; 45].

Дегенмен *ә*-нің байырғы сөздеріміздің құрамында кездесетін *әке, әже, және* сияқты сөздерді мысалға алуымызға болады. Осыған орай *ә* фонемасының түркі тілдеріне араб, иран тілінен еңбегені, оның төл дыбысымыз екені туралы А.Ысқақов өзінің «Қазақ тілінің фономорфологиялық құрылысын тарихи тұрғыдан сараптау» деген еңбегінде жазады. Ғалым қазақ тілінің көне бір, екі буынды сөздерінен мысал келтіре отырып, қазіргі кей түркі тілдерінде қосымша құрамында да сақталғанына мысал келтіреді, әрі *ә* дыбысы көне түркілік жуан дауысты *а* дыбысының жіңішке сыңары болғандығы туралы өз топшылауын айта келіп: «...*ә* дыбысы қазіргі түркі тілдерінің кейбіреулерінде біржолата жоғалып кеткенімен, кейбір түркі тілдерінде, мысалы: татар, ұйғыр, т.б. тілдерде әлі күнге дейін сөздің барлық буынында қолданылады. Ал қазақ тілінде тек бірінші буында ғана сақталып қалған байырғы дыбыс екеніне ешбір күмән болмасқа тиіс», — дейді [11]. Мұндай пікірді С.Мырзабековтің де еңбектерінен кездестіруге болады.

Қазіргі түркі тілдерінде *ә* дыбысы қазақ тілінен басқа татар, ұйғыр, эзербайжан, башқұрт, түрікмен тілдерінде кездеседі және алғашқы үш тілде түбір құрамында да, қосымшаларда да актив қолданылуымен ерекшеленеді. Мысалы: *сөйләп бирдә-сөйлеп берді, бара бирә-бара бере, иртән-ертең, тәрәзә-терезе, тәкә-теке, каләм-қалам* т.б. (татар); *кәл-кел, кәт-кет, бәр-бер, вәтән-отан,*

йәр-жер, әт-ет, сәксән-сексен, дарах-терек, келимән-келемін, сөйлимә-сөйлем т.б. (ұйғыр); *сенин өлкән-сениң өлкең, көрүрсән-көресің, нә әкәрсән, ону бичәрсән-не ексең, соны оарарсың* т.б. (әзербайжан); *минән зур-менен зор, менән биргә-менімен бірге, әтәс-әтеш, сәғәт-сағат, кәрәк-керек, мәктәп-мектеп* (башқұрт); *кәтмән-кетпен, кәсе-кесе, гәрә-көр, нәче-неше, әдик-етик* (түрікмен).

Татар, башқұрт тілдерінде *ә* фонемасы басқа түркі тілдеріндегі *а* дыбысына сәйкес (*бәйлә-байла, әйлән-айнал, әйт-айт, чәч-шаи* т.б.) болуымен қатар, орыс, араб, парсы тілдерінен енген сөздердің құрамындағы кейбір дыбыстардың орнына да (*кәрзинә, тәлинкә, шәл, сәләм, бәхет, қаләм* т.б.) қолданылады.

Кейбір түркі тілдерінде *ә*-ні таңбалайтын арнайы әріп жоқ болғанымен, ғалымдар пікіріне қарасақ, диалектілерде *ә* фонемасының орын алатын тұстары бар. Н.З.Гаджиева қырғыз әдеби тіліндегі сегіз фонемаға қоса, сөздің барлық буынында кездесетін қырғыз тілінің оңтүстік говорындағы *ә*-ні тоғызыншы фонема деп көрсетеді [12; 146]. Ф.Г.Исхаков әзербайжан, түрікмен, ұйғыр, татар, башқұрт, қазақ тілдерінде дербес фонема ретінде саналатын *ә*-нің өзбек тілінің сингармониялық говорларында кездесетінін айтады [12; 70]. Ал В.В.Решетов өзбек әліпбиінде орын алмағанымен, *ә*-ні дербес фонема екендігін айта келе: «Гласный *а* в современной узбекской орфоэпии имеет различные оттенки, некоторые из которых по сути дела являются самостоятельными фонемами. Помимо *а*, сюда относится и гласный [ә], являющийся не оттенком, а вполне самостоятельной фонемой с широким диапазоном употребления, но не нашедшей отражения в узбекском алфавите. Гласный [ә] в литературном узбекском языке употребляется очень широко и в любом звуковом окружении, даже в непосредственном соседстве с глубокотонами согласными *қ, г, х*: *адаб* [әдәп], *ука* [үкә], *санамоқ* [сәнәмоқ], *қилдилар* [қылдылар], *қиламан* [қыләмән]» [6; 140].

«*Е* фонемасы қазіргі түркі тілдерінде екі түрлі негізде қалыптасқан: таза түркілік *е*, орыс тілі арқылы енген сөздер құрамындағы *е*», — деп М.Томанов атап көрсеткендей [3; 41], қазіргі түркі тілдерінде *е* дыбысының *і, ә, и* дыбыстарына сәйкестіктері орын алған.

Е-і сәйкестіктері көне жазба ескерткіштерінде де (*біс-бес, іл-ел*) кездесетін тұстарын ескерсек, бұл сәйкестік қазіргі тілдерге де тән екендігі көрінеді. Оны татар-қазақ тілдерін салыстыру арқылы көруге болады: *бүген-бүгін, көзсез-көзсіз, без-біз, сез-сіз, тел-тіл* т.б.

Сондай-ақ қазақ тіліндегі *кел, кес, тер* сөздерінің *кил, кис, тир* түрінде қолданысы хақас, татар, башқұрт тілдерінде кездесіп, басқа түркі тілдерінен, көне түркі тілінен ерекше сипатта көрінеді. Сонымен қатар тува тілінде *е* фонемасының көмей арқылы айтылатын вариантының фонемалық мән алуы басқа түркі тілдерінде кездеспейді [3; 42].

Е дыбысының *ә* дыбысына сәйкестігінің татар (*сөйләп торалар-сөйлеп тұра береді, бара бирә-бара бере*), башқұрт (*минән зур-менен зор, минән бергә-менімен бірге, дүнән-дөнен*) тілдерімен қоса қырғыз тілінде де көрінісі бар: *нерсе (нәрсе), дептер (дәптер), кесіп (кәсіп), тен (тән)* т.б.

Түркі тілдерінде *е* жіңішке дауыстылар қатарына жататындықтан, құрамында басқа жіңішке дауыстылар бар сөздерде кездеседі. Ал өзбек тілінде ерекшеленеді. Басқа түркі тілдерінде тіл алды дауыстыларымен ғана қатар тұра алатын *э/е/* өзбек тілінде ғана барлық дауысты дыбыстармен қатар келеді. Мысалдар: *еркек-эркак, кеме-кема, тізе-тизза, тілек-тилак* т.б. Әрине, бұның басты себебі өзбек тілінде дауыстылардың жуан-жіңішке болып бөлінбеуіне да байланысты болса керек.

Ы дыбысы түркі тілдерінің барлығында дерлік қолданылғанымен, қарлұқ тобындағы тілдерде ерекшеленетіні белгілі.

Өзбек тілінде басқа түркі тілдеріндегі *ы*-ның дәл өзіндей дыбыс жоқ. Кей сөздердің құрамындағы жоғары-қысаң и дауыстысы қазақ, қырғыз тіліндегі *ы*-ға жақын естіледі: *билади* [билады] (*біледі*), *мактабдами*? [мактаптамы] (*мектепте ме?*), *гаплашдим* [гаплашдым] (*сөйлестім*), *қишлоққа* [қышлоққа] (*ауылға*) т.б. Дегенмен де қазақ тіліндегі *ы*-ның нақты көрінісі өзбек тілінде жоқ. Бұл туралы Ф.Г.Исхаков: «Фонема *ы* во всех тюркских языках, за исключением лишь современного узбекского и уйгурского, в которых *ы* и *и* уже совпали в одну фонему, произносящуюся как *и*», — дейді [7; 47].

Ы дыбысының ортақ түркілік сипатына қарағанда чуваш тілінде аталған дыбыстың басқа тілдердегідей қысаң емес, ашық дәрежеде айтылуы орын алған. Ал якут тілінде басқа түркі тілдерімен салыстырғанда *а-ы* немесе *ы-а* сәйкестіктері де кездеседі: *ый-ай, ыт-ат, ақата-әкесі, аата-аты* т.б.

Сөздің әр шеніндегі ашық дауыстылар мен қысаң дауыстылардың бірінің орнына бірі қолданылуы — салыстырып отырған тілдерде кездесетін басты ерекшеліктің бірі. Бұл сәйкестіктерге түркі тілдеріндегі *ы-а, а-ы* түріндегі сәйкестіктерді жатқызуға болады: *арқылы-орқали, тысқары-*

ташқари (қазақ-өзбек), *жаңа-жаңы*, *жалаңаш-жылаңаш*, (қазақ-қырғыз), *ылтан-алтын*, *тыра-тары*, *тымар-тамыр*, *пыл-бал* (чуваш-қазақ), *қалың-қылың*, *хырын-қарын* (тува-қазақ) т.б.

Қазақ, өзбек тілдеріндегі дауысты дыбыстарға қатысты дыбыс алмасуларына *ы-у* түріндегі дыбыс сәйкестігін де айтуға болады. Қатар келген ерін фонемасының әсерінен *ы-ның у-ға* айналуы өзбек тілінен басқа әзербайжан, түрік тілдерінде де кездеседі [13]. Бұндай ерекшеліктің қырғыз тіліне де қатысты екенін төмендегі мысалдар арқылы дәлелдеуге болады: *мысық-мушук*, *ұйқы-уйку*, *тұмсық-тумишук*, *тырна-турна*, *бұйрық-буйрук* т.б.

Қазақ тіліндегі *ы* дыбысына қатысты болып отырған бұл ерекшеліктер түркі тілдері тарихымен тығыз байланысты екендігін тіл тарихы материалдарынан көруге болады. Қазақ, қырғыз, өзбек тілдеріндегі *ы-у* сәйкестігін *ы* дыбысының тарихымен байланыстырсақ, қазіргі қазақ тіліндегі *ы* дыбысының көне түркі тарихына қатысты *у/ұ/-ы* немесе *у-ұ-ы* болып шығады [1; 48].

Қазақ тілінде көсемшенің *-а*, *-е*, *-й* жұрнағынан кейін жалғанған жіктік жалғаудың *-ды*, *-ді*, *-ты*, *-ті* құрамындағы *-ы*, *-і* кей кезде ауызекі сөйлеудің орфоэпиялық заңдылықтарына сәйкес естілмей қалады, бірақ орфографиялық ереже бойынша жазылуда сақталады. Мысалы: *барады* — [барад], *келеді* — [келед], *айтады* — [айтад]. Осы етістіктің келер шағының үшінші жағына қатысты жалғау қырғыз тілінде қазақ тіліндегідей *-ды*, *-ді*, *-ты*, *-ті*, түрінде емес, *-т* жалғауы арқылы беріледі, яғни қазақ тіліндегідей емес, *-ы*, *-і* қолданылмайды. Бұл жалғаудың көпше түрі қырғыз тілінде *-ышат*, *-ишет*, *-ушат*, *-ушет* болып келеді. Мысалы: *айтқым келеді* — *айткым келет*, *барсам болады-барсам болат*, *істегім келеді* — *иштегим келет*, *таныссам болады екен* — *танышсам болат эле*, *олар хат жазысады* — *алар кат жазышат*, *сағат сегізде басталады* — *саат сегізде баишталат* т.б.

Қазақ тілінде сөз басында үнді *р*, *л* дауыссыздары келсе, олардың алдынан дауысты дыбыс естіліп тұрады, бірақ жазуда еленбейді (*лақтыр* — *ылақтыр*, *рақым* — *ырақым*, *лас* — *ылас*).

Бұл қолданыс түркі негіз тілінде *р*, *л* дауыссыздарының сөз ортасы мен аяғында кездесіп, сөз басында қолданылмауына байланыстырылып жүр [1; 62]. Ал қазақ тіліндегі *р* мен *л*-дан басталатын сөздерді қырғыз тіліндегі қолданысымен салыстырсақ, орфографияда да *ы*, *и* түсірілмей қолданылатынын көреміз. Бұл туралы И.А.Батманов: «В киргизских словах *р* в начале слова не употреблялся. Обычно все заимствуемые арабско-иранские слова с начальным *р* протезировались узким гласным *ы*, *у*: уруксат, ыракмат», — дейді [14]. Бұл қазақ және қырғыз тілдеріндегі ұқсастықтарды көрсетеді, екі тіл табиғатының жақындығы байқалады, ортақ түркілік ұқсастық көзге түседі, тек қырғыз тілінде қазақ тіліндегідей емес, орфографияда сақталады: *рахмет-ыракмат*, *рас-ырас*, *рахат-ыракат*, *лақ-улак*, *лай-ылай* т.б.

Қазақ тіліндегі *і* қысаңы сөздегі *л*, *р* сонорынан бұрын және сөздің екпінсіз позициясында редукция басқышымен айтылады: *білім* [блім], *піскен* [пскен], *білек* [блек] т.б. Өзбек тілінде де қатаң дауыссыздар ортасында (*киши* [кши], *пишир* [пшир]). Сондай-ақ *р*, *л*, *з* дауыссыздарынан кейін де *и*-дің естілуі баяулайды: *кир* [кр], *бирок* [брок], *билан* [блэн], *бир* [бр] т.б.

Қазақ тіліндегі *и* әрпі қазақтың төл сөздерінің құрамында кездескенде *ый* (*қисық*, *жымы*), *ій* (*ти*, *би*), *ұй* (*мұқит*, *оқи*), *үй* (*түкси*, *дүние*) дыбыстарынша естіліп, *и* графемасы арқылы таңбаланады. Ал қырғыз, өзбек тілдеріндегі *ий* дыбыстық тіркесі қазақ тілінде *и* түрінде де кездеседі. Қазақ тіліндегі *і* дыбысы қырғыз тіліндегі *и*, сондай-ақ қазақ тіліндегі *ы*, *і* өзбек тіліндегі *и* дыбысы қолданылатын тұстарға сәйкес болғандықтан, бұл жерде таңбалық айырмашылық қана көрінеді: *ине* [ійне]-*ийне*, *игілік* [ійгілік]-*ийгилик*, *дидар* [дійдар]-*дийдор*, *қиын* [қыйын] *қийин* т.б.

О дыбысы қазақ тілінде көбіне сөздің бас буындарында қолданылады. *О* дауыстысы сөз басында қолданылса, алдынан дәнекер дыбыс естіліп, дифтонгоид сапада айтылады: *отыз* [уотүз], *орман* [уорман], *орын* [уорүн] т.б.

О, *ө* дыбыстарының сипатын жалпы түркі тілдерімен салыстыру барысында өзбек, татар, башқұрт тілдері ерекшеленетінін көруге болады. *Ө* дыбысы *о*-ның жіңішке сыңары болғанымен, өзбек әдеби тілінде, татар, башқұрт, чуваш тілдерінде орын алмаған.

Қазақ тіліндегі *о* фонемасына өзбек тіліндегі еріндік жартылай қысаң фонема *у* сәйкес келеді. Өзбек тіліндегі *қ*, *г*, *х* дауыссыздарынан кейін келген *у* қазақ тіліндегі тіл арты *о*-ға жақын естіледі: *қул* (*қол*), *хужалиқ* (*қожалық*), *қурғон* (*қорған*) т.б. Өзбек тіліндегі *у* фонемасының артикуляциясы туралы А.Махмудовтың еңбегінде: «Рот открыт меньше, чем при произношении *о*. Губы напряжены, сильно отделены от зубов и вытянуты вперед: между ними образуется овальное отверстие», — деп көрсетеді [15].

Өзбек тіліндегі *у* дауыстысы *қ*, *г*, *х* дауыссыздарынан кейін қазақ, қырғыз тіліндегі жіңішке *ө* дыбысына жақын айтылады: *гузал* [гөзэл] (*әдемі*), *курпа* [көрпә] (*көрпе*), *куркам* [көркәм] (*көркем*) т.б.

Бұл тілдегі у қазақ, қырғыз тілдеріндегі *ө*-ге сәйкес келгенімен, сөз соңында кездеспейді, яғни сөздің тек басқы буындарында ғана қолданылады.

Түркілік *о* фонемасының қазіргі түркі тілдерінде сақталуымен қатар, кей тілдердегі көрінісі барлық уақытта бірдей еместігін айта келіп, М.Томанов өзбек тіліндегі *о* фонемасының ерекшелігі туралы: «Өзбек әдеби тілінде *о* типтес екі түрлі фонема бары белгілі: басқа түркі тілдеріндегі *а* дыбысына сәйкес келетін, *о*-дан гөрі «ашық» айтылатын (*от, борат, бор*) және басқа тілдердегі *о* (кейде *ө*) дыбысына сәйкес келетін, бірақ одан қысаң айтылатын *о*. Соңғы *о* фонемасы айтылуда у-ға жақын естіледі. Акустикалық жағынан өзбек тілінде *о* дыбысы у мен *о*-ның арасынан естіледі. Оны дыбыстағанда ауыз қуысы у дыбысын айтқандағыдай, бірақ ілгері қарай жүйткіген жағдайда болады», — дейді [3; 43]. Яғни қазақ тіліндегі жуан *о* мен жіңішке *ө* өзбек тілінде бір ғана у арқылы беріледі. Өзбек әдеби тілінде сингармонизм заңдылығының сақталмауына сәйкес у бірнеше жуан және жіңішке дауысты дыбыстардың қызметін атқарады. Мысалы: *қол–құл, ойын–уйын, өзге–үзге, көп–қуп, қоңырау–қунғироқ, көмір–көмүр–қумир* т.б.

Яғни өзбек тіліндегі у-дың қазақ, қырғыз тілдеріндегі *о, ө* дыбыстарына сәйкес келгенімен де, бұл тілдегі у дыбысы у-ға жақын естіледі. Қазақ, қырғыз тілдеріндегі *о* мен *ө*-ні айтқанда, өзбек тіліндегі у-ға қарағанда, еріннің дөңгеленуі басым. Ал өзбек тілінің сингармониялық говорларында *ө* кездесе береді [7; 90].

Қазақ, қырғыз тілдеріндегі *о* жуан, ал *ө* жіңішке сөздермен қатар келіп, сөз мағынасын ажыратады да, графикалық тұрғыдан ерекшеленеді, ал өзбек тілінде екеуі бір ғана у-мен таңбаланады. Мысалы: *ор (шөп ору) — ур, өр (шаш өру)- ур, от (от жағу)- ут, өт (өтіп кету)- ут, бол (тез бол)-бул, бөл (екіге бөл)-бул* т.б.

Қазақ немесе көптеген түркі тілдерінде *о, ө* дыбыстарының сипаты татар, башқұрт тілдерінде у, ү түрінде болып келеді де, қыпшақ-бұлғар топшасындағы тілдердің фонетикасына байланысты ерекшелік ретінде көрінеді: *муйын–мойын, йул–жол, йуқ–жоқ, күз–көз, күк–көк, тугыз–тоғыз* т.б.

Ал *о* дыбысының чуваш әдеби тіліндегі ерекшелігін зерттеушілер төмендегі сипатта көрсетеді:

Жақан орыс ғалымын қазақ халқына қылған қызметі үшін өзінің белгілі мақаласында мынадай сөздермен ұлықтайды: «Григорий Николаевичтің халық әдебиетіне еткен қызметі зор. 1913 жылы жаз күні Қарқаралы уезі, Тоқырауынға барып, қазақ ертегілерін жиып қайтып, Омбыдағы гимназияда доклад оқығаны қазақ оқушыларына белгілі. Григорий Николаевич адам баласы ескі тұрмысының тарихи белгісін ізденуші ғана емес, ол Сібірдің әлеумет басшысы, ақ жүрек азаматы, білгір саясатшысы» [1; 276,277].

Міржақыптың Потанинге деген құрметі оның 80 жылдығына арнайы жазылған өлеңіндегі («Григорий Николаевич Потанинге» атты өлеңі [1; 103,104]) мына сөз кестелерінен жалғасын табады:

*Саған жақын Сібірдің бар елдері,
Жат емес: тау мен тасы, көлдері.
Сені ұмытпас, мәңгі атың паш етер,
Мәдениет шашқан тұқым жерлері.*

*Үздік туған Сібірдің сен ұлысың,
 Ғұмырыңша басқарған көп жұмысын.
 Ұранды елмен теңестірдің іргесін,
 Қайтіп сенің ұмыт болар бұл ісің?*

*Шыққан Сібір жаман атпен атағың,
 Қараңғыда қалдың, озып қатарың.
 «Ер тумаса, ел көркеймес» нақыл бар:
 Жуды сені туып ұлың Потанин.*

*Ерте ояндың, ел намысын жоқтадың,
 Жетті қарттық, түсті 80, тоқтадың.
 Жақсылыққа бастап жастан баулыған,
 Жас буынға енді даңғыл соқпағың.*

*Бізге салса, жалғыз 80 аз саған,
 Тілер едік тағы 80 жас саған.
 Табиғаттың болмай бөгет заңы егер,
 Берер болса бұл тілекті жасаған.*

*Сұлу мінез, ақ жүрекпен артық ең,
 Қазақ атын шылбырдан сан тартып ең.
 Біз ұмытсақ өлмес айғақ тарих бар,
 Атамыздай болған сабаз қартым ең.*

Сонымен, М.Дулатов — кезінде Әлихан Бөкейхан салған өнегені — қазаққа еңбегі сіңген кісіні ұлтына, нәсіліне, дініне қарамай ардақ тұту; құрметтеуді, мадақтауды жігерлі жастық жалынымен жалғастырған тұлға.

Міржақыптың публицистикалық, журналистік дарынын аша түскен негізгі еңбектері

М.Дулатовтың бай мұрасының өнімді бір саласы — публицистикалық шығармалары. Ақынның журналистика тарихын жасасқаны да сөзсіз.

Үлкен проза саласындағы туған әдебиетіміздің тырнақалдысы «Бақытсыз Жамалды» [1; 127–164] Міржақып Дулатұлының роман деп атауы әбден орынды. Бұл оқиғалы сюжетке құрылған, жанр талаптарына әбден сай келетін күрделі шығарма. Романның негізгі идеясы — әйел теңдігі. Онда малға сатылып, зорлықпен теңсіз некеге көндірілген Жамал атты жас қыздың сүйген жігітіне қосыла алмай зар шегіп, көп азап көріп, ақырында қайғылы қазаға ұшырау тарихы суреттеледі.

Жазушының 1922 жылы жарық көрген «Балқия» атты [1; 165–191] төрт перделі драмалық шығармасында да әйел теңдігі, қыз тағдыры, қалың мал мәселесі сөз болады. Драманың көркемдік шарттылықтары сақталған. Кейіпкерлер сөзі нақты. Оқиғаның дамуында табиғилық бар. Автор комедия, декламация дейтін терминдік ұғымдарды пайдаланған [6].

М.Дулатовтың қарымды қаламынан туған көптеген мақалалары мен зерттеулері бір төбе.

Әдебиеттанушы өзінің зерттеулерінде «Абайтану не үшін керек?» деген сауалға жауап береді. 1908 жылы жарық көрген «Ибраһим ибн Құнанбаев» мақаласында [1; 212,213] Абай кім болғаны айтылады. Ал «Абай» атты мақаласында [1; 249–251] ғұлама ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы орны былай анықталған: «Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі — қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы тарихи әдебиеті жоқтықтан. Тарихи әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылуы ықтималы, қазақтың жоғалуы қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей.

Соның үшін жиырмасыншы ғасырдың таңында халқымыздың ұйқыдан азырақ бас көтеруі, жас әдебиетіміздің өсуі, белгілі кісілеріміздің тірлігінде һәм өлген соңында мәңгі ұмытылмастай болуы, біздің бірінші ескеретін борышымыз. Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш — Абай сөзі,

Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлкім, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз — Абай.

Орыста бірінші жазушы Ломоносов бір балықшының баласы еді. Онан кейін сан жүйріктер шығып жатыр, сонда да орыс әдебиетінің тарихында бірінші орын, бас бәйге Ломоносовқа арнаулы. Неше жүз жылдан бері Ломоносовтың атын орыс халқы көңілінде һәм тілінде сақтап келеді, мұнан соң мың жылдар өтсе де оған көрсетілген қадір, құрметтері артпаса кему жоқ. Біз де Абайға сол көзбен қарауға керек» [1; 250].

Бір ғажабы алыптар тобы бір-бірін бағалай білген. Қатал да, қатыгез ата дәстүрін өзіне ең қажетті жеріне орынды қолданған Жақан Ахмет Байтұрсыновты салауатты аға тұтып, оның әр сөзінен ғибрат алып отырған.

Дулатовтың «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов (Биографический очерк)» атты мақаласы [1; 295–302] Ахмет Байтұрсынұлы 50 жасқа толу мерейтойына арналып, орыс тілінде жазылған. Осы зерттеуде «Ахаң қандай білім алған?» деген сауалға жауап берілген. Ғылыми еңбектерімен қатар, А.Байтұрсыновтың ақындығы, аудармашылығы нақты талдаулар арқылы айқындалған. Басты ой былай тұжырымдалған: «В своих стихотворениях А.Б. не поет о любви, о женщине, о природе, у него нет ни высокопарных стихов, ни крылатых фраз. Он простым и понятным киргизским языком поет о свободе, о нации — об угнетенной и отсталой киргизской нации, призывая ее к просвещению, к труду и к освобождению от вековой спячки и пробуждая в каждом киргизе чувство гражданства. Стихотворения А.Байтұрсунова по внешней своей простоте, по внутреннему содержанию, легкости и равномерности занимают первое место в киргизской литературе. У А.Байтұрсунова, кроме «Крык мысал» имеется еще небольшой сборник оригинальных и переводимых стихотворений под названием «Маса» и несколько ненапечатанных стихов лирического характера.

Через всю литературную деятельность А. Б. красной нитью проходит беспощадная критика и строгий анализ царской политики и протест против нее.

А.Б. — публицист и творец школы киргизской художественной словесности. Как публицист А.Б., не имея почти никаких материальных средств, в начале 1913 года основал в Оренбурге первую, в полном смысле этого слова, киргизскую газету «Казах», на страницах которой смело выдвигал нужды киргизского народа» [1; 298, 299].

Сонымен, М.Дулатұлы қазақ әдебиеттану ғылымында ахметтанудың негізін қалаған ғалым деп толық айтуға болады.

Міржақыптың «Хазірет сұлтан» зерттеуі [1; 228–233] Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи жөнінде. XII ғасырда қазіргі Түркістан қаласының орнындағы Яссы атты кішкене қыстақтың Яссы шаһары деп даңқы шығуы Қожа Ахмет Яссауи (кейде Яссауи деп жазылады) әулие атымен тікелей байланысты [7–9].

Қожа Ахмет жасында Арыстан бабтың батасын алады. Кейін атақты ғұлама Юсуф Хамаданнан сабақ алып, бұл дүниедегі рахаттан безіп тағдырға мойынсұнуды, барлық жақсылықты о дүниеден іздеуді (мистика-аскетикалық бағыт) насихаттайды. Соған лайық жұпыны киініп, сән-салтанаттан аулақ өмір кешеді. Сондықтан көзі тірі кезінде-ақ әулиелік атақ, киелі адам деп мойындаушылық көп болғанын айту керек. Бұған ақын болуы, түрік тілінде жазған негізгі шығармасы «Диуани хикмет» атты қалың кітабының жүрекке жылы тиетін, имандылыққа шақыратын, жеке тараулары мен шумақтары қалың бұқараның аузынан тастамайтын ғазалына айналуы үлкен себепші болады [10].

Өзінің мақаласында М.Дулатұлы «Түркістанды кімдер, қанша биледі?» деген деректі толығымен анықтап берген. Әулиенің басына мешіт салынуы хақында үзінді келтірген. Зерттеуде бұл мешітте жерленген қазақ хандары деп: «Орта жүздің ханы Абылай — 1781 жылы опат болған, ұлы жүздің ханы Жолбарысты — 1740 жылы 5 сәуірде Ташкентте мешіт ішінде сарттар өлтірген, Әбілқайыр хан 1760 жыл шамасында опат болған, һәм арғынның атақты Жәнібек батыры мен Кенесары сұлтанның әкесі Қасымхан да осында қойылған. Есім хан бұл мешіттің ішінде болмаса да, маңайында қойылған екен. Үстіне орнатқан белгісі бұл күнде жоғалып кетіпті, бұлардан басқа Әмір Темірдің шөбересі Бабырхан һәм Ондан сұлтан мұнда қойылған деседі» [1; 232] делінген.

Әдебиетші осы мәліметтерді келтіре отырып, мешіттің тарихи мәнін атап, бүгінгі күні құлайын деп тұрғанын мәселе ретінде көрсетеді. Алаш ғалымы бұл жалпыұлттық мәселе екенін алға тартады.

М.Дулатовтың «Тіл құралы» атты мақаласын [1; 265–268] ерекше атап өткен жөн. Осы зерттеуде ғалымның айтқан сөздері бүгін де өз күшін жойған емес: «Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп

бәріміз де айтамыз. Мұны іңкәр қылатынымыз жоқ. Бірақ құр бай, таза деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма? Қай жұрттың тілі болса да туу басында біздікі секілді таза да, бай да болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған». Алаш ғалымы осыған байланысты: «Бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке, Мәдине, Стамбулдарда оқып қайтқандарымыз да бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, арабшылап, сартшылап қайтып жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр. Бұлар елге келіп жас балаларды оқытады. Сөйтіп, шет тілдер елдегі жас балаларға жұғады. Жас балалар — келешектегі бір буын халық. Өзімізде жеткілікті оқытушы жоқтықтан, қазақ балаларын оқытып жүрген ноғай мұғалімдер аз ба? Бір ауыз арабша білмейтіндердің көбі осы күнге шейін хатының басына «Һу алла алжари, алхат нәсф алмалакат...» тізіп қоймай ма? Бұрынғы қазақ арасына тарап жүрген қисса-хикаялардың бәрі ноғайша, арабша аралас тілмен жазылған» дейді. Сондықтан: «Орысша оқығандарымыздың көбі екі сөздің бәріне орысша қатынастыруды үйреніс қылып алған. Осыдан топшылауға болады, таза деген қазақ тілі де күн бұрын сақталуына қам қылмасақ — бірте-бірте бұзылып кететіні. Қазақ тілінің мұндай жолмен бұзылып кетуін көбіміз сезбей де қаламыз» [1; 265,266], — деп санайды Жақаң.

Міржақып ақындық, жазушылық, журналистік қызметтерімен ғана шектеліп қалмаған. Оқу-ағарту ісінің дұрыс жүйеге, жолға түсуіне қызу атсалысқан. Педагогика саласына да лайықты үлес қосқан.

М.Дулатовтың 1921 жылы Ташкентте шыққан «Есеп құралы» қазіргі кездегі математикадан оқу кітаптарын құрастырушылар үшін теңдесі жоқ үлгі деуге болады. Осы кітаптың алғашқы нұсқасы 1914 жылы Орынборда басылған еді. Мұнда бастауыш кластағылардың ұғымына оралымды, көкейіне қонымды, күнделікті қазақ өмірінен алынған, қазақ психологиясына бесенеден танымал есептер, тапсырмалар мен жаттығулардың төрт амалды (қосу, алу, көбейту, бөлу) зердеге тез тоқып алуға жәрдемдесетіні дау туғызбайды.

М.Дулатұлының «Қирағат кітабы» Орынборда 1923 жылы жарық көрген. Бұған дейін оқу құралы алғаш рет 1916 жылы басылып шыққан. Екі жыл оқылатын «Қирағат кітабы» бастауыш мектепке арналған. Жәдид жазуынан бүгінгі қазақ тіліне Уахаб Қыдырханұлы аударған [11].

Әдіскер-педагогтың «Қирағат кітабы» өзінің құрылысы жағынан бастауыш сынып оқушыларына жеңіл, түсінікті тілде, табиғатпен байланысты әңгімелерден (жылдың төрт мезгілі, ол кездердегі жан-жануарлар мен құстар өміріндегі ерекшеліктері, ел өмірі, тұрмыс тіршілігі т.б.) тұрады, яғни мұнда биология, экология, салт-дәстүрден хабар беру көзделген. Екінші бөлімде балаларды талаптылыққа, еңбек етуге, адамгершілікке баулитын ғибратты әңгімелер топтап берілген. Мысалы, «Оқымысты бала» деген әңгімеде қаладан оқып келген баланың ауылға келген соң еріншектік жасап, тырнауыштың сабын басып қалғанда оны мандайына соғып алып, «тырнауышты аяқ астына тастаған қандай ақымақ екен» деп ашулануын сықақ етеді. «Қонақ кәде» атты әңгімеде қазақтың әдет-ғұрпын сөз етсе, «Күлменіздер кәріге» деген әңгімеде әке тілін алмай өлмелі шал-кемпірді мазақтайтын әдепсіз балалардың қылығы айтылады [12].

Аталған оқулықтар кейін бірнеше рет қайта басылып, білікті мамандар даярлауда үлкен көмек болады. 1925 жылы жарық көрген «Қазақ кітаптарының библиографиялық көрсеткіштері» атты екі бөлімнен тұратын кітабы және басқа да шығармалары нәзік эстетикалық талғаммен және асқан тереңдікпен ерекшеленеді.

Міржақып қазақ әдебиетіндегі данышпан Абай орнықтырған саяси және көркем аударма дәстүрін жалғастырып, байытты. Ленин мен Зиновьевтің еңбектерін, орыс, батыс, шығыс әдебиеттерінің жекелеген үлгілерін қазақ тіліне аударды. Мысалы, «Азамат» өлеңдер жинағына Шиллер, Пушкин, Лермонтов, Шекспирдің «Ромео мен Джульеттасы», Гётедің «Жас Вертердің қайғы-қасіреттері» және Карамзиннің «Жарлы Лизасын» аударып басты.

Сонымен бірге Жақаң көптеген түркі халықтарының тілдерінде жазды. Неміс тілін білді, ал француз тілін игеріп алды. Ол романстар шығарып, гитарада жақсы ойнады.

Сөз соңы

Бүгінде кемеңгер ақын, жазушы, журналист, ағартушы-педагог, Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының жарқын есімі қайта жаңғырып отыр. Оның мол мұрасы рухани қазынамыздың қорын байыта түсуде. Алаш ардақтысының ғылыми мұрасы — қазіргі тәуелсіз ғылымға қосылған сүбелі үлес.

Сөз соңында қазақ әдебиеттануын тарихи контексте қарастырып, оның негізгі өкілдері туралы ғылыми зерттеулер қалдырған Алаш әдебиеттанушысы Міржақып Дулатұлы туралы ой-пікірімізді

қарағандылық белгілі жазушы Жайық Бектұровтың сөзімен («Міржақыпқа» атты өлеңі) аяқтағанды жөн көрдік:

*Тарпаң басқан, түпке жеккен желісті ат,
Ұиқын шапқан шақпақ тастай асыл зат.
Ойпаң емес, шыңға шыққан көк шынар,
Жүрегіме түсірдің-ақ кетпес дат.
Тұлпардай тарпаң тұяқ Міржақыбым,
Жер астын жарып шыққан бір гақылым.
Оятып қазағыңды ұйқыдағы,
Ертерек қаққан еді ол тақымын.
Білген-ді алысы мен ол жақынын,
Үйретіп бағып еді елге ақылын.
Қаныда құрық түсіп кете барды,
Майданда белдесе алмай бұл батырым.
Туған жан жеті түнде жұлдыз бардан,
Дүбірі жер сілкінткен ол бір тарлан.
Желқазық шаңыраққа сырық, бақан,
Мерт болды құлап түсіп терең жардан.
Ішінде ағалардың кетті-ау арман,
Құм болып жігер-қайрат оттай жанған.
Отырмыз міне бүгін бармақ тістеп,
Жерді іздеп есіл ерлер қаны тамған.*

Әдебиеттер тізімі

1. Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. — Алматы: Жазушы, 1991. — 384 б.
2. Ысмағұлов Ж. Мыржақып Дулатов (1885–1935): М.Дулатовтың шығармаларына арнайы жазылған алғы сөз. — Алматы: Жазушы, 1991. — 13-б.
3. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. (Қазан төңкерісіне дейінгі дәуір). — Алматы: Ғылым, 1994. — 224-226-б.
4. Әбсемет М. Міржақыптың ақындық шеберлігі // Қазақ әдебиеті. — 1995. — № 23. — 26 қырк. — 10–11-б.
5. Диваев Ә. Тарту. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 256-б.
6. Негимов С. Жасын. (Міржақып Дулатұлының әдеби-ғылыми шығармашылығы туралы) // Егемен Қазақстан. — 2010. — 8 қырк. — 5-б.
7. Ахметбек А. Қожа Ахмет Йассауи: Көмекші оқу құралы. — Алматы: Санат, 1998. — 112-б.
8. Смағұлов Е., Тұяқбаев М. Түркістанның орта ғасырлардағы тарихы. — Түркістан: Мұра, 1998. — 52-б.
9. Көктәнді Х. Түркі тәберігі — Түркістан. — Алматы: «Қасиет» баспасы, 2008. — 192-б.
10. Иассауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет. (Ақыл кітабы). — Алматы: «Мұраттас» ғыл.-зерт. және баспа орталығы, 1993. — 262-б.
11. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. — Алматы: Мектеп, 2009. — 271-б.
12. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы. — Алматы: Санат, 1995. — 260-б.

Ұлтымыздың ұлы перзенті туралы ой-толғам

Міржақып Дулатұлының туғанына 125 жыл толуына орай

Каренов Р.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Обобщается многогранная политическая, литературная, журналистская, просветительская деятельность Миржакупа Дулатова. Освещается его неоценимый вклад в издание и распространение журнала «Айқап» и газеты «Казак». Оценивается его деятельность в рядах партии «Алаш». Автором показана педагогическая и просветительская работа М.Дулатова в 20-е годы прошлого столетия. Обосновывается необходимость более углубленного изучения в дальнейшем творческого и общественно-политического наследия этой незаурядной и талантливой личности.

Many-sided political, literary, journalistic, educational activity of Mirzhakup Dulatova is generalised. Its invaluable contribution to the edition and magazine distribution is shined «Aikap» And newspapers The «Kazakh» Its activity in the ranks of party is estimated «Alash». The estimation is given to its pedagogical and educational work in 20 th years of last century. Necessity of more profound studying a creative and political heritage of this uncommon and talented person is proved further.

Kіріспе

Әйгілі Алаш көсемдерінің бірі де, бірегейі, ұлттың ұлы перзенті Міржақып Дулатовтың 125 жылдығы да келіп жетті.

Жиырмасыншы ғасырдың басында «Бақытсыз Жамал» романын, «Оян, Қазақ!», «Азамат», «Терме» атты өлеңдер жинағын қалың қазаққа ұсынған дауылпаз үнді, өршіл ақын, сан қырлы сарабал санаткер, саликалы қайраткер, әмбебап білімпаз Міржақып Дулатовтың өмір жолын қалың көпшілік бір қарағанда жақсы білетін сияқты. Алайда олай емес екен. Өйткені қалың оқырман тұрмақ, қалам ұстаған қауымның өзі Жақанды (Міржақыпты ел осылай атап кеткен) толықтай біле бермейді.

Сондықтан Алаш қайраткерлерінің ең соңынан ақталған ақынның қаламгерлік қарымы, қайраткерлік болмысы жайлы жазу, еліне елеулі орны бар тұлғаның тағлымды өмір жолын насихаттау бүгінгі күннің талабы. Себебі жас ұрпақ Жақан сияқты зиялыларымыздың өмір-тарихынан, шығармашылығынан сусындағанда ғана өткеннен сабақ алып, ұлтжанды азамат болып қалыптаса алады.

Міржақып Дулатұлының тағдырлы заманда тарих сахнасына шығуы

Міржақып Дулатов 1885 жылы 25 қарашада бұрынғы Торғай уезіне қарасты Сарықопа болысында, қазіргі Қостанай облысының Жанкелдин ауданында, «Қызбел» ауылының жерінде туған.

Міржақыптың әкесі Дулат аймағына аты шыққан шебер кісі болған. Ер-тұрман жасап, етік, мәсі тіккен. Шешесі Дәмеш ойын-тойдың базары, әнші кісі болған екен [1; 275].

Дулат ескіше оқыған, өз дәулеті өзіне жетерліктей дөңгелек қана шаруасы бар, тауфихты адам болса керек. Балаларының үлкені Асқарды әуелі мұсылманша, кейін орысша оқытып, заң қызметіне бейімдеп үлгерген Дулат кіші баласы Міржақыпты да сол дәстүрмен ә дегенде ауыл молдасына береді.

Бірақ пәлендей білім алып жарымайды. Бұған көзі жеткен әкесі оны ауыл мұғаліміне оқытады. Міржақыптың орысша да, қазақша да қара тануы Мұқан Токтабайұлы есімді ауыл мұғалімінен деседі.

Сегіз жасында екі жыл ауыл молдасынан оқып, сонан соң орыс мектебіне барған Міржақып еуропалық сауаты бар М.Токтабайұлының арқасында қазақтың ағартушы-демократтары, ғалым Шоқан Уәлиханов, педагог Ыбырай Алтынсарин, ақын Абайдың, орыстың классиктері А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.С.Тургенев, Л.Н.Толстой шығармаларын сүйіп оқиды.

Міржақыптың «Орта жүзденмін, руым Арғын, екі жасымда шешемнен, 12 жасымда әкемнен айрылдым» деп жазуына қарағанда, ол әке-шешенің жылы мейірімінен бала күнінде ада болған. Сол кездегі рәсім бойынша қай жүзден, қай рудан екенін айтуды да ұмытпаған [2].

Әкесінен айрылған бала бірыңғай үлкен ағасы Асқардың қамқорлығына көшеді. Асқар әкесі Дулаттың Міржақыптың оқып, білімді азамат болып өсуін армандаған тілегіне сай, інісінің оқуын әрі жалғап, білім алуына ерекше көңіл бөледі. Сонымен 12 жасында ол ағасының көмегімен қазақтың тұңғыш педагогі және ағартушысы Ыбырай Алтынсарин негізін салған Торғайдағы орыс-қазақ училищесіне орналасады. Бес жылға созылған оқу кезінде өз бетімен орыс тілін жетік меңгеріп шығады. Училище кітапханасындағы Шығыс пен Батыстың ақын-жазушылары мен Сократ, Платон, Аристотель сияқты ойшылдардың шығармаларымен танысады.

Училищеде Міржақып қазақ тілінің грамматикасы, орыс тілі мен әдебиеті, арифметика, география пәндерімен қатар араб жазуын және мұсылман дін ілімдерін үйренеді. Гете, Шиллер, Ломоносов сынды классиктермен танысып қана қоймай, орта ғасырда күллі әлемге ислам ілімін таратушы, сопылықтың көрнекті өкілі, исламдағы адамгершіліктің символы және Аллаға құлшылық қылуда ісі мұсылман жұртына үлгі ретінде танылған Желаледдин Руми мен Қожа Ахмет Йассауиді «пір тұтқан» [3].

Сондай-ақ Асқардың үйінде бай кітапхана болыпты. Қазақ зиялыларының өкілдері, француздар мен ағылшын зауыт иелері жиі қонақ болып, келіп жатады екен. Ағасының кітапханасындағы «Түркістан» және «Дала уалаяттарының» бұрынғы басылымдары, қазақ тіліндегі шетел жазушыларының шығармалары ерекше ынталы оқушының ой-өрісін кеңейтіп, білімге деген құштарлығын арттыра түседі.

Училишеден кейін Міржақып Уфадағы Ғалия медресесінің педагогикалық курсы бітіріп, 1902 жылдан бастап ауылда мұғалім болып істейді. Көзі ашық, көкірегі ояу, өз кезі үшін жап-жақсы білім алған ол ел ішіндегі жағдайды, әр түрлі әлеуметтік теңсіздікті көре біледі. Әсіресе оның сезімтал жүрегі отаршылдықтан туған әділетсіздіктерді ерекше сезінеді. Бұған осы кезде Ресейден қазақ даласында саяси жер аударылғандардың да әсері аз болған жоқ. Осының барлығын терең пайымдаған Міржақып патшаның отаршылдық саясатына қарсы күреске бекем бел буады [4; 4].

М.Дулатұлы сол кездегі алдыңғы қатарлы қазақтың зиялы қауымының өкілдері Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсыновтарды сырттай еңбектерінен біліп, оларды өзіне өнеге тұтады. Және өз бетінше талпынып, білім жинап, орыс тілін жетік меңгерген Міржақып орыстың озық ойлы азаматтарының еңбектерімен танысуы арқасында замана тозаңын суырып, дүниені дүр сілкіндірер дауылды күндердің тақап келе жатқанын өзгелерден бұрын сезеді.

Бұл уақыт ұлттық сана-сезім, ой-пікір қозғалуы, қалыптасуы, көкірек көзі ашық, сергек, оқыған, білімді адамдар қатары едәуір көбейіп, ұлттық интеллигенцияның қоғам жүгін көтерісуге жарап қалғандығын аңғартады. Осы лекке мұғалім Міржақып та қосылады. Ол 1904 жылы маусым айының бас кезінде сол кездегі қазақ зиялыларының орталығы Омбыға келіп, тай-таласқа толы тынымсыз тірлікке араласып кетеді.

Міржақыптың 1905–1910 жылдардағы саяси оқиғалардан тыс қалмауы

М.Дулатов өмір сүрген кезең мен орта әлеуметтік-саяси жағынан қазақ халқының тығырыққа тірелген тұсы еді. Патшалық Ресей басшылығының қарарымен орыс шаруаларының қазақтың шұрайлы жерлеріне қоныстандырылуы; ұлттық сана-сезімі төмен, білімі мен сауаты таяз, өз ішінде жік-жікке бөлінген жергілікті халықтың ынтымақтасып сыртқы озбырлыққа қарсы шықпауы Міржақып Дулатұлы сынды көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарды бейжай қалдыра алмады [3; 70].

1905 жылы ол Қарқаралыда төңкерісшілер шеруіне қатысады. Ахмет Байтұрсынов бастаған қазақ оқығандары патша үкіметіне петиция жазып, қазақ жеріне «переселендер» жібермеу, тағы басқа талаптар қойғанда Міржақып та солардың арасында болатын. Сол кездегі қазақ зиялыларымен және түрлі саяси ұйым, бағыт өкілдерімен жүздесіп, пікірлесу Міржақыпты рухани, саяси тұрғыдан есейте түседі. Көңіліндегі халқының тағдыры, ұлтының жайы туралы тебіреністі ойларын өлеңмен де, публицистикалық мақала түрінде де көпшілікпен бөлісе бастайды [5].

1906 жылы Санкт-Петербургте Міржақып қазақтың алдыңғы қатарлы зиялы кісілерімен кездеседі. Соның бірі болашақ Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Мұстафа Шоқай болатын. Кездесулерде Абай өлеңдері оқылып, Құрманғазы мен Тәттімбет күйлері тартылып, оның аяғы қазақ халқының тағдыры, отаршылдық саясаттың елдегі зардаптары туралы түрлі де ұзақ әңгімелерге ұласатын. Бірде осы ортада «Серке» деген атпен Санкт-Петербургте қазақ баспасөз орталығын ашу жөнінде шешім қабылданады. Оның алғашқы саны татардың апталық «Ульфат» газетінің қосымшасы ретінде 1907 жылғы наурыздың 28-і күні жарық көреді. Өзінің атының да айтып

тұрғанындай, газет езілген қазақ халқының сана-сезімін оятып, оған дұрыс жол көрсетуді мақсат етеді [4; 4].

Газеттің бірінші санында Жақаң ішінде лықсыған ой-толғақты «Жастарға» атты өлеңімен [6; 37] өрбітеді:

*Найзаменен тұртсе де,
Жатырсың, Қазақ, оянбай.
Мұнша қалың ұйқыны
Бердің бізге, ой, алла-ай!*

*Етемін үміт жастардан,
Жаңа гүл шапқан бақшадай.
Мұрасын оңай кім табар,
Жар салып жұртқа қақсамай?*

*Халыққа, жастар, басы бол!
Қараңғыда жетектеп.
Терең судан өтер ме,
Мың қойды серке бастамай, —*

деп жастарды халық алдында үлкен іс тындырып, келелі міндеттер атқаруға, рухани асыл арманға, мәдениет асқарына шақырады, зор сенім артады.

Газеттің екінші санында жарияланған «Біздің мақсатымыз» [6; 211,212] атты мақаласында не бәрі 22 жастағы өжет те алғыр М.Дулатов патша үкіметінің ұлт аймақтардағы саясатын сынап, әділетсіздік, озбырлық, зұлымдықтарын әшкерелейді. «Енді шенеуніктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға, біздің моллаларға ғана тиісті неке мәселесіне де араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды...» [6; 211], — деп қынжылыс білдіреді.

Мұндай үннен зәресі ұшқан патша жандармдары «Серкені» жедел тексеріске алып, келесі сандарының шығуына тыйым салды. Ал М.Дулатұлы саяси сенімсіз адамдардың қатарына ілікті.

1905–1910 жылдардағы саяси оқиғалар, қазақ зиялыларының ұлт, дін, жер бостандығы жолындағы үндеулері мен армандарының жиынтығы іспетті болған Міржақып Дулатұлының «Оян, Қазақ!» 1909 жылы жарыққа шығады. Бұл ашынған көңілдің жанайқайы еді. «Оян, Қазақ!» ел қамын ойлаған асыл азамат қазақ елін шырты ұйқыдан оянуға, өнер, білімге шақырады. «Насихат ғұмумия» атты өлеңінде [6; 58–75] ол отандастарын жаңа өмірге бағыттайды, басқа халықтардағы жақсылық жағын үйренуге үндейді:

*Шығады асыл — тастан, өнер — жастан,
Тәрбие тәуір болса әуел бастан.
Мысалы, ғылым таппақ сол секілді
Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан.*

*Жігітке талаптанған мың рахымет,
Пайдасын ғылымының халыққа шапқан.
Жаны ашып нашарларға қызмет етіп,
Салса егер түзу жолға болса адасқан.*

Ақынның ұранды үні патша әкімдерінің үрейін ұшырды. «Оян, Қазақ!» жарыққа шыққан кезінен бастап отаршылдыққа қарсы бағытталған кітап ретінде қабылданды. Оның таралымы жойып жіберілді. Ал авторы қуғынға ұшырады.

Жақаң жан сауғалап 1909 жылғы күзде Қызылжар қаласына келіп паналайды. Бұл қалада бақылауда жүрген Міржақыптың ресми орындарда жұмыс істеуге мүмкіндігі болмайды. Ол әуелі кітапханада, кейін аралық сот кеңсесінде тілмаш-хатшы қызметін атқара жүріп, жеке адамдарға жалданып, мұғалімдік қызмет атқарып, қазақ балаларына орыс тілінен сабақ береді. Одан біраз уақыт Мағжан да орыс тілі мен әдебиетінен дәріс алады.

Міржақып сол кездің өзінде өте білімді адам болған: қазақ, орыс, татар тілдерін жақсы білген. Ол Қызылжар қаласындағы мұсылман зиялыларының көпшілігімен жақын танысады. Оның мол интеллектуалдық қабілетін білгесін қалада мұсылман кітапханасын ашпақшы болып жүрген татар зиялылары Міржақыпты бірге қызмет істеуге, осы жұмысты бір жөнге келтіруге көмектесуге

шақырады. Міржақып бұл ұсынысты қабылдайды. Сөйтіп, осы жұмыспен айналысатын қоғамның басқарма мүшесі болып сайланады [7].

Тағдыр тауқыметін көп тартып, үнемі қудалауда өткен өмір азабы оның халық деп соққан жүрегін әлсіретіп, қайрат-жігерін еш мұқалта алған жоқ. Сын сағатта сырт айналу ер азамат үшін өліммен тең еді. Сондықтан ол шығармашылық жұмысын одан әрі дамыта түсті.

Қызылжарда Жақан бұрын жаза бастаған «Бақытсыз Жамал» романын аяқтады. Бұл роман 1910 жылы Қазан қаласында жарық көрді. Кітап оқырмандар жүрегіне жол тауып, таңқаларлық табысқа жетті. Орыс, неміс және француз тілдеріне аударылды.

Міржақыптың 1911–1918 жылдары баспасөзге айырықша ден қоюы

XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда қазақ тілінде бірнеше газет-журнал басылып шыққаны белгілі. Атап айтқанда, «Қазақ», «Ақ жол», «Қазақ тілі», «Еңбекші қазақ», «Сарыарқа», «Бостандық туы», «Таң», «Қызыл Қазақстан», «Қазақ календары», «Лениншіл жас», «Жаңа әдебиет» және сол сияқты басқа мерзімді басылымдар. Бұл газет-журналдарда қазақ зиялылары қызмет етіп, түрлі мәселелер төңірегінде мақалаларын жариялап, пікірталастар ұйымдастырған. Мәселен, Түркістан Орталық комитетінің үні болған «Ақ жол» газетін С.Қожанов пен М.Дулатов, Н.Төреқұлов ұйымдастырып, бұқаралық газет болуына елеулі үлес қосқан.

1911–1918 жылдары Міржақып Дулатұлы баспасөзге айырықша ден қойып, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті редакциясында қызмет істеді. Бұл жылдары «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің ортақ нысаны — ұлт мүддесі болған. Қазақтың артта қалушылығын жою, бодандық қапасынан шығу мұратын көздеген.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті елдің елдігін сақтаудың, тәуелсіздікке қол артуының аса маңызды шарты ретінде алға тартқан, зәру проблема етіп қойған бірқатар мәселелер әлі күнге көкейтестілігін жоймағанын айта кету керек. Солардың бірі — тіл мәселесі. «Қазақ» газеті сонау XX ғасырдың басында-ақ қазақ тілі азып жоғалуға ықтимал деп дабыл ұрды. «Тіл, әдебиет — бір ұлттың жаны мен рухы», — деп жазды «Айқап». Екі басылымның әдебиет тілін ұстартуға бағытталған орасан еңбегінің түп қазығы ұлт алдында тұрған міндеттерді пысықтау, оны дүние жүзі мінберінен сөйлеу үшін жетілдіру мақсатын көздеу болды. Жарияланған мақалаларда, зерттеулерде ұлт болып қалғымыз келсе, басқалармен қатар тіршілік құрғымыз келсе, тілімізді көздің қарашығындай сақтау керек екендігі дәлелденді. Тіліміз ол кездерде тәуелсіздікке жету құралы болса, қазір — тәуелсіздігімізді баянды ету құралы. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің тіл хақындағы үдерісін (позициясын) осылай түсіну керек [8].

1915 жылдың 28 тамызында қымбатшылық салдарынан, оның үстіне басылымға жазушылар азайып, жәрдем берушілер болмағандықтан, «Айқап» журналы жабылды. Сондықтан «Қазақ» газетінің редакторлары Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов басылымның халықпен байланысын үзбеуіне бар күштерін салды.

Бүгінде «Қазақ» газетінің редакторы қызметін атқарудағы Ахаң мен Жақанның ерліктерін, газетті үзбей шығару жолында бес жыл бойы көрген қуғын-сүргіндерін, патша цензурасының оларға жасаған шексіз қиянатын, зұлымдығын мұрағат материалдарынан оқуға болады. Мысалы, солардың бірінде патша үкіметінің отаршыл саясатының тым өрескел көріністерін аша түсетін, Баспасөз ісінің бас басқармасы граф Татищевтің Орал губернаторына, Орынбор губернаторына жазған құпия бұйрығы сақталған. Онда «Қазақ» газетінде басылған әрбір мақала-хабарды барынша мұқият бақылап, тексеріп отыруды, баспасөз заңын бұзса, редакторларын аямай жауапқа тартуды, сотқа беруді бұйырған.

«Қазақ» газеті 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. 1913 жылы № 1–44 (ақпан–желтоқсан); 1914 жылы № 45–92 (қаңтар–желтоқсан); 1915 жылы № 93–163 (қаңтар–желтоқсан); 1916 жылы № 164–211 (қаңтар–желтоқсан); 1917 жылы № 212–257 (қаңтар–желтоқсан); 1918 жылы № 258–265 (қаңтар–қыркүйек). Таралымы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000-ға жеткен. Бірінші редакторы Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы Міржақып Дулатов, бастырушы «Азамат» серіктігі, Хұсайынов-Каримов баспаханасында басылып тұрған. Газеттің шығуы, редакторлары жайында Петербордағы Мемлекеттік орталық мұрағатта сақталған Орынбор губернаторының 1913 жылы 5 қаңтардағы Жоғарғы баспасөз басқармасына берілген бұйрығында, Торғай уезі, Қызылшенгел болысы, 8-ауылдың қазағы Мұстафа Ахметұлы Оразаевқа және Торғай уезі, Түсіп болысы, 5-ауылдың қазағы Ахмет Байтұрсыновқа Орынбор қаласында қазақ тілінде аптасына бір рет шығатын «Қазақ» газетін төмендегі

бағдарламамен шығарып тұруға рұқсат берілгендігі жазылған: Үкімет тарапынан бұйрық-жарлықтар, Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік кеңес жұмысы, ішкі және сыртқы хабарлар, қазақтың тарихы мен тұрмыс жайы, этика, тарих, этнография және мәдениет мәселелері, экономика, сауда, кәсіп, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, халық ағарту, мектеп, медресе, тіл және әдебиет мәселелері, тазалық, денсаулық және мал-дәрігерлік жайы, фельетондар, корреспонденциялар мен жеделхаттар, жергілікті хроника, суреттер, пошталар (хаттар) және құлақтандырулар.

Газетте XX ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, қазақ шаруашылығының жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған мақалалар жарияланды.

М.Дулатовтың ақын, жазушы, журналист ретінде қалыптасуына оның «Қазақ» газетінің редакциясында А.Байтұрсыновпен бірге еңбек еткен кезеңі ерекше із қалдырды. Осы уақытта Жақанның үні қалың ұйқыдағы қазағын құлағының түбінен «маса» болып, маза бермей ызындап оятуды мұрат тұтқан, өзінен он екі жас үлкен рухани ағасы Ахмет Байтұрсынұлының үнімен қатар естіліп, қазақ даласын қатар шарлады. Сол егіз үн тарих мінбесінен қатар көрінген екі алыптың қашан соңғы демдері таусылғанша, тағдыр талқысымен екеуі екі жақта жүрсе де, қуғынға түсіп, қамауға алынса да үзілмей, қатар естіліп тұрды. Ол екеуі екі атадан туса да, бір туған бауыр еді, екі баспен ойласа да, қорытар ойы бір еді, екі ауызбен сөйлесе де, шығар сөзі бір еді. Өйткені оларды туыстырған — халқының мүддесі, ойландырған — халқының қамы, сөйлеткен халқының мұң-зары болатын. Сондықтан да халқы оларды жанашыр жақыным деп білді, олардың жұбын жазбай, «Ахаң-Жақан» деп бірге атады. Пенделік бар қызықтан бастартып, халқының бақыты үшін күрескен есіл ерлерді өз халқының жауы атандырып, кешегі күні Қызылдың қызылкөз жендеттері екеуін еріксіз айырып, екі жерде атып өлтіріп, атын өшіреміз дегенде де халқы олардың асыл есімдерін есінен шығарған жоқ. Аялап жүрегінде сақтады, ардақ тұтты [1; 276, 277].

Ерте оянып, ерте есейген өр мінезді, Міржақып қашанда күрес шебінің алдында болды. Осы жылдары ол газет бетінде саяси бағыттағы өлеңдерін, сол кездегі Қазақстанның өміріндегі қиын-қыстау жағдайларға байланысты публицистикалық материалдарын бастырды. Жақан газеттің негізгі идеологтарының біріне айналды.

Міржақып Дулатұлы Алаш автономиясының бірден-бір басшысы ретінде

XX ғасырдың басында Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов бастаған ұлт зиялылары ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы тәуелсіз Қазақ мемлекетін құрсақ деген ұлы арман-тілегін жүзеге асырмақ болып, күреске шыққаны баршаға аян.

1917 жылы Алаш көсемдерінің мемлекеттік еркіндікке жетудің неше түрлі жолдарын қарастырғандығын байқауға болады. 1917 жылдың 1 сәуірінде Ә.Бөкейхановтың басшылығымен Орынбор қаласында өткен қазақ халқының тұңғыш съезінде облыстық және жалпы қазақ съездерін өткізу, барша мұсылман съездеріне өкілдер жіберу, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау, дін мен оқу, жер, сот, земство, баспасөз, пошта, ақша мәселелері тәрізді болашақ тәуелсіз мемлекет өміріне аса қажетті он үш мәселе бойынша шешімдер қабылданды. Осының өзінен-ақ Алаш қайраткерлерінің ұлттық мемлекеттік басқару жүйесін құрмақ болған батыл ұмтылысын аңғарамыз. Мысалы, 1917 жылдың 27 сәуірі мен 7 мамыры аралығында өткен Семей облыстық съезінде алғаш Ресей демократиялық федеративтік парламенттік республикасы құрамында Қазақ автономиясын құру мәселесі талқыланып, жария болды [9].

1917 жылдың 21–26 шілдесі аралығында Орынборда өткен Бірінші жалпықазақ съезінде болашақ мемлекеттік басқару формасы жөнінде екіұдай пікірталас болса да, Ә.Бөкейхановтың қолдауымен Қазақ автономиясы туралы шешім қабылданып және сол жолы тұңғыш қазақ саяси партиясы — «Алаш» партиясы құрылды. Басшы органдар сайланып, оған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдос Омаров, Мұстафа Шоқиев, Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Халел Ғаббасов, тағы басқалар кірді.

1917 жылдың екінші жартысында Уақытша үкіметтің қолынан саяси билік біртіндеп ұзай берді. Пәрменді биліктің болмауы ел ішінде түрлі террористік актілерге жол ашып берді. Бұл жағдай әсіресе қолында қаруы жоқ қазақ сияқты жұртқа ауыр тиді. Барлық жерде зорлық-зомбылық етек алды. Міне, осындай жағдайда Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы бастаған бір топ қайраткерлердің ұсынысы және ұйымдастыруы бойынша 1917 жылдың 5–13-желтоқсан күндері Орынбор қаласында қазақ мемлекеті туралы мәселе қараған жалпықазақ съезі болып өтті. Съездің күн тәртібінде тұрған

ең негізгі мәселе — ұлттық автономия туралы баяндама жасаған Ә.Бөкейхан болды. Съезд бұл мәселе бойынша қарар қабылдап, онда Алаш облыстарын бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша «ұлт Кеңесін құрып, оның аты «Алашорда» болсын» деді. Он бес адамнан тұрған бұл өкіметтің төрағасы болып көпшілік дауыспен Ә.Бөкейхан сайланды. Бұл, әрине, Әлихан Нұрмұхамедұлының өзін бақытты сезінген сәттерінің бірі еді [10; 161].

Съезде Алаш автономиясы мен тәуелсіздік жөнінде декларация қабылданды. М.Дулатов осы құрылтайда Алаш автономиясының басшысы Ә.Бөкейханның көмекшісі болып бекіп, партияның белсенді қайраткеріне айналды.

Империя көлемінде қалыптасқан жағдай Алашорда өкіметіне келесі 1918 жылдың күзіне дейін іске кірісуге ырық бермеді. Сонымен қатар 1918 жылы 5 қаңтарда Бүкілресейлік құрылтай жиналысының күшпен таратылуы Алаш автономиясын құру мүмкіншілігіне зардабын тигізді. Алашорда басшылары мен большевиктер арасындағы қайшылық тереңдей түсті. Егер Алаш партиясына біріккен ұлттық зиялылар большевиктерге қазақ қоғамына мүлдем жат әлеуметтік тәжірибені күштеп танушы, қазақ жұртына іріткі салушы күш ретінде қараса, большевиктер Алаш қозғалысына ұлттық буржуазия мен феодалдық топтардың таптық мүддесін қорғайтын контрреволюциялық күш есебінде қарады [11].

Азамат соғысы басталып кеткеннен кейінгі кезеңде Ә.Бөкейхан бастаған Алашорда өкіметі баррикаданың екінші жағында, яғни кеңес билігіне қарсы күресіп, ақ казактар мен патша генералдарының соңынан ерді. Қазақ қоғамынан шыққан коммунистерді өлім жазасына кесу туралы жарлықтарға қол қою оның осы ұстанған саяси бағытынан туындағаны өзінен-өзі түсінікті. Ә.Бөкейхан мен оның серіктері большевиктер партиясы ұсынған жоспарды қазақ қоғамын үлкен апатқа ұрындыруы мүмкін тәжірибе есебінде бағалап, ал қазақ коммунистерін орталық биліктің қол шоқпары ретінде айыптады [10; 161].

Сөйтіп, қазақ елінің ғасырлар бойы мыңдаған асыл азаматтары басын тіккен биік арманы — ұлттық мемлекетті қалпына келтіру ісі Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметімен бірге тарих қойнауында, тоталитарлық өктемдік пен империялық зомбылықтың шабуылына көміліп қала берді.

Міржақып Дулатұлы болса, Алаш автономиясының бірден-бір басшысы ретінде оның құрылғанынан бастап ақыр аяғына дейінгі қайғы-қасіретін түгел көрді.

Міржақыптың жиыrmасыншы жылдарда жаңа үкіметке қызмет етуі

1919 жылдың 4 сәуірінде Алашорда қозғалысына қатысқандарға ВЦИК-тің амнистия берген Жарлығы жарияланды.

1920 жылдан бастап М.Дулатов жаңа үкіметке аянбай қызмет істей бастады. Дәл осы уақытта қазақ жерін Қазақ АКСР-нің құрамына біріктіруде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Ермеков бастаған зиялылар үлкен шаруа атқарды. Олар осы жерлердің ежелден қазақтікі екенін дәлелдейтін айғақтарды алға тартып, хат жазып, телефонмен сөйлесіп, В.Лениннің алдына әлденеше рет барғаны баршамызға аян. Сөйтіп, пролетариат көсемін қазақ мүддесіне шешім шығаруға көндірді.

Қазақ АКСР-нің бастапқы аумағының құрамына қосылмай қалған жерлерді қостырып, Ленинге бекіткізді. Ол жерлер: Семей (Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері), Ақмола (Атбасар, Көкшетау, Петропавл уездері мен Омбы уезінің бір бөлігі), Торғай (Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай уездері), Орал (Орал, Ілбішін, Темір және Атырау уездері) облыстары. Сондай-ақ Маңғыстау уезі, Закаспийский облысы Красноводск уезінің 4 және 5 адай болысы. Астрахан губерниясының бір бөлігі (Каспий теңізінің солтүстік шығыс жағалауы), Бөкей Ордасы және теңіз жағалауындағы округтерге жапсарлас жатқан болыстар енді. Егер жоғарыдағы жерлерді Қазақ АКСР-і құрамына Алаш зиялылары қостыра алмаса, бүгінгі күніміз қандай болар еді? [12].

Күрт өзгерістерден кейін ес жиған Жақаң 1920 жылы Ташкентке келіп, сол кездегі Түркістан Республикасының органы — «Ақ жол» газетіне жұмысқа орналасады. Бірақ ол жерде көп тұрақтамай қыр елін басып кері қайтады. 1921 жылы Семейге келіп, облыстық сотта қызмет атқарады. 1922 жылы қамауға алынады. Бір тәуірі, бұл жолы көп отырмай, өзімен бірге ұсталған Әлихан Бөкейханов екеуі Орынборға жөнелтіледі. Онда барғаннан кейін екеуі де қамаудан босатылады.

М.Дулатұлы 1922–1926 жылдары Орынбордағы Қазақтың ағарту институтында оқытушы болады. Ұстаздық қызметке қайта оралғаннан кейінгі осы төрт жылы, одан соң Қазақ мемлекеттік баспасында бөлім бастығы, «Еңбекші қазақ» редактордың стилистика жөніндегі көмекшісі болып істеген кездері Міржақыптың қарбыта қалам сілтеп, өндірте жұмыс істеген аса бір жемісті жылдары. Осының бәрі 1920–1928 жылдардың аралығы еді.

Асыл ердің сталиндік репрессияның тырнағына ілігуі

Кейінгі жылдардағы ресми деректер 1921 жылдан 1954 жылға дейін Қазақстанда 103 мың адам саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мың адам ату жазасына кесіліп, шейіт болғанын көрсетеді. Отандық тарихшылар 1930–1933 жылдар аралығындағы ашаршылықта 2 миллион 200 мың адам қынадай қырылып, 1 миллионнан аса қандастарымыз Қытай, Монғолия, Ирак пен Ауғанстанға босығанын айтады. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Тұрар Рысқұлов, Халел, Жаһанша Досмұхамедовтер, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин тәрізді ұлт көсемдері мен интеллигенция өкілдерінің қаны да сол жылдардың «мойнында».

Міржақып Дулатов Алаш қайраткерлерінің ішінде ең белсенді, ең қажырлы тұлға болды. Сондықтан ол өз заманында да, кейіннен де құрметті, үлгі болған азамат. Және халыққа өлшеусіз еңбек сіңірген. Өмірін соған арнаған.

Өкінішке орай, Алаш партиясы қайраткерлерінің тағдыры қайғылы аяқталды. 1928–1929 жылдары А.Байтұрсынов бастаған алаштықтардың бірінші тобы (40 адам) тұтқындалды. 1930 жылдың 4 сәуірінде ОГПУ-дың сот коллегиясы олардың онын (А.Байтұрсыновты, М.Дулатовты, Ж.Аймауытовты, Х.Ғаббасовты, М.Есболовты, Ә.Байділдинді және тағы басқаларын) алдымен ату жазасына тартты, кейіннен ол 10 жылға жер аударумен ауыстырылды. Алаш қайраткерлерінің құрамында М.Жұмабаев, А.Омаров, А.Ұзақбаев және тағы басқалар болған екінші бір тобына бірден 10 жылға жер аудару жазалау кесімі қабылданды.

1932 жылдың 20 сәуірінде ОГПУ «үштігінің» шешімімен Алаш партиясының тағы 20 белсенді қайраткері айыпталды. Олардың ішінде М.Тынышбаев, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер, Ж.Күдерин, ағайынды Ақбаевтар және тағы басқалар болды. Олар Воронеж облысына 5 жылға жер аударылды.

Сонымен, 1928-ші жылдың аяғында Міржақып Дулатұлына «халық жауы» деген қара таңба басылды. Бірақ

*Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғаниша жарты жаңқам мен сенікі —
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш! —*

деп жырлаған Жақан («Шағым» атты өлеңі [6, 91]) қалайша халқының жауы болмақ еді?

Жер аударылғандардың көпшілігі (олардың ішінде Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Әбдірахман Байділдин және тағы басқалар) отандарына қайтып оралмады.

М.Дулатов 1935 жылы елуге толуына бір ай қалғанда тұтқында жүріп, Балтық каналының бойындағы «Соловецк» (кейбір деректерде «Сосновец» деп көрсетілген) деген жерде, лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болды. Сөйтіп, есіл ер жалған жаланың жазалы мерзімін өтей алмай, азап-бейнетпен дүниеден өтті.

Ел бейнетіне өгіз болып жегіліп, ертеңі үшін жанын қиған Жақан:

*Өз қамыңды ойлан өзің ел болсаң,
Ел боламын, тең боламын дер болсаң.
Көктен теңдік келмес өзің кем болсаң,
Мең-зең болмай, талпын, оян, Алашым! —*

деп («Жаңа тілек» өлеңі [6; 108] дүниеден арманда кетті.

Міржақыптың елге, жерге берілгендігін мынадан білуге болады: шетелде жүрген Мұстафа Шоқай қуғындау басталғанда Міржақыпқа хат жазады. Онда: «Біразға ғана кел, кеңесіп, шетел асайық» делінген. Оған Міржақып: «Елді тастап, қайда барам?» дейді де ешқайда бармай, биліктің тұтқынына түседі [13].

М.Дулатұлының қылмысты ісін жан-жақты тексере келіп, республика Жоғарғы Сотының коллегиясы 1988 жылы қылмыс құрамы болмағандықтан, марқұмды біржола ақтады. Ал 1988 жылдың 28 желтоқсанында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы аса көрнекті қазақ қаламгерлері Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың және Жүсіпбек Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметтері жөніндегі тарихи шындықты қалпына келтіру қажет деген ұйғарымға келді. Көп ұзамай Міржақып Дулатовтың өмірі мен шығармашылығы жөнінде де осындай шешім қабылданды. Кеш болса да, әділеттік, шындық орнығып, туған халқы асыл перзентімен тебірене қауышып, көзайым болды.

Түйін

Сөз соңында айтарымыз, бүгінде «ақ таңдақ» атты «бұлдырлау» ұғыммен ұзақ жылдар бойғы озбырлық бұғауынан босанып шығып, арамызға қайта оралған ұлы шоғыр ардагерлеріміздің ішіндегі бірегей туған бір кесек тұлға — Міржақып Дулатов екені анық болды. Ол қиын да ауыр шығармашылық жолдан өтсе де, артына бай мұра қалдырды. Қандай мәселені көтерсін, ең алдымен ұлттық мүддені, халықтың мұратын алға қойды. Алғашқы қазақ журналистикасының негізін қалаушылардың бірі болды. Жақан халықтың саяси ой-өрісін, санасын оятқан қазақ зиялы қауымы өкілдерінің бірегейі еді.

Патша (Ресей) үкіметінің отарлау саясатының қасіретін көре-көре еңсесі езіліп, малы таланып, жаны қиналып, белі сынуға таянған қазақ халқының Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтай дара тұлғаларды толғатпауы, олардың тумауы, тарих аренасына шықпауы мүмкін де емес еді. Егілген елдің көз жасынан жаратылған жандар еді олар!

Өкінішке орай, елдің, жердің, халықтың, қазақ тілінің жай-күйіне алаңдаған Алаш қайраткері Міржақыптың артында қалған мол мұрасын біз әлі де толық таныған жоқпыз. Сондықтан да Жақанның шығармалары өскелең ұрпақ үшін мол қазына екенін еске ала отырып, алдағы жылдары мынандай шараларға ерекше көңіл бөлген жөн деп санаймыз:

- Алаш арысының бүгінге жеткен шығармаларын, оқулықтарын мектеп бағдарламасына кіргізу керек;
- Жақанның артында қалған мұраларын жинақтау керек (оның көптомдығын қайта әзірлеуді қолға алатын уақыт жетті), ол туралы ғылыми монографиялар жазылуы тиіс (өйткені Алаш қайраткері Міржақыптың өмірі, шығармашылығы туралы жүйелі жұмыстар әлі жазылған жоқ);
- Дулатовтың шығармаларына толықтай текстология жүргізілуі керек;
- «Міржақыптану» ғылыми-зерттеу орталығын ашу керек;
- тәуелсіздік идеясын ту еткен Міржақыптың мүсінін тәуелсіздіктің алтын бесігіне айналып отырған Астанада орнатқан жөн болар еді.

Міржақып мұрасын, Алаш тарихын, Алашордашылар ұлағатын түгелдей тану үшін болашақта осы мақсаттарды орындау бәрімізге парыз. Тек сонда ғана Алаш арысы алдындағы парыз бен қарызымыз сәл де болса өтеледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары. — Астана: «KUL TEGIN» баспасы, 2001. — 357 б.
2. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. (Қазан төңкерісіне дейінгі дәуір). — Алматы: Ғылым, 1994. — 219-б.
3. Ибрагим Д. Міржақып өлеңдеріндегі ислами сарын // Ақиқат. — 2009. — № 2. — 70, 71-б.
4. Бәкір Ә. «Оян, Қазақ!» // Қазақ. — 2009. — 25 желт. — № 52 (461).
5. Умарова Г.С., Шарабасов С.Ф. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Астана: Фолиант, 2007. — 158-б.
6. Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. — Алматы: Жазушы, 1991. — 384 б.
7. Мұқанов Қ. Міржақып Дулатов Қызылжарда // Жаңа Сарыарқа. — 2009. — № 1. — 9-б.
8. Елеукенов Ш. XX ғасырдың басында тәуелсіздік идеясын көтерудегі қазақ баспасөзінің қызметі // Жұлдыз. — 2009. — № 9. — 176, 177-б.
9. Сыдықов Е. Шәкәрім және Алашорда: Ғыл. жин. — Алматы: Раритет, 2008. — 60-б.
10. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII–XX ғғ.): Зерттеулер. — Алматы: Жалын, 2004. — 400 б.
11. Маданов Х. Қазақ халқының арғы-бергі тарихы. — Алматы: ҚМЭБИ баспасы, 1995. — 136-б.
12. Нүсіпов Р. Алаш зиялыларының беймәлім сапары // Қазақ тарихы. — 2009. — № 2. — 36-б.
13. Алжанбай М. «Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш...» // Қазақ әдебиеті. — 2010. — 27 тамыз. — № 33 (3197). — 6-б.

Қазіргі қазақ психологиялық драмасы

З.Шашкиннің «Ақын жүрегі» пьесасы бойынша

Кішкенбаева Ж.Қ.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Автор, опираясь на мировой литературоведческий опыт, выявляет основные закономерности казахской психологической драмы, а также историю традиций в этом жанре. В статье рассматриваются вопросы возникновения, развития казахской психологической драмы и проблемы характера и конфликта в психологической драме на материале пьесы З.Шашкина «Сердце поэта».

The author of article, leaning on world study of literature experience, reveals the basic laws of the Kazakh psychological drama, and also history of traditions in this genre. In article questions of origination, development of the Kazakh psychological drama, and a problem of character and the conflict in a psychological drama on a material of the play of Z.Shashkin «Heart of the Poet» are considered.

«Драматургия — қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың басында әлеуметтік-қоғамдық факторлардың ықпалымен, ұлттық өнердің тарихи дамуының заңды жемісі ретінде туған жаңа жанрлық түр» [1]. Драматургияның тез өсіп, жедел жетілуіне әсер еткен негізгі дәстүрдің бірі — халықтың сан ғасырлар бойы жинақталған, сұрыпталған, екшелген ғаламат бай фольклоры.

Ал драмалық шығармаларда кейіпкер өзінің айтатын сөздері арқылы, сонымен бірге сахнадағы қимыл-әрекеті, жүріс-тұрысы, сонда байқалатын жай-күйі арқылы бейнеленеді. Кейіпкердің жеке қалып айтатын сөзі, бір-бірімен өзара сөйлесуі — бұлар олардың характерін, басқа адамдарға, өмірдегі түрлі жағдайларға қатынасын, қоғамдық мәселелерге көзқарасын сипаттаудың басты тәсілі. Автордың уақиғаға барысын, кейіпкерлердің іс-әрекетін, мінез-құлқын, жай-күйін тікелей өз атынан суреттеп, баяндап беруі жоқтың қасы. Біз болып жатқан, өткен оқиғаларды кейіпкерлердің айтуынан біліп, сол кейіпкердің көзімен көріп, кейіпкердің хал-жайын, сағыныш, қуаныш-қайғыға берілуінен, ойлау-сезінуінен байқаймыз.

Әлеуметтік өмір қоғамнан тыс өмір сүрмейді. Қоғамдық факторлар: аласапыран оқиғалар, таптық шайқастар, түрлі қоғамдық-әлеуметтік көзқарастар.

Жалпы драматургия — ұлттық өнердің тарихи дамуының заңды жалғасы дегеніміз — өнердің түп негізі, қайнар тұмасы, бастауы — халықтың өзінде жатады. Түрлі тамаша аңыздар, эпостық шығармалар мен сюжеттер, характерлер қазақ драматургтерінің алғашқы буыны үшін байтақ қазына, кеніш ырыздық болатын.

Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Жұмат Шанин, Ғабит Мүсірепов сынды қаламгерлер қалың елдің ықылым замандардан бауырына басқан дүниелеріне құр ие бола салмай, оларды биік зерделі дүниетаным, реалистік шеберлік, зор таланттың күшімен жаңғыртып, өрнегіне-өрнек, бояуына-бояу қосып, жандандыра түскен.

Ұлттық әдебиетіміздегі уақыт сынына төтеп берген, әсерлілік қуатын жоймаған, ең үздік пьесалар — эпостық материалдар негізінде туған шығармалар. Бұл құбылыс өнердегі халықтық сарындар, ежелгі дәстүрлер өміршең екендігін, жаңа түр, жаңа қалып бір күнде, бір сәтте аяқ астынан туа салмайтынын тағы айғақтай түссе керек.

